

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

ӘОЖ 2-674 (574)

Қолжазба құқығында

Тутинова Нургуль Ерманатовна

**Әлеуметтік-мәдени
конфликтілердегі діни фактор (Қазақстан мысалында)**

6D020600-Дінтану

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін
дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
Философия ғылымдарының
кандидаты, доцент
Мейірбаев Б.Б.
Шетелдік ғылыми кеңесші:
Профессор Карл Стеркенс
(Нидерланды)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2020

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

2

1. ӘЛЕУМЕТТІК - МӘДЕНИ КОНФЛИКТІЛЕР ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

- 1.1. Конфликт ұғымы мен типологиясы және діни конфликт ерекшелігі..... 10
- 1.2. Әлеуметтік-мәдени конфликтілерді зерттеудің классификациясы және негізгі нысандары.....33

2. ЖАҒАНДЫҚ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ҮДЕРІСТЕРДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ КОНФЛИКТІЛЕРДІҢ ОРНЫ

- 2.1. Әлеуметтік-мәдени конфликтілерді тудыратын факторлар зерттеу объектісі ретінде.....47
- 2.2. Қазақстан Республикасында орын алған әлеуметтік-мәдени конфликтілер динамикасы.....68

3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК - МӘДЕНИ КОНФЛИКТІЛЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ДІН ФАКТОРЫ

- 3.1 Қазақстан Республикасында дін факторының ықпалымен туындаған әлеуметтік-мәдени конфликтілер.....79
- 3.2 Қазақстан жағдайында діни негізде әлеуметтік-мәдени конфликтілердің алдын алу жолдары.....106
- 3.3 Этникалық және діни сәйкестіктіктегі толеранттылық факторларын мәдени-әлеуметтік зерттеу тәжірибесі

ҚОРЫТЫНДЫ.....147

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....151

Кіріспе

Диссертациялық жұмыстың жалпы сипаттамасы.

Диссертациялық жұмыста конфликт және оның классификациясы, соның ішінде діни конфликт, әлеуметтік-мәдени конфликт ұғымдарының мәні сөз болады. Қазақстан Республикасында орын алған әлеуметтік-мәдени конфликтілер мен оның астарындағы діни факторлар талданады. Бұған ықпал етіп отырған жағдайлар анықталып, алдын алу бағытындағы мемлекеттік деңгейде жүргізіліп жатқан шаралар қарастырылады. Діни фактор негізінде туындаған конфликттердің қоғам үшін қауіптілігі сарапқа салынады.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі.

Тақырыптың өзектілігін мына нақты жағдайлармен негіздеуге болады:

А) Мызғымас көрінген КСРО ыдырап, құрамындағы елдер өз саяси еркіндігіне қауышқанымен алдағы болашақ өмірдің қалай болары көңілді күпті ететін дүдәмал жағдайда тұрды. Бұрынғы одақтас елдердің бір-біріне тәуелді экономикалық жүйесі құлаған соң, әр ел экономикалық тоқырауды бастан кешті. Жаңа формацияға өткен халық дағдарып, күнкөріс қамын көбірек күйтеуге мәжбүр болды. Осындай қиын-қыстау кезеңде қоғамның әлеуметтік өмірі құлдырап, түрлі өзгерістер орын алды. Дағдарыс кезеңі жаңа проблемаларға жол ашты: тұрғындардың өмір сүру деңгейінің төмендеуі, жұмыссыздық, еңбекақының аздығы, тауар және азық-түлік тапшылығы, моралдық азғындыққа салыну, бандитизм мен рэкеттік т.б. Қазіргідей ел етек-жеңін жинаған уақытта осы өзгерістерге кешенді талдау жүргізу қажеттілігі сезіліп отыр.

Ә) Тәуелсіздік алғаннан бергі жылдары елдің мәдени өмірінде де көптеген өзгерістер орын алды. Бодандық жылдары тілі мен салт-дәстүрінен айырыла жаздаған қазақ халқы әлі ес жиып үлгерместен, сырттан келген түрлі субмәдениеттердің кең тарап жатқанына куә болды. Әсіресе, жастар мен жасөспірімдер арасында төл мәдениетін дәріптегеннен гөрі субмәдениеттерге тез ілесу факторлары анық аңғарылды. Қазақстанда байқалған субмәдениет көріністері: музыкалық субмәдениет (поп, рок, рэп), гедонистік субмәдениет (байкерлер, рейверлер және т.б.), спорттық субмәдениет (паркуршілер, сноу-бордшылар, скейтбордшылар), діни топтар (секталар) және жаңа технологияның дамуына байланысты (хакерлер, геймерлер) субмәдениет бірлестіктері ерекше дами түсті. Олардың арасынан готика, эмо, скинхэд, анимэ табынушылары да кездесіп жатты. Мемлекет рухани жаңғыруы бағдарламасы арқылы өзінің төл мәдениетіне бетбұрысты күшейтіп жатқан тұста елдегі мәдени ортадағы белең алған өзгерістерді зерделеу өзектілігін анық байқатып отыр. Себебі мәдениет саласындағы бұндай еліктеулер халықтық ұлттық санасына кері ықпал етіп, қарсылыққа ұшырауда.

Б) Атеисттік идеологияның ықпалынан босағаннан кейін қоғамның діни сұранысы бірден ұлғайғанымен, мемлекетте дін саясатын жүргізу тәжірибесі әлі жетілмеген еді. Қоғам мен діннің ашық түрде әрекеттесуінің нақты үлгісі қалыптасып үлгермеді. Мемлекеттің дін саласына қатысты саясаты

бейтараптылық сипатта болуы, ал дін саласын реттеуші діни институттардың қалыптасуы мен діни және дінтанушы мамандардың болмауы секілді бірқатар себептерді көрсетуге болады. Республикамызға ағылған христиандық дәстүрлі емес жаңа ағымдар әлеуметтік жағдайы төмен халықты алдау, арбау жолымен қатарларына тартып, ұлттық санаға шабуылдарын күшейтті. Бір отбасында бола тұр бірнеше діни ағымды ұстанатын адамдар пайда бола бастады. Бұл өз кезегінде ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық болмысқа айтарлықтай сызат түсірді. Дәстүрлі емес жаңа діни ағымдар біртіндеп адамды жанұясынан, қоғамнан, өз халқының ру-тайпалық коммуникациясынан, дәстүрлік-мәдени болмысынан алыстатумен айналысты. Ел азаматтарының физикалық және психологиялық саулығына кері әсер етті, жеке мүліктеріне қол салды, құндылықтарынан ажыратып мәңгірткенді. Басқа дінді ұстанушылар Қазақстан Республикасын мекендей тұра азаматтық борыштарын орындаудан бас тарту, еліміздің мемлекеттік рәміздерін мойындамау секілді заңға қайшы әрекеттерге жиі бара бастады. Мемлекеттің идеологиялық қауіпсіздігі тұрғысынан жалған діни құрылымдар прозелитизммен айналысып, қоғамға жат көзқарастар, қызығушылықтар мен құндылықтарды танды. Қазақстандықтардың әлеуметтік-мәдени бірегейлігін ыдыратып, қазақстандық патриотизмді, отанға деген шын ықыласы мен отансүйгіштігін бұзды. Осындай ағымдар қоғамға «біз», «олар», «өзіміз», «дұшпандар» сынды жіктелуге әкелді.

В) Ислам бағытында келген кейбір жаңа діни ағымдар да жергілікті елдің дәстүр-салтымен, ұлттық болмысымен аса санаспады. Бұрынғы кеңестік аймақтарға исламның арабтық версиясы (Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан), қағидалары, шарифат үкімдері ене түсті. Шығыс ислам рухани ұстаздары мен уағыздаушылары, шет елдерде білім алған жас имамдар, молдалар, бабалар дәстүрлеріне қырын қарап, нағыз, шынайы дін үлгісін сырттан іздеді. Исламның арабтық моделін ғана неофиттер, жаңа бағытты уағыздаушылар діни ақиқат деп таныды. Нәтижесінде орта білім беретін мекемелердің зайырлы пәндеріне қарсылық, мектепке қыз балаларын орамалмен жіберу, мемлекеттің зайырлы билігін күстәналау, билікке қарумен қарсы шығу, ұлттық өнерден бас тарту, отбасы-неке қатынастарында көп әйел алушылық, кәмелетке толмаған қыздарды некеге күштеу, талақ берушілік, халықты «біз» және «олар» деп жікке бөлушілік, діни төзімсіздік, әдет-ғұрыпқа қарсы шығу секілді бірқатар конфликттер орын алды.

Діни фактордың негізінде туындаған конфликттерді зерттеу қажеттілігі осы феноменнің күрделілігімен және көп қырлылығымен, ішкі конфессиялық және конфессияаралық қатынастарға, әлеуметтік, мәдени ортаға әсер ететін сыртқы және ішкі факторлардың көптігімен түсіндіріледі. Ал діни негізде пайда болған конфликт процестері өсіп, күшейе отырып, әлеуметтік қатынастардың, бірінші кезекте саяси, экономикалық, ұлтаралық сипатқа сөзсіз әсер етеді. Жоғарыда аталған нақтылы уәждер Қазақстандағы әлеуметтік-мәдени ортадағы конфликттердегі діни факторды арнайы зерттеуге негіз болады әрі өзектілігін айқындайды.

Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі.

Адамзат өркениетінің тарихы түрлі конфликтілерге толы. Кейбір конфликтілер жекелеген адамдар арасында туындаса, енді бір қақтығыстар тұтас континеттерді қамтиды. Адамдар ерте кезден бастап туындаған қарама-қайшылықтарды танып білуге, оларды шешуге тырысты. Сондықтан антика заманы ойшылдарынан бастап, барлық дәуір ғалымдарының осы тақырыптағы пікірлерін конфликтологияның бастауы деуге болады.

Арнайы жүйеленген ілім түрі ретінде конфликтология ХХ ғасырдың ортасында қалыптаса бастады. Әлеуметтік-мәдени конфликтілердегі діни факторларды кешенді зерттеу философиялық, тарихи, дінтану, социологиялық, этнологиялық және мәдениеттанулық көзқараспен зерделенетін феноменді қарастыруды көздейтін пәнаралық көзқарас тұрғысынан анағұрлым нәтижелі. Әдебиетті талдау барысында көрсетілген пәндер шеңберінде отандық және шетелдік авторлардың материалдары айтарлықтай ауқымды екенін көруге болады.

Шетелдік және ресейлік тұрғыда діни конфликт тақырыбы зерттеулерінің келесі бағыттарын атап өтуге болады: қоғамды біріктіруші және дезинтеграциялаушы дін атқарымдарын теориялық ұғыну М. Вебер, Г. Зиммель, К. Маркс, В. И. Гараджа, И. Н. Яблоков және т. б.; әлеуметтік-саяси конфликттердің діни ынталандыруын және әлеуметтік наразылықтың қозғалыстарын зерттеу тұрғысында В.И. Добреньковты ерекше атауға болады.

Қазақстан мен Ресейде дін әлеуметтануы және дінтану шеңберінде аталған бағыттардың көпшілігі қалыптасу сатысында тұрғанын атап өткен жөн. Діни саладағы конфликттерді зерттеудің терең теориялық-әдіснамалық базасы жоқ, сондай-ақ осы феноменнің эмпирикалық зерттеулерінің жеткіліксіздігі байқалады. Діни конфликттерді мақсатты талдауға арналған дінтану жұмыстары іс жүзінде жоқ. Осы мәселе бойынша аздаған зерттеулер негізінен уақыт пен кеңістікте жергілікті діни конфликттерді зерттейді, бұл осы саладағы теориялық әзірлемелердің жетіспеушілік сезімін күшейтеді.

Қазақстанда ғылыми зерттеушілерімен қоса, мемлекеттік, қоғамдық, жекеменшік, ғылыми-зерттеу орталықтары да елдегі ұлттаралық келісім, ел бірлігі, ұлттық саясат, дін мәселелерін жан-жақты зерттеп келеді. Соңғы жылдары Философия, саясаттану және дінтану институты жарыққа шығарған еңбектерді айта кетуге болады. Қазақстанның жалпыұлттық идеясы, ұлттық бірегейлік және мемлекеттік құрылыс мәселесі Ә. Нысанбаев, этносаралық және дінаралық келісімнің Қазақстандық моделі тақырыбы А. Косиченко, діни конверсия, Қазақстандағы жаңа діншілдік тренді: әлеуметтік гуманитарлық өлшемдері негізі Е. Бутова, сонымен Сейдахметова Н.Л. сияқты ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының басты бағыттарының бірі этносаралық қарым-қатынасты саралау. Бұл институтта жалпы этносаралық жағдай, оған түрлі факторлардың ықпалы, этносаралық, дінаралық, толеранттылық мәселелері кең зерттеліп келеді. Осы тұрғыда

саясаттанушылық, әлеуметтанушылық зерттеулердің басында З. Шаукенова, Т. Козырев, Л. Мұзапарова т.б. тұрды. Мәдениет, дінтану саласында Габитов Т.Х., Исмагамбетова З.Н., Байтенова Н.Ж., Борбасова К.М., Құрманалиева А.Н. өз үлестерін қосқан. Сол сияқты этностық бірегейлік, саяси конфликтология, этносаралық қатынастар мәселелері А. Забирова, Г. Насимова, Р. Қадыржанов, Е. Карин, Г.Н. Шойкин, Д. Кенжетай секілді отандық ғалымдар тарапынан жан-жақты зерттелген.

2011 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті Н.А. Назарбаевтың тапсырмасымен ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында «Этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынасты зерттеу» орталығы құрылды. Бұл зерттеу орталығы қоғамдағы маңызды діни, этносаралық, конфессияаралық маңызды мәселелермен айналысуда.

Диссертациялық зерттеудің нысаны: Қоғамда діни фактор негізінде белең алған конфликтілерге діни талдау жүргізу, олардың алдын алу және шешу жолдарын ғылыми негіздеу.

Диссертациялық зерттеудің пәні: Қазақстан қоғамында орын алған әлеуметтік-мәдени конфликтілерге діни фактордың ықпалын саралау, оның себебі мен салдарын бағамдау, негізгі даму тенденцияларын айқындау.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты – Қазақстандағы әлеуметтік-мәдени конфликтілер астарындағы діни факторды ашу, оның табиғаты, типологиясы және реттеу механизмдерін негіздеу болып табылады.

Зерттеу мақсатынан туындайтын жұмыстың негізгі міндеттері:
Мақсатқа жету жолында төмендегідей негізгі міндеттер айқындалды:

1. «Конфликт» түсінігінің ұғымдық категориялық мәнін ашу, типологиясын анықтау, «діни конфликт» ұғымына ғылыми анықтама ұсыну;
2. Әлеуметтік-мәдени конфликтілердің ерекшеліктерін және олардың классификациясының критерийлерін анықтау;
3. Әлеуметтік-мәдени конфликтілерді тудырушы факторларды зерттеу, барысында конфликтілердің типологиясын жасау;
4. Қазақстан Республикасында орын алған әлеуметтік-мәдени конфликтілер динамикасын айқындау;
5. Қазақстан Республикасында дін факторының ықпалымен туындаған әлеуметтік-мәдени конфликтілер табиғатын ашу;
6. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-мәдени конфликтілердегі діни факторлардың алдын алу бағытындағы шараларына талдау жасау.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы:

1. «Конфликт» түсінігінің ұғымдық-категориялық мәні ашылды, «діни конфликт» ұғымына ғылыми анықтама жасалынды, діни конфликтінің концептуалдық негіздері, соның ішінде, конфликтінің құрылымдық түрлері анықталды;
2. «Әлеуметтік конфликт», «мәдени конфликт», «этнос», «құндылық», «өркениет конфликтілері» ұғымдарына қазақ тілінде талдаулар беріліп, ара жігі ажыратылып, әрбіреуіне талдау жасалды;

3. Әлеуметтік-мәдени конфликтілерді тудырушы факторларды зерттеу барысында конфликтілердің типологиясы жасалынып, олардың түрлері талданды;
4. Қазақстан Республикасында орын алған әлеуметтік-мәдени конфликтілер талданды және оған ықпал еткен дін факторы нақты айқындалды;
5. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-мәдени конфликтілердегі діни факторлардың алдын алу және реттеуге қатысты мемлекеттік тәжірибе сарапқа салынды.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және тәжірибелік маңызы:

Бұл зерттеудің негізгі қорытындылары мен ұсыныстарын мемлекеттік билік органдары, қоғамдық ұйымдар мен сарапшылар мемлекет ішіндегі әлеуметтік-мәдени конфликтілердегі діни факторларды сараптау және бағалау, сонымен дәстүрлі емес бағыттағы ағымдарды реттеу, ондағы конфликтілердің алдын алу, әлеуметтік-мәдени негіздегі конфликтілердің алдын алу, аймақтардағы конфликтілерді реттеу, мемлекеттің ұлттық саясатын жүргізу барысында нақты шаралар мен бағдарламаларды жүзеге асыру мақсатында пайдаланыла алады. Сонымен бірге, диссертацияда жаңалықтар мен тұжырымдарды Дінтану және конфликтология мәселелері бойынша өткізілетін арнайы курстарда дәріс оқуға, сараптама жасауға қолдануға болады.

Диссертациялық жұмыстың әдіснамалық және теориялық негізі:

Бұл еңбекте бірін-бірі толықтыратын теориялық және эмпирикалық әдістер қолданылды. Мәселен, теориялық тұрғыдан зерттеу жүйелік, құрылымдық-функционалды, тарихи, салыстырмалы талдау әдістері арқылы жүзеге асырылды. Пәнаралық байланыс тәсілдемесіне орай, осы еңбекте философия, тарих, әлеуметтану, әлеуметтік және мәдени антропология, психология ғылымдарының дереккөздері пайдаланылған. Дінді философиялық әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде түсіндірудің әдіснамалық негізі теориялық түрде дінтану саласында орындалды. Жүйелілік тәсілдемені қолдану конфликтінің кешенділігін анықтауға көмегін тигізді. Тарихилық принципін қолдану арқылы әлеуметтік-мәдени конфликтідегі діни факторды уақыттың ағымымен өзгеріп отыратын, қазіргі шынайы жағдайға, қоғам дамуының кезеңдеріне сай өзгертін құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік туды. Диссертациялық жұмыста анализ, эксперименттік сауалнама әдістері, бақылау, классификациялау, синтез әдістері қолданылды.

Қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми тұжырымдар:

1. Жеке тұлғалардың немесе қоғамдық күштердің, кем дегенде екі тараптың мүдделерінің, көзқарастарының, қарама-қарсы тұруы, қажығысуы, қарсыласуы түрінде өтетін өзара іс-қимылды конфликтке жатқызамыз. Оны өндірістік-экономикалық, идеологиялық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-психологиялық және

отбасылық-тұрмыстық конфликттер ретінде бөліп көрсетуге болады. Діни конфликттердің басым бөлігі жататын түрлер ретінде атап көрсете аламыз: а) Басқа діндегі ірі этностардың немесе діни қауымдардың саяси автономиясын немесе толық бөлінуін талап ету негізінде жатқан автономиялық немесе сепаратистік конфликттер. ә) Ұлттық-ирредентистік конфликттер, көші-қон үдерістері, мемлекеттік шекаралардың өзгеруі және т.б. себептерінен туындаған, бірнеше көршілес мемлекеттердің аумағы арқылы шашылған халықтың бірлескен ұмтылыстары нәтижесінде болған конфликттер. б) Діни-қауымдық конфессиялық конфликттер бір мемлекеттің шекарасында, әртүрлі дінді ұстанатын діни топтар арасында немесе бір дін шеңберінде әр түрлі бағыттар мен секталар арасында орын алады. в) Діни-абсолюттік конфликттер бір дінді абсолюттендіру және одан туындайтын басқа конфессиялық топтарға діни төзбеушілік негізінде пайда болады. 5. Милленаристік конфликттер қандай да бір «мессия» басқаратын және ғажайып құралдарымен толық әлеуметтік өзгерістерді уәде ететін ұжымдық қозғалыстар.

2. Шешуді талап ететін әлеуметтік мәселенің туындауына байланысты нақты әлеуметтік жағдайда қалыптасатын әрі шешілетін жағдайларды әлеуметтік конфликтіге жатқызуға болады. Ол белгілі бір себептері, өзінің әлеуметтік тасымалдаушылары (жіктер, ұлттар, әлеуметтік топтар және т.б.) бар, белгілі бір функцияларға, ұзақтығы мен шиеленісуге ие. Әлеуметтік-мәдени конфликтілердің классификациясына этникалық, діни және өркениет факторларының ықпалын жатқызуға болады.
3. Әлеуметтік-мәдени конфликттерді тудыратын факторлар қатарын этникалық, діни және өркениеттік факторлар ретінде тұжырымдауға болады. Этникалық фактордың әсерінен туындайтын конфликттерге әлеуметтік мүдделер саласына сәйкес этносаяси, этноконфессиялық, этносаралық және т. б. санаттар жатады. Діни фактордың әсерінен туындайтын конфликттер негізінен түрлі діндер арасындағы конфликттер, оларға не дін мен мемлекет арасындағы қайшылықтар, не конфессия ішіндегі қайшылықтарға ие. Өркениет факторының әсерінен пайда болатын конфликттер бүкіл жаһанданған әлемнің әлеуметтік-мәдени кеңістігін қамтиды және батыс пен шығыс, оңтүстік пен солтүстік арасындағы, жаһандану қаупі мен дәстүрлік ұстаным арасындағы, техногендік өркениет пен әлемнің мәдениеті арасындағы қарама-қайшылықтан тұрады.
4. Қазақстанда тәуелсіздіктен бергі жылдары әлеуметтік-мәдени ортада бірқатар конфликтілер орын алды. Әлеуметтік теңсіздік, ұлтаралық қақтығыстар, субмәдениеттер, тіл мәселелерінде ол анық байқалды.
5. Қазақстан Республикасында дін факторының ықпалымен туындаған әлеуметтік-мәдени конфликтілер негізінен мына салаларға ықпал етіп, түрлі конфликтілердің туындауына жол ашты: білім, спорт,

өнер, мәдениет, құқық, денсаулық, мемлекеттік басқару, мүліктік қатынастар, неке-отбасы. Аталған салаларда дін факторымен конфликттердің пайда болуына Иегова куәгерлері, Саентология, Салафиттер, Хизбут Тахрир, Зікіршілер секілді дәстүрлі емес діни ағымдардың ықпалы болғанын нақты айтуға болады.

6. Қазақстан жағдайында діни негізде әлеуметтік-мәдени конфликттердің алдын алу бағытында бірқатар шаралар қолға алынды. Терроризм, экстремизмге қарсы, діни наным сенім бостандығы және діни бірлестіктер, діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңдар қабылданды. Мемлекеттің дін саясатын жүргізудегі тұжырымдамасы іске қосылды. Бұған қоса, әлеуметтік желілерде мониторинг, дінаралық диалог, толеранттылық, ұлттар татулығы әрдайым ішкі саясатта басымдыққа ие болды.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен мақұлданыуы:

Диссертация әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі Философия және саясаттану факультетіне қарасты Дінтану және мәдениеттану кафедрасында талқылаудан өтті. Оның негізгі қағидалары, нәтижелері мен тұжырымдары халықаралық конференцияларда сыннан өтті, және шетелдік, отандық журналдарда жарық көрді.

Диссертациялық зерттеудің мазмұны мен негізгі нәтижелері 18 ғылыми мақалада көрініс тапты, соның ішінде ҚҰ БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған саяси, философиялық және мәдениеттану бойынша диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялауға арналған «ҚазҰУ Хабаршысы» журналында – 2 ғылыми мақала, «Адам әлемі» журналында – 2 ғылыми мақала, ҰҒА-ның «Әл-Фараби» журналында – 1 ғылыми мақала, ҚазҰУ-нің «Дінтану» журналында – 1 мақала жарияланды. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларында – 6 мақала, Республикалық конференциясында – 1 мақала, шетелдік баспа журналында (Англия мен Өзбекстан) – 2 мақала, нәлдік емес импакт факторы бар халықаралық ғылыми жуналдар базасына тіркелген шетелдік журналда жарияланған ғылыми мақала – 3 ғылыми мақала басылып шықты.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы:

Диссертацияның құрылымы зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сай кіріспе бөлімнен, үш негізгі тараудан, алты тараушадан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертациялық жұмысының жалпы көлемі – 157 бет.

1. ӘЛЕУМЕТТІК МӘДЕНИ КОНФЛИКТІЛЕР ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

1.1 Конфликт ұғымы, типологиясы және конфликт негізіндегі діни факторды талдау

«Конфликт» термині көптеген құбылыстарға, тіпті жансыз заттармен күресуге дейін таралуы мүмкін. Бірақ әлеуметтік конфликтте барлық тараптар адамдар, адамдар топтары ретінде ұсынылады. Әлеуметтік конфликт деп әдетте тараптар аумақты басып алуға ұмтылатын немесе оппозициялық жеке тұлғаларға немесе топтарға, олардың меншігіне немесе мәдениетіне қарсы күрес, шабуыл немесе қорғаныс нысанын қабылдататындай етіп қауіп төндіретін қарсы тұру түрі болып табылады.

Конфликт-бұл жеке тұлғалардың немесе қоғамдық күштердің, кем дегенде екі тараптың мүдделерінің, көзқарастарының, қарама-қарсы тұруы, қақтығысуы, қарсыласуы түрінде өтетін өзара іс-қимыл екені елеулі. Оны өрістетуге үдерісінде іс-әрекеттер мен қарсы әрекет орын алады, өйткені конфликтке қатысушылардың ниеттерін жүзеге асыру басқа тараптың ісіне араласумен, оған белгілі бір залал келтірумен, қарсыласуды еңсерумен, қойылған мақсатқа қол жеткізуге кедергі келтіретін тосқауылдар жасаумен сөзсіз ұштасады. Қарама-қайшылықтар туралы ілім және олардың заттардың пайда болуындағы рөлі Ежелгі Грецияда пайда болды.

Конфликттер сонау антикалық заманнан бері Анаксимандр, Гераклит сияқты орта ғасырдағы Фома Аквинский, қайта өрлеу дәуіріндегі Т.Мора, Э. Роттердамский, Ф.Рабле, Ф.Бэкон, жаңа ғасырда И.Кант, Г.Гегель сияқты ойшылдарды қызықтырды. Ең алғашқы рет әлеуметтік конфликтінің табиғи рационалды мағынасын сынауға түсініктеме берген ежелгі грек философтары. Ежелгі грек философы Анаксимандр заттар ылғи да қозғалыстан тұратын «апейрондар, ол қарама-қайшылықтардың шығуына әкелетін материалдық бірліктің бастамасы деп түсіндірді.

Анаксимандр заттар «апейронның» тұрақты қозғалысынан – одан қарама-қайшылықтардың бөлінуіне алып келетін біртұтас материалдық бастаудан пайда болатынын айтады [1]. Өткеннің ойшылдары қоғамдық өмірдегі конфронтацияның шарасыздығын сезіне отырып, сол кезде зорлық-зомбылықтың «әділ» және «әділетсіз» өлшемшарттарын анықтауға тырысты. Атап айтқанда, Цицерон «әділ және адал соғыс» туралы тезис ұсынды, ол елге күшпен кірген жауды елден қуу үшін, елге келтірілген зұлымдықтар үшін кек алуға арналған тезис. Аврелий Августин Цицеронның шарттарына соғысты жүргізушінің «ниеттерінің әділеттілігін» қосты.

Ежелгі грек философы Гераклит әлем, табиғат туралы жалпы жүйелі көзқарастарын конфликтілік ситуация мен соғыс туралы өзінің пікірлерімен байланыстырып түсіндіруге тырысты. Гераклит айтуы бойынша, әлемде бәрі өшпенділікпен және дауласумен туады, тек жалғыз ғана космостағы билік етуші-бұл күрес, барлығының әкесі және барлығының патшасы. Олардың бірін құдай қылса, басқаларын адам етті, бірін құл етсе, енді бірі еркіндікте.

Бұл сөздер қоғамның даму процесіндегі күрестердің позитивтік ролін түсіндірудегі рационалды сынаудың бірі болып табылады.

Орта ғасырда Фома Аквинский қоғамдық өмірде күрестің болуы керек деген ойды дамытты, тағы да бір жағы әділетті соғыстың жағдайларын анықтады, яғни ол конфликтінің бір жағының санкциясы болу керек деді. Э. Роттердамский бастапқы конфликтінің пайда болуындағы өзіндік логикасын ұсынды, яғни тізбектелген реакция іспеттес, өзіндік әсерімен жаңадан қайталап күшін орбитаға жинауы. Э.Роттердамский пікірінше, тіпті екі жағы бірдей идеологиялық позицияны ұстаса да шиеленістік жағдайдағы қарсыластың күрделі қолданысына көңіл бөледі.

Ағылшын философы Ф.Бэкон алғашқы рет әлеуметтік шиеленістің жиынтығына теоретикалық талдау жасап негізін қалаған. Материалдық-саяси және әлеуметтік ретсіздіктің психологиялық жағдайларын, сонымен қатар оларды шешудің мүмкіндік беретін тәсілдерін кеңінен қарады. ХҮІІІ-ХХ ғасырларда ағылшын демократтары Е.Д.Прустли, француз ағартушылары Д. Дидро, Ж.Ж.Руссо, Вольтер, неміс философы Э.Кант, Г.Гегель т.б. конфликтіге байланысты сыни көзқарастар танытты. Э.Кант көршілес тұратын адамдар арасындағы бейбітшіліктің қалпы бұл табиғи қалпы емес, керісінше күрес, яғни егерде үздіксіз емес қақтығысты әрекеттер болмаса, онда үнемі олардың қорқытуы пайда болады. Сондықтан да бейбітшіліктің қажет болуы керек деп пайымдады.

Неміс философы Г.Гегель айтуы бойынша: мемлекет барлық жерде қоғамға көңіл бөліп және мемлекетті реттеп отыруы керек деп есептейді. Тіршілік пен күрес мәселесіне зерттеулерін бағыттаған ағылшын биологы Ч.Дарвин эволюция теориясын ұсынды. Ч.Дарвин "Табиғи сұрыптаудың пайда болу түрлері және өмірмен күресі үшін текті сақтаудың қолайлы жағдайлары" атты еңбегінің басты идеясы-тірі табиғаттың дамуы үшін өмірдегі үнемі күресу жағдайларымен туындап отырады деп түсіндіреді. Ч.Дарвин тірі табиғаттың даму механизмдері табиғи сұрыптау түрінде біршама өмір сүруге бейімделген түрі екенін дәлелдеді [2]

Оның соғыс пен әлем туралы пайымдаулары қазіргі заманға сай келеді: «...әлемді бұзатын адамдар оны жек көрмейді, тек олардың тілегіне жауап беретін басқа әлемді қалайды». Орта ғасырларда Фома Аквинский қоғам өмірінде соғыстарға жол беру туралы ойды дамыта отырып, әділ соғыстың тағы бір шартын анықтады: оған «авторизацияланған құзыреттілік», яғни мемлекеттік билік тарапынан санкция болуы тиіс. Жалпы алғанда, оның пікірінше, «...соғыс және зорлық-зомбылық әрқашан күнә» [3, 36-59 бб.]. Томас Гоббс тепе-теңдікке ұмтылуды конфликттің басты себебі деп санады, ол адамдар арасында өзін-өзі сақтау немесе рахат сезімін алу үшін қажетті нысандарды иелену ниетіне, бірдей үміттің пайда болуына әкеледі, ал бұл адамдарды жауға айналдырады, олардың арасында бәсекелестік, сенімсіздік және атаққұмарлықты тудырады. Жаңа уақытта Жан-Жак Руссоның дүниежүзілік-тарихи үдерістің кезеңділігі туралы ойлары танымал болды. Бастапқыда адамдар бос және тең болған кезде – «... табиғаттан адамдар бір-

біріне жау емес» деген «табиғи жағдай» бар. Содан кейін өркениеттің дамуы теңдік, бостандық пен бақыт жағдайын жоғалтуға алып келеді және ақырында, адамдар қайтадан «қоғамдық келісім» жасап, қоғамдық қатынастардың жоғалған үйлесіміне, «мәңгілік бейбітшілік» пен келісімге ие болады. Ж.Ж. Руссоның пікірінше, қоғамдық келісім-шарт халықтың қатаң бақылауында ғана жасалуы мүмкін, өйткені соғыс министрлерге қажет және олар жақсы ерік көрсетпейді [4, 63 б.] Бірінші рет конфликтті көп деңгейлі әлеуметтік құбылыс ретінде Адам Смит «Табиғат және халықтар байлығының себептері туралы зерттеулер» жұмысында зерттеді.

Конфликт негізінде қоғамды таптарға бөлу (капиталистер, жер иелері, жалдамалы жұмысшылар) және экономикалық бәсекелестік жатыр. Таптар арасындағы қарама-қайшылықты А. Смит қоғамның үдемелі даму көзі ретінде, ал әлеуметтік конфликтті «...адамзаттың белгілі бір игілігі» ретінде қарастырды. Кант «...көршілес тұратын адамдар арасындағы бейбітшілік жағдайы табиғи жағдай емес ...соңғысы керісінше, соғыс жағдайы бар, яғни егер үздіксіз дұшпандық әрекеттер болмаса да, онда тұрақты қауіп бар деп есептеген. Демек, бейбітшілік жағдайы орнатылуы тиіс». Мұнда Ж.Ж. Руссоның «қоғамдық келісім-шарт» туралы ойларымен байланыс көрінеді [5, 98 б.] В.И. Сафьяновқа тиесілі тағы бір анықтаманы келтірейік: «Қарым-қатынастағы конфликт-бұл серіктестің қажеттіліктері мен адамгершілік қадір-қасиетін саналы түрде төмендетуге байланысты күштелген тұлғааралық қарсы тұру» [6, 101-104 бб.] Тараптардың қарсы әрекеті тек тұлғааралық және топтық қақтығыстарда ғана емес, сонымен қатар адамның автокоммуникациясы үдерісінде, оның өзімен қарым-қатынасы, өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі бағдарламалау кезінде де бар. Психологиялық түрде мұндай өзін-өзі реттеу ішкі сұхбатпен қамтамасыз етіледі, ол адамның өз уайымдары мен іс-әрекетін әртүрлі көзқарастың салдары ретінде қабылдау, ойлау кезінде туындайды.

Шын мәнінде, кез келген әлеуметтік шартталған конфликтке тән дау, пікірлердегі алшақтық, қарама-қарсы тұру және қарама-қайшылық орын алады. Өзін-өзі тануға саналы және қабілетті бола отырып, адам көбінесе қызмет бағыттарын таңдауда еркін болып келеді, өз қатынастарын реттей алады. Әлеуетті ұтымды бола отырып, ол әлеуметтендіру, мәдениет жетістіктеріне баулу үдерісінде меңгерілетін жазылған және жазылмаған мінез-құлық ережелерімен санасуға бейім. Осылайша, конфликт жеке адамның, әлеуметтік топтың деңгейінде немесе өзара іс-қимыл және қарым-қатынас үдерісінің қарама-қайшылығының, айырмашылықтардың, сонымен бірге мүдделердің үйлеспеушілігінің, мақсаттарды құнды бағалаудың мағыналы қарама-қарсы тұруы ретінде көрінеді.

Конфликттің себебін дәлірек анықтау үшін оның шекарасын, яғни оның кеңістіктегі және уақыттағы сыртқы шектерін анықтау қажет. Конфликт шекарасын анықтаудың үш аспектісін атап өтуге болады: кеңістіктік, уақыт және ішкі жүйе. Конфликттің кеңістіктік шекаралары әдетте конфликт болатын аумақтармен анықталады. Конфликттің кеңістіктік

шекараларын нақты анықтау негізінен халықаралық қатынастар үшін маңызды және бұл конфликтке қатысушылардың мәселелерімен де тығыз байланысты. Біздің таяудағы тарихымызда мұндай мәселе таулы Қарабахта, Тәжікстанда, Солтүстік Кавказда және алдын алу шараларын жүзеге асыру үшін қақтығыс аймағының аумақтық шекараларын нақты анықтау қажет болатын басқа да өңірлерде ұлтаралық конфликттер барысында бірнеше рет туындады. Уақыт шекаралары – конфликттің ұзақтығы, оның басталуы мен соңы. Конфликтті басталған, жалғасып жатқан немесе аяқталған деп санауға, атап айтқанда, белгілі бір уақыт кезеңіндегі оның қатысушыларының іс-әрекеттерін заңдық бағалауға байланысты болады. Бұл әсіресе конфликтке жаңадан қосылған тұлғалардың рөлін дұрыс бағалау үшін керек. Біздің көзқарасымыз бойынша, конфликттің басталуы басқа қатысушыға (конфликт жасаушы тарапқа) қарсы бағытталған мінез-құлықтың объективті (сыртқы) актілерімен анықталады, егер соңғысы бұл актілерді оған қарсы бағытталған ретінде түсінсе және оларға қарсы әрекет ететін болса. Бұл бірнеше күрделенген формула конфликт басталған деп танылатынын білдіреді, егер де:

1. Бірінші қатысушы саналы және белсенді түрде басқа қатысушыға (яғни өз қарсыласына) зиян келтіру мақсатында әрекет етеді; бұл ретте біз іс-әрекет деп физикалық әрекеттерді да, ақпаратты (ауызша сөз, баспа, теледидар және т. б.) беруді де түсінеміз;
2. Екінші қатысушы (қарсылас) көрсетілген әрекеттердің оның мүдделеріне қарсы бағытталғанын түсінеді;
3. Екінші қатысушы бірінші қатысушыға қарсы жауап ретінде белсенді әрекет жасайды.

Айтылғандар, егер тек бір қатысушы немесе қатысушылар әрекет етсе, операцияларды тек ойша жүргізсе, конфликттің бар-жоғы туралы айту заңсыз екенін білдіреді. Шын мәнінде, бір тарап қана әрекет етіп, ал екіншісі өзін пассивті етіп көрсеткен жағдайды конфликтті деп атауға болмайды. Бұл жағдайда тараптардың қарсыласуы жоқ. Сыртқа көрінбейтін ойлы іс-әрекеттер тараптардың ойындағы қарсы күресі емес, іс жүзінде нақты басталған деп түсінілетін конфликттің элементі болып табылмайды. Алайда, жоғарыда айтылғандарға сырттан ұсынылған, кейбір мамандардың конфликттің латенттік даму сатысын, дәлірек айтқанда, болашақ операцияларды жоспарлауды және оларға дайындықты қамтитын ашық конфликттің алдындағы сатыны бөліп алуы қайшы келмейді. Осы кезеңді бөлу халықаралық маңызы бар ірі конфликттерді талдау үшін елеулі орынды алады. Әлбетте, халықаралық қатынастардағы тараптардың қарсыласуы ретінде конфликт әскери әрекеттермен бітпейді. Мәселен, дипломатиялық, сауда, шекаралық, саяси қақтығыстар зорлық-зомбылықсыз құралдармен шешіледі.

Алайда, барлық жағдайларда тараптардың қарсыласуы, яғни өзара іс-әрекеттер туралы сөз болып отыр. Осылайша, конфликт әрдайым екі жақты мінез-құлық ретінде басталады. Әдетте, оған тараптардың бірінің бұрын

болып өткен іс-әрекеті себеп болады, бұл көп жағдайда конфликтті бастаушыны анықтауға мүмкіндік береді. XX ғ. 90-жж. ТМД-да болған көптеген ұлтаралық конфликттердің негізін қалаушы кім екенін анықтау қиын.

Конфликттің аяқталуы да бір мағыналы емес. Конфликт аяқталуы мүмкін, бірақ тараптардың бірінің конфликттен шығуы не оны жоюмен тоқтатылуы мүмкін. Ақырында, конфликттің әрі қарай дамуын тоқтату және мүлдем тоқтату үшінші тұлғалардың араласуы нәтижесінде орын алуы мүмкін. Бұл тәсілмен бірқатар жағдайларда қылмыстық конфликттер деп аталатын конфликттер аяқталады. Халықаралық қатынастар тәжірибесі ұлтаралық конфликттердің жолын кесу үшін (БҰҰ әскерлерін енгізу, дипломатиялық делдалдық және т.б.) үшінші тарап күштерін неғұрлым жиі пайдаланады. Белгілі болғандай бұл әдістер көптеген елдерде, соның ішінде біздің елде және мемлекеттерде қолданылады. Осылайша, конфликттің аяқталуы деп олардың орын алған себептеріне қарамастан, барлық қарсы күресуші тараптардың іс-қимылдарының тоқтауын санау керек.

Конфликтті дамыту және оның шекараларын анықтаудағы-*жүйеішілік аспектіні* қарастырайық. Кез келген конфликт, отбасында, қызметтестердің тобында, мемлекет, халықаралық қоғамдастық және т. б. белгілі бір жүйеде орын алады. Бұл жүйеішілік байланыстар күрделі және алуан түрлі. Бір жүйеге кіретін тараптар арасындағы конфликт терең, кең немесе жеке, шектеулі болуы мүмкін. Мемлекетаралық конфликттерде тек аумақтық ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, ұлттық, саяси аспектілерде шиеленіскен өзара қарым-қатынастардың таралу қаупі зор; мұндай конфликт қоғамның ең кең тобын қозғауға қабілетті.

Конфликттің ішкі жүйесінің шекараларын анықтау конфликт жасаушы тараптардың барлық қатысушылар шеңберінен нақты бөлінуімен тығыз байланысты. Бұдан әрі көріп отырғанымыздай, конфликтке тікелей қарсы тараптардан басқа, конфликтке қатысушылар, арандатушылар, көмектесушілер, конфликтті ұйымдастырушылар, сондай-ақ аралық судьялар, кеңесшілер, бір-бірімен қақтығысатын қандай да бір тұлғалардың жақтаушылары мен қарсыластары сияқты фигуралар да конфликтке қатысушылар бола алады. Барлық осы тұлғалар-жүйенің элементтері. Жүйедегі конфликттің шекарасы оған тартылған қатысушылар шеңберінің қаншалықты кеңдігіне байланысты. Конфликттің ішкі жүйеішілік шекараларын білу болып жатқан үдерістерге әсер ету үшін, атап айтқанда, жалпы жүйенің бұзылуын болдырмау үшін қажет.

Конфликттің атқарымдарына келсек, конфликт қайшылықтарды анықтау және шешу тәсілі болып табылатыны анық. Егер қарама-қарсы күштер және олардың мүдделері ашық қарсы күреске ауысатын кернеу тудырса, онда әрине, бұл қарсы күрес ерте ме, кеш пе аяқталуы тиіс. Кейіннен шешілетін конфликт қарама-қайшылықтан шығу жолдарының бірі болып табылады.

Конфликт атқарымы бір жағынан оның әлеуметтік мақсатын, ал екінші жағынан – оның және қоғамдық өмірдің басқа компоненттерінің арасында пайда болатын тәуелділікті білдіреді. Бірінші жағдайда конфликттің салдары, екінші жағдайда – әлеуметтік байланыстардың конфликтке қатысушы субъектілерінің қарым-қатынастарының бағыттылығы назарға алынады. Мұндай тәсілді қолдану кезінде конфликттің рөлін бағалау мәселесі туындайды. Кез-келген конфликттердің әдеттегі басым бағасы сөзсіз теріс деп айтуға болады. Шын мәнінде, біз тек тұрмыстық конфликттерді ғана емес, қызметтік қиындықтарды да, соңғы уақытта да елеулі ұлтаралық, аумақтық, қоғамдық-саяси және басқа да қарсыластармен қарсы күрестерді бастан кешірдік. Сондықтан да қоғамдық пікір бойынша конфликт негізінен жағымсыз құбылыс ретінде бағаланады. Жалпы алғанда, ол осындай және кем дегенде тараптардың бірі үшін жағымсыз болып келеді. Мәселен, көптеген зерттеушілердің пікірінше өндірістегі конфликттердің салдарынан жұмыс уақытының 15%-на дейін жоғалады. Конфликт – тек қашып құтыла алмайтын ғана емес, сондай-ақ пайдалы әлеуметтік құбылыс деген басқа көзқарас бар.

Ғылыми дәстүр конфликті нормадан ауытқымайтын және өтпелі құбылыс ретінде емес, бірақ әлеуметтік қатынастардың тұрақты және тіпті қажетті компоненті ретінде қарастырады. Бұл дәстүр Аристотель, Гоббс, Гегель, Маркс, Веберден бастау алады. Осы көзқарасқа сәйкес, қоғамдағы кез келген тапшылық фактісінің өзі конфликтті туғызу үшін жеткілікті, әрбір адам кез келген топтағы тапшы ресурстардың үлесін ұлғайтуға тырысады және қажет болса, оны басқалардың есебінен жүзеге асырады. Ал егер аумақ пен ресурстарды іздеушілер арасында біз көшбасшылық, билік пен бедел үшін күресті анықтасақ, онда конфликттен қашып құтыла алмаймыз. Және бұл конфликт тараптардың әрқайсысының үлесін арттыруға мүмкіндік беретін материалдық игіліктерге ие болуы үшін конфликттерге ұқсас болмайды. «Нақты әлем үшін, түрлі көзқарастардың, конфликттердің, өзгерістердің қиылысуы қажет – деп жазды Р. Дарендорф. Конфликт пен өзгерістер адамдарға еркіндік береді; онсыз еркіндік мүмкін емес» [7, 87 б.]. Барлық тараптардың өзара мүдделері мен мақсаттарын ескере отырып, қарама-қайшылықты тудырған және конфликтті туғызған мәселені шешу, сондай-ақ түсіністік пен сенімге қол жеткізу, әріптестік қатынастар мен ынтымақтастықты нығайту, конформизмді, бағындыруды, артықшылыққа ұмтылысты еңсеру конфликттің оң, атқарымдық пайдалы нәтижелері болып саналады. Конфликттің теріс, дисфункционалды салдарларына адамдардың жалпы іспен қанағаттанбауы, туындаған мәселелерді шешуден кету, тұлғааралық және топаралық қарым-қатынастардағы дұшпандықтың өсуі, қызметкерлер ұйымшылдығының әлсіреуі және т. б. жатады. Өзінің мазмұны бойынша конфликт атқарымы материалдық саланы да (экономикалық мүдделермен, пайдалармен немесе шығындармен байланысты), сондай-ақ рухани-адамгершілік саланы да қамтиды (әлеуметтік белсенділікті арттыруға немесе әлсіретуге, оптимизмді көтермелеуге немесе

басуға, адамдарды жігерлендіруге қабілетті). Мұның бәрі бірлескен қызметтің тиімділігіне эмоциялық әсер етеді, ұйымды басқару үдерісін жеңілдетуі немесе қиындатуы мүмкін. Өмір бағыттылығы, пайдалы және зиянды салдарлары бойынша конфликттердің функционалдық әртүрлілігін растайтын сансыз фактілерді ұсынады. Атап айтқанда, ұйымды және қызметкерлердің мінез-құлқын басқару ісінде айтарлықтай маңызы бар бірқатар атқарымдарды бөліп көрсетуге болады.

Қызметкерлерді біріктіру, әлеуметтік байланыстарды жандандыру, әлеуметтік шиеленіс ошақтары туралы дабыл беру, инновация құралы, шығармашылық бастамаға жәрдемдесу, тұлғааралық және топаралық қатынастарды трансформациялау (қайта құру). Конфликттерді жіктеу – жіктеу әдіс-тәсілдері әр түрлі болуы мүмкін. Осылайша, әлеуметтанушылар ең алдымен конфликттердің макро- немесе микро деңгейіне, олардың әлеуметтік-экономикалық, ұлттық-этникалық және саяси түрлеріне назар аударады. Конфликттер көріну салалары бойынша негізі өндірістік-экономикалық қайшылықтар болып табылатын өндірістік-экономикалық; көзқарастар қарама-қайшылықтары негізінде жататын идеологиялық; әлеуметтік саладағы қайшылықтар себебінен туындайтын әлеуметтік-психологиялық, сондай-ақ адам психикасының ерекшеліктеріне байланысты туындайтын әлеуметтік-психологиялық және отбасылық және тұрмыстық қатынастардағы қайшылықтарды көрсететін отбасылық-тұрмыстық конфликттерге бөлінеді. Егер қызметкерлерді туыстық қарым-қатынастар байланыстыратын болса, онда отбасылық-тұрмыстық конфликттер жоғарыда аталған конфликттердің түрлерімен араласуы мүмкін. Аукымы, ұзақтығы және шиеленісуі бойынша: жалпы және жергілікті; жылдам ағатын, қысқа мерзімді, жеке тұлғаның жеке психологиялық ерекшеліктері негізінде туындайтын, олар конфликтке қатысатын тараптардың агрессивтілігімен және аса дұшпандығымен ерекшеленеді; терең қайшылықтар болған кезде туындайтын ұзақ шиеленіскен, ұзаққа созылған; өте өткір қарама-қайшылықтар негізінде туындайтын немесе тараптардың бірінің пассивтілігімен байланысты әлсіз байқалатын және баяу ағатын; үстіртін себептерге байланысты туындайтын әлсіз байқалатын және тез ағатын, олар эпизодтық сипатта жүреді. Конфликттік өзара іс-қимыл субъектілері бойынша конфликттер мыналарға бөлінеді: қарама-қарсы бағытталған имманентті жеке себептердің соқтығысуына байланысты тұлғааралық; екі тұлғаның мүдделерінің қақтығысуы кезінде тұлғааралық; бір жағынан жеке тұлға, екінші жағынан – топ бір-біріне қарама-қарсы тараптар болып табылатын тұлғааралық-топтық; екі әлеуметтік топтың мүдделерінің қақтығысуы кезінде туындайтын – топаралық. Конфликт мәні бойынша нақты (мәндік), анық мәні бар және нақты мәні жоқ немесе тек бір тарап үшін өмірлік маңызы бар мәнді нақты (пәндік) конфликттерді ажыратады.

Пайда болу көздері мен себептері бойынша – конфликттер объективті және субъективті болып бөлінеді. Бірінші жағдайда конфликт ұйымда немесе оның бөлімшесінде қалыптасқан жағдайларға байланысты оның

қатысушыларының ерік-жігері мен қалауынан тыс дами алады. Бірақ конфликтті жағдай мінез-құлық себептеріне, әлеуметтік байланыстардың белгілі бір субъектісінің әдейі ұмтылыстарына байланысты пайда болуы мүмкін. Конфликт объектісі нақты материалдық және рухани құндылық болып табылады, конфликтке қатысушы тараптар оны иеленуге ұмтылады. Бұл мүлік, лауазымдық бос жұмыс орны немесе еңбекке ақы төлеу мөлшері болуы мүмкін – жеке, топтық немесе қоғамдық мүдделердің мәні. Конфликт субъектілері – құндылықтар туралы өз қажеттіліктері, мүдделері мен ұсыныстары бар ұйым қызметкерлері. Конфликттер пайда болуының тікелей себептері бойынша ұйымдастырушылық, яғни белгілі бір әлеуметтік жүйе, сол немесе басқа құрылымдық білім шегінде болып жатқан сыртқы жағдайлардың өзгеруіне немесе реттеленген тәртіптің бұзылуына байланысты; эмоциялық, әдетте айналада болып жатқан адамның жеке қабылдауымен, басқа адамдардың мінез-құлқына және іс-әрекетіне сезімтал реакциямен, көзқарастар мен т. б. алшақтықпен байланысты; әлеуметтік-еңбек – жеке және жалпы мүдделердің үйлеспеуінен, жекелеген адамдар мен әлеуметтік топтардың мақсаттарының үйлеспеуінен туындайтын; іскерлік және жеке.

Коммуникативтік бағыттағы конфликттер – бір-біріне бағыну арқылы бөлінеді; қатысушылары бір-біріне бағынудың қандай да бір түрлерімен байланыстағы, сатылас. Бұл конфликттер бағыну мен бағынбау қарым-қатынасын ұсына отырып аралас болуы мүмкін. Ерекше белгіні сатылас конфликт алып жүреді («жоғарыдан төменге», сол сияқты «төменнен жоғары»), ол әдетте конфликт жасаушы тараптар күштерінің теңсіздігін, олардың арасындағы иерархиялық деңгей мен ықпал бойынша айырмашылықтарды білдіреді (мысалы, басшы – бағынышты, жұмыс беруші – қызметкер және т.б.). Бұл жағдайда әр түрлі мәртебе мен дәреженің күші болуы мүмкін, бұл әрине, конфликттің барысы мен шешілуіне әсер етеді.

Әлеуметтік салдар бойынша – конфликттер: позитивті, конфликтті шешу ұйымның оң дамуына ықпал ететін және ұйым қызметінің нашарлауына әкелетін теріс; негізінде ұйым қызметінің жетілдіруіне ықпалын тигізетін объективті қарама-қайшылықтар жататын құрылымдық; әлеуметтік шиеленістің өсуіне және ұйым қызметінің нашарлауына ықпал ететін субъективті себептер негіз болатын бейқұрылымдық; ұйымның өркендеуіне, оның қарқынды дамуына ықпал ететін жасампаз, және әлеуметтік-экономикалық жүйенің бұзылуына әкелетін қиратушы себептер жатыр.

Конфликт нысандары мен дәрежесі бойынша – қарсыласу ашық және жасырын, стихиялық, яғни кенеттен пайда болған және бастамашылдық, алдын ала жоспарланған немесе жай ғана арандатылған болуы мүмкін. Мұндай конфликттер не қашып құтыла алмайтын, белгілі дәрежеде заңды; не қажет болса да амалсыз, не ақталмаған, кез келген мақсаттан айырылған болып шығады.

Реттеу тәсілдері мен ауқымы бойынша – конфликттер тараптардың төзімсіздігі және ымырасыздығымен сүйемелденетін антагонисттік, сондай-ақ айырмашылықтарды еңсерудің, көзқарастарды, мүдделерді, мақсаттарды өзара байланыстырудың әр түрлі қарама-қайшылықтарына жол беретін ымыраға келетін болып бөлінеді. Әрбір адам, кез келген әлеуметтік топ тек оларға тән қарым-қатынас мәнерін, қарым-қатынасты жолға қою және қолдау, конфликт жағдайларында мінез-құлықтың ерекше стилін анықтайды. Антагонисттік немесе ымыралы конфликтте оны реттеудің тәсілі мен ауқымы конфликттің толық, ішінара шешілуі және қатысушы тараптардың ынтымақтастығына әкелуі мүмкін. Алайда, мәнерлер мен стильдерге барлық сәйкессіздіктері орын алғанның өзінде, сондай-ақ конфликттерді еңсерудің бірыңғай рецепттері және оларды реттеудің қандай да бір әмбебап тәсілдері болмаған жағдайда, конфликтті мінез-құлықтың кейбір жалпы белгілері де орын алады. Мұндай мінез-құлық қарама-қайшылықты тудырған және конфликтке қатысушылардың әрқайсысы үшін белгілі бір дәрежеде маңызы бар мәселені шешуі салдарынан туындайды, оларды өзара әрекеттесуші етеді. Бұл тиісті әдісті, яғни осы конфликт түрінің стандартты негізінде жалпы табиғатына да, өзгешелігіне де жауап беретін іс-әрекет түрін таңдауды талап етеді.

Конфликттердің типологиясы – конфликттің қандай да бір түрінің шеңберінде одан әрі жіктеу мүмкін екені түсінікті. Ұлтаралық конфликттерге қатысты олардың бірін келтіреміз. Басқарылмайтын эмоциялардың конфликттері. Бұл конфликттер – лаң немесе бүліктер туралы. Мұндай конфликттер үшін тәртіпсіздіктерді ұйымдастырушылардың мақсатының белгісіздігі, нақты оқиғалардың кездейсоқ болуы тән. Мұндай оқиғалардың сыртқы белгілері жиі соңына дейін түсініксіз шынайы себептерді жасырады. Идеологиялық доктриналардың конфликттері – олар саяси, ұлттық, діни қозғалыстармен байланысты және бұрыннан келе жатқан тарихи тамыры бар. Ұлттық талаптар стихиялық түрде құрылмайды, оларды идеолог-теоретиктер әзірлейді. Белгілі бір идеяның жақтастары өз идеясы үшін өмірін беруге дайын, сондықтан мұндай конфликттерге ұзақ және қатал сипат тән.

Мұндай конфликттерге аумақтардың тиесілілігі, олардың мемлекеттік немесе әкімшілік мәртебесі, бұрын жер аударылған халықтардың қайтарылуы және т. б. жөнінде даулар жатады.

Саяси институттардың конфликттері – бұл негізінен шекаралар, билік органдарының өзара қарым-қатынастары туралы, юрисдикция туралы, саяси партиялар мен қозғалыстардың рөлі туралы және басқа да даулар туралы. «Заңдар соғысы» және «егемендіктер шеруі» осы түрдегі конфликттер қатарына жатады. Ақырында, толық институцияланған конфликттерді және сонымен қатар ешқандай механизмдермен реттелмеген конфликттерді бөліп көрсетуге болады. Егер институционалданған конфликттерде тараптар үшін ортақ ережелер бар болса және олар сол ережелер бойынша әрекет етсе, оған сәйкес мәселелер шешілетін болса, онда конфликттердің екінші түрінде тараптардың келісіміне қол жеткізу мүмкіндігі барынша аз немесе мүлдем

жоқ, және күрес ережелерсіз жүзеге асырылады. Осы соңғы полюстердің арасында ең болмаса ішінара реттелетін қарсы тұрудың көптеген түрлері бар.

Конфликттің мәні мен объектілеріне келсек, конфликттің көптеген сипаттамаларын реттей отырып, әдетте оның мәні мен бағытын нақты анықтауға мүмкіндік беретін олардың екеуін бөліп алады: бұл конфликттің мәні мен объектісі.

Конфликттің мәні деп тараптар арасындағы алауыздық себебі болып табылатын объективті бар немесе ойдағы мәселе түсініледі. Тараптардың әрқайсысы осы проблеманы өз пайдасына шешуге мүдделі. Конфликттің мәні – бұл негізгі қарама-қайшылық, себебі оның шешілуі мақсатында субъектілер бір-бірімен қарсы күреске түседі. Бұл билік қатынастары, қандай да бір құндылықтарға ие болу ниеті, біріншілікке немесе үйлесімділікке ұмтылысы болуы мүмкін. Конфликтті шешу жолдарын іздеу, әдетте, оның мәнін анықтаудан басталады және мұны жасау көбінесе оңай емес. Көптеген конфликттер осындай шиеленіскен және күрделі жорамалдарға ие, бұл өз алдына маманды археолог ретінде бірінен кейін бір қабатты ашуға мәжбүр етеді. Мәселелердің қатпарлануының жеке мәндері, көптеген «ауырсыну нүктелері» болуы мүмкін.

Көптеген себептер, жеке мәндері бар конфликттердің мысалдары отбасылық келеңсіздіктер немесе ұлтаралық конфликттер болып табылады. Конфликттің мәні тек делдалдың немесе төрешінің ізделіп отырған мақсаты ғана емес, сондай-ақ қатысушы тараптардың талқылау нүктесі болуы мүмкін. Мұндай жағдайда келіссөздер тараптарды келіссөздерге итермелеген мүдделер конфликтінің осы мәніне қатысты жүргізіледі. Алайда, келіссөздерде тараптар конфликттегіден өзгеше әрекет ететінін байқауға болады.

Кейбір зерттеушілердің пікірінше, «шын мәнінде барлық конфликттер екі нәрсе немесе тіпті бір нәрсе туралы: ресурстар және оларды бақылау туралы сөз болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, билік – бұл ресурстарды бақылаудың нұсқасы, ал қабілет – ресурстың өзі. Ресурстарды материалдық және рухани деп бөлуге болады, ал соңғыларын, өз кезегінде, құрамдастарға саралауға болады» (В. А. Ядов). Осыған ұқсас ойларды айта келе, конфликт объектісі ұғымын жиі қолданады, ол нақты материалдық және рухани құндылықты білдіреді, оны иеленуге немесе пайдалануға конфликттің екі жағы да ұмтылады. Конфликт объектісі, істің мәні бойынша, жеке, топтық, қоғамдық, мемлекеттік талаптың мәні бола алатын материалдық бейбітшілік пен әлеуметтік шындықтың кез келген элементі бола алады. Конфликт объектісі болу үшін бұл элемент оған жеке-дара бақылауға ұмтылатын әр түрлі әлеуметтік субъектілердің мүдделерінің қиылысында болуы тиіс. Нақты қарым-қатынас жүйесіндегі конфликт объектісі – бұл әрдайым тапшы ресурс. Алайда, ресурстардың тапшылығы әрдайым конфликттердің объектісі бола алмайды. Олар құндылықтар конфликті не қандай да бір топқа жататындығы жөнінде дау болуы мүмкін. Кейде конфликттің көзге көрінбейтін объекті болуы мүмкін.

мемлекеттік билікті немесе оның бір бөлігін басып алуға үміткер. Mediascapes ақпаратты (газеттер, журналдар, телестанциялар, фильмдер шығару жөніндегі студиялар) шығару және тарату қабілетін білдіреді. Әлемнің көптеген аудиторияларында БАҚ арқылы қиял әлемдерін құруға көмектесетін баспа, қағаз, электронды бақылаулар, цитаталар мен баға белгілеулердің күрделі және өзара байланыс кешені ретінде қабылдайды. Бұл бес элемент ұлттық мемлекеттердің ішінде қозғалыстарды құрып қақтығыс жағдайын тудырады. Мысалға, феминистік, адам құқығы, қоршаған ортаны қорғау қозғалыстарын біріктірген актикалық қозғалыстар транс ұлттық дискурс саласын босқындар, қуылғандар және басқада кезбелер арқылы құрылады яғни, детерриториализация жаңа кинокомпаниялық, тур агенттік орындардың, менеджерлері мен кәсіпкерлеріне келушілердің тұтынудағы сұранысын дамытып отанымен байланыс орнатудан басталады. Бұл жерде «ойдан шығарылған отандар», детерриториализмдік топтардың медиаскейптерін (электронды БАҚ басылымдары арқылы өзіндік әлем бейнесін қалыптастыру) құрып, этникалық қақтығыстардың шиеленісу жағдайында жаңа идеоскейптерден нәр алып одан әрі фантастикалық тұрғыда дамытуы мүмкін. Оған, Англия, Канада және Құрама Штаттарда өмір сүретін сикхтердің қиялдаған отаны Халистанды құру жолдары, Намибия және Эритреядағы үнемі ұлттық мемлекет пен әртүрлі детерриториализмдік бірлестіктердің арасындағы әскери қақтығыстарды жатқызуға болады.

С. Хантингтон бүгінгі жаһандық мәдениет болуы мүмкін емес деп келесідей түсіндірме жасайды: «Біз Батыс идеологиясы қабылдаған прогрессивті дәуірдің аяқталуын және көптеген түрлі мәдениеттер бір-бірімен бірге өмір сүретін, араласатын және бір-бірімен бәсекеге түсетін жаңа дәуірді бастан кешіп жатырмыз» [67, 367 б.] деп анықтама берсе, басқа кітабында «Мен дамып жатқан әлемде қақтығыстың негізгі көзі бұдан былай идеология немесе экономика болады деп ойламаймын. Адамзатты маңызды шекараларды бөлетін қақтығыстардың басым көздерін мәдениет анықтайды» деп санаған.

Қазақстан жері - қаншама ұлттардың отанына айналған мекен. Елімізде ақпарат кеңістігінде орын алған қақтығыстар көбінесе ұлттық мәдениеттің шеңберінде жүзеге асып жатқанын байқауға болады. Әсіресе, тілдің төңірегінде. Мысалға, «Русские в Казахстане» сайтының 2011 жылғы тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі дайындаған мемлекеттік тіл саясаты мәселелері бойынша заңнамаға енгізілген түзетулерді «қазақтандыру туралы заң жобасы» деп сипаттаған. Осы түзетулерге сәйкес 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік органдарға азаматтардың өтініштері мен шағымдары тек қазақ тілінде қабылданады деген ереже енгізілуі керек еді. Бұл түзету қоғамның едәуір бөлігінің белсенді наразылықтарын тудырғаннан министрлік бұл түзетуді мәтінінен алып тастауға мәжбүр болды [68]. Қазақтандыруға қарсы қоғамдық қозғалыстарды орыс, славян және казак ұйымдары (Лад, орыс қауымдастығы,

Жетісу казактары одағы және т.б.), ұлттық мәдени орталықтар мен титулдық емес этностардың ұйымдары басқарады [69, 168 б.].



Сонымен, адамдардың тең жартысы Афганистаннан келген қашқындарға өте жағымсыз көзқараста. Бұндай бағалар ғылым саласындағы қызметкерлерге, мәдениет, білім, денсаулық сақтау, құқық қорғау қызметкерлеріне тән берілген. Сұралғандардың оныншы бөлігі босқындарға оң қарайды. Олардың арасында фермерлер, мемлекеттік басқару органдарының қызметкерлері бар. Жұмыссыздар, зейнеткерлер бейтарап қарым-қатынасты ұстанады [70, 128 б.].

Тілдің қоғам өміріндегі ролі мен орнын байқау барысында түрлі жастағы адамдар арасында өткізген бірнеше сұхбаттан үзінділер келтірсек. Солардың бірі құрылыс саласында жұмыс істейтін ақпарат беруші: *«мен, жұмыс істейтін фирмада әр-түрлі ұлттың өкілдері жұмыс істейді, өкінішке орай, олардың көбісі біздің мемлекеттік тілді үйренуге деген құлшыныс танытпайды. Тіпті, біз өз тілімізде сөйлей бастасақ, олар бізді жамандап жатырсыңдар ма деп ренжіштерін білдіреді. Олар (басқа ұлт өкілдері) біздің тілде сөйлемек түгілі, бізді өз тілімізде сөйлеуге деген қарсылықтары біздің ашуымызды тудырады»* (№1, қаз., 35 ж.). Ақпарат берушінің көзқарасынша көптеген қақтығыстардың себебі тілде жатыр. *«Мен үшін тіл көзге көрінбейтін тылсым күшке ие секілді. Себебі, басқа ұлт өкілдері қазақ тілінде сөйлей бастаса, сол адамға деген құрметтен тіпті, сол ұлтқа деген сүйіспеншілік пайда болатындай бір сезім байқалады. Мемлекет ішіндегі бейбітшіліктің негізгі діңгегі – тіл деп есептеймін.»* (№2, қаз., 59 ж.). Білім саласында қызмет атқаратын ақпарат берушінің пікірінше бір тілде сөйлеу бейбітшіліктің, бірліктің кепілі. Сондай-ақ 1999 жылдың 23 шілдесінде қабылданған «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңның 3-бабы 2 тармағына *«...мемлекеттік тілдегі берілімдердің көлемі уақыты жағынан басқа тілдердегі берілімдердің жиынтық көлемінен кем болмауға тиіс»* деген толықтыру енгізілді. Дегенмен, бұл талаптың телерадиокомпаниялар тарапынан әлі де болса дұрыс қаралмай, негізі үстірт орындалу жайттары жиі кездесетіні біздерге қазіргі уақыттарда құпия емес. Ең негізгісі, мемлекеттік тілде берілетін хабарлардың басым бөлігінің тек түнгі уақытта, сонымен бірге негізінен бейнеқордағы концерттік бағдарламалардан тұрып, қайта-қайта көрсетіле беруі дүйім жұртшылықтың орынды ренішін туғызуда екені белгілі. Баспасөз беттерінде, сондай-ақ мемлекеттік органдарға келіп түсіп жатқан шағымдарда бұл жағдай көпшілік тарапынан қоғамдық санада мемлекеттік тілді өгейсітуге жасалған әрекет ретінде, тіпті оны мазақ қылу есебінде қабылдануда. Жалпылама,

электрондық бұқаралық ақпарат құралдарындағы мемлекеттік тілдің бүгінгі жағдайы көлемі жағынан да, нақты оның сапалық тұрғыдан да төмен екендігі жасырын емес. Мемлекеттік емес телерадиокомпаниялардың басым көпшілігінде, әсіресе республикалық телерадиокомпанияларда, қазақ тіліндегі мазмұны мен шығармашылық деңгейі көңілге қонатын тұшымды бағдарламалар мен хабарлар тек мемлекеттік тапсырыс аясында ғана, мемлекет қаржысы есебінен шығарылады. Ал компаниялар болса өз қаражатын мемлекеттік тілдегі хабарлар шығаруға шығындауға мүдделі емес, яғни, қазақ тілін өркендету тек мемлекеттің құзырындағы мәселе деген көзқарас қалыптасқан. Сондықтан да мемлекеттік тілді қолдау туралы мәселені қазақ тілді оқырмандар мен көрермендер де, Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаттары да тұрақты көтеріп келеді. Атап айтқанда, Амангелді Айталы, Мұхтар Шаханов, Бекболат Тілеухан мемлекеттік тіл мәселесін үзбей алға тартуда. Аталмыш мәселе бойынша Мәжілісте арнайы депутаттық топтың кезінде құрылғаны да бізге белгілі. Осы орайда, депутаттардың бастамасымен еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған заң топтамасы қаралған тұста біздің министрлік оны толықтай қолдап шыққанын айтқан жөн [71].

Қазақ халқының тарихи-мәдени құндылықтарының сақталып ұлттық сананы қалыптастырудағы механизмдерінің дұрыс жүзеге асуы, адамсүйгіштік категорияларға негізделген діңгегі мықты азаматтық мемлекеттің негізі болмақ. Елбасымыз 2005 жылғы халыққа Жолдауында: «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға күш-жігерімізді жұмсауымыз керек» – деп атап көрсеткен болатын. Демек, мемлекетіміздің Ата заңын сыйлайтын әрбір азамат ұлтына, тегіне қарамай, қазақша үйренуге міндетті. Осы ұстаным біздің темірқазығымыз болуы тиіс. Себебі, тіл-халықтың жан-дүниесі, рухани негізі мен ел еркіндігін, ұлттың ұлылығын танытатын басты күш. Ұлт болмысын ұғындырып, жалпы жұртты төңірегіне топтастырушы, біріктіруші ретінде де саналады. Сондықтан мемлекеттік тілді білу-өмір талабы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігі деген жөн. Тілді өмірдің барлық саласында қолданып, аясын кеңейту жолында әрбір қазақстандық өзінің азаматтық міндетін атқарғанда ғана ол нәтижелі болатынына күн сайын көз жеткізіліп келеді.

Жоғарыда әлеуметтанушылардың жаһандану жөнінде сипаттаған белгілері Қазақ жерінде де көрініс табууда. Кеңестік үкіметтің қазақ ұлтының болмысына кеңестік бірегейлікті орнату барысында жарақаттанды. Қазақ топырағы XX ғасырда түрлі жағдайларымен сан тараптан соққы жеп жер аударылып келген талай ұлттар мен ұлыстардың пана тапқан екінші отанына айналған. Қазақстанның 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдуммен қабылданған ата заңында «Біз ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы» деп жазылса, 14 – бабында «тегіне, әлеуметтік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе өзге де жағдаяттар

бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» деп жазылған. Бұған дәлел ретінде мемлекет ішінде өмір сүріп жатқан ұлттардың рухани мәдениетінің республикамызда 11 тілде газет-журнал шығарылып, 8 тілде радиохабарлар таратылып және 7 тілде телехабарлар көрсетілетінін айтуға болады. Конституциямыздың 39 – бабында «ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады» - деп, ұлтаралық татулықтың маңыздылығына мән берілген. Тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Тіл болмаса сөз болмайды. Сөз болмаса адамзаттың тірлігінде мән-маңыз болмайтыны белгілі. Демек, тілдің, сөздің орны ерекше. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев өз Жолдауында «Тіл - Қазақстан халқын біріктіруші құрал болуы тиіс. Қазақ тілі - біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз - оны барлық салада белсенді пайдалана отырып, дамытуымыз қажет. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үлесімізбен толыға түскен қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз» - деген. Себебі, Қазақстан Республикасы көпұлтты унитарлы мемлекет болғандықтан республика тұрғындарының татулығы мен бейбітшілігін сақтап, ұлтаралық бірліктің маңыздылығын негіздейтін ең негізгі факторы - қазақ тілі деп айтуға толық негіз бар.

Сонымен бірге соңғы жылдары Қазақстан Республикасында бірнеше этникааралық конфликтілер орын алған болатын. Олардың бірін келесідей айта кеткенімізді жөн көрдік: 2019 жылдың басы жайсыз оқиғамен басталғаны мәлім. 31-желтоқсаннан 1-қаңтарға қараған түні Қарағандыдағы «Древний Рим» мейрамханасында қазақ және армян ұлты өкілдерінің арасында жаппай төбелес болып, оқиға кезінде 23 жастағы Рахымжан Жанпейісов есімді азамат қаза тапты. Осыған ашынған Қарағанды жұртшылығы көтерілді, осы кезде көптеген әлеуметтік мәселелердің қордаланып қалғаны мәлім болды. Ал оқиғаға қатысты басталған сот процестері бір жылға жуық уақытқа созылып, кінәлі деп табылған бірнеше азамат сотталды. 2019 жылы еліміздегі бірнеше нысанда шетелдік және жергілікті жұмысшылар арасында жаппай төбелес орын алды. Олар да бұл салада шешімін таппаған күрделі проблемалар бар екенін ашып көрсетті. 29-маусымда Атырау облысындағы «Теңіз» кенішінде араб және жергілікті қазақ жұмысшыларының арасында жаппай төбелес болды. Ол бір араб азаматының әлеуметтік желіге қазақ қызымен түскен анайы сурет жариялауынан басталды. Бұрыннан әлеуметтік мәселелері шешілмей, наразы болып жүрген жергілікті жұмысшылар көтеріліп, келімсектерді соққыға жықты. Осыған ұқсас оқиға арада екі айдай уақыт өткесін, 13-тамызда Қарағанды облысының «Жәйрем» кенішінде орын алды. Мұнда жергілікті тұрғындар түрік компаниясының жұмысшыларымен төбелесті. Бұған да әлеуметтік мәселелердің шешілмеуі басты себеп болды. Жұмыстағы міндеттердің бірдей бөлінбеуі, жалақыдағы теңсіздік. Ал арада екі айдай уақыт өткесін, 21-қазанда Алматы облысының Ақсу ауданында жол салып жатқан Қытай компаниясында қытай жұмысшылары өз араларындағы

этникалық қазақты жабылып соққыға жықты. Осыны естіп ашынған жергілікті жастар өндірістік аймаққа басып кіріп, қытай жұмысшыларын сабады. Қазақтың намысын қорғаған осы жігіттердің 5-еуі бүгінде қамақта отыр. Үстінен қылмыстық іс қозғалған бұл азаматтарды құтқаруға қоғам белсенділері мен ұлтжанды адвокаттар әрекет жасаған. Сол сияқты қазан айының басында Қазақстанға Қытайдан тағы да екі қазақ жігіті қашып келді. Қастер Мұсаханұлы және Мұрагер Әлімұлы есімді бұл азаматтар бас еріктеріне, өмірлеріне Қытай тарапынан қауіп төніп тұрғанын айтып, Қазақстаннан саяси баспана сұрады. Бірақ Қазақстан оларды Қытайға қайтармақ ниетте. Шекара қызметінің басшысы осылай деп мәлімдеді. Ал бұған жұрт наразы, елім деп, пана сұрап келген жандарды Қытайға қайтармауды талап етіп жатты. Адамдар жекелеп те, топталып та наразылықтарын білдірді [72].

Осы жылдың ақпан айының 7-і күні кешкі уақыттарда Масаншы елді мекендерінде 70 –ке жуық адам арасында конфликті орын алған. Әлеуметтік желдіде тез тарап үлгерген видеоны көрген 300-ге жуық адам осы конфликтіге араласқан. Орын алған осы төбелесте екі жақ бір-бірлеріне тас лақтырып, таяқ қару қолданған. Осының салдарынан 8-ге жуық адам көз жұмып, 40-тан астам адам жараланған болатын. Орталық коммуникация брифингінде ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың мәлімдеуінше, бірнеше «бұзақылық» және «кісі өлтіру» фактілеріне байланысты бірнеше істер қозғалған. Анықталған деректер бойынша 30-дан астам тұрғын үй, 15 сауда дүкені, 23-ке жуық автокөлік өртенген. Президенттің тапсырмасымен шұғыл арада вице-премьер Бердібек Сапарбаев төрағалық ететін үкімет комиссиясы құрылды. Бас прокуратура мен ҰҚК-ті осы жұмысқа кірісті. Айта кететін тағы бір мәселе, осы ахуалды өз мүдделеріне арандатушылар жақсы пайдаланды. Конфликтінің негізгі себебі ел аузындағы бір нұсқада «жұма күні Масанчи ауылында қазақ қарияға бірнеше дүнген азаматының қол көтерген соң, тәртіп сақшыларының заңды нұсқауына бағынбаған бұзақылар жанжал шығарғаны, соны ұлтараздық қақтығысқа ұласқаны» айтылды [73].

Пандемия уақытында орын алған діни нанымдарды орындаушылар тарапынан мешіттерде ұжымдасқан құлшылықтар мен жұма намаз құлшылықтарын өткізуге болмайтындығына наразылықтарының білдірілуі де арнайы тоқталуға тұрарлық. Діншілдер тарапынан мешіттерде намаз оқуға талаптарының орындалуы басты мәселердің бірі болды. Осындай конфликтілер туындаған мешіттерде насихаттық-ақпараттық түсіндірме жұмыстарының жүргізілмегендігін байқауымызға болады. Нұр-Сұлтан мен Алматы тұрғындарының адамдары түсіністікпен қарағаны байқалды. Керісінше басқа аймақтардағы түсіндірме жұмыстарын күшейту, имамдардың діни сауаттылық деңгейін күшейту мен жан-жақтылығын арттыру қажет екені байқалды. Сауд Арабиясы барлық әлемнің қажыларына виза беруді тоқтатты. Сондай-ақ қасиетті Мекке мен Мадина қалаларына құлшылық жасауға шектеу қойылды. Сонымен бірге Түркия, Йордания,

Иран, Кыргызстан, Германия мемлекеттерінде жұма күнгі намаз ғибадаттарын уақытша тоқтатқан [74]. Жаһандану кезінде жергілікті мәдениеттердің жойылуы, көптеген мәдениет ортасындағы түрлі ақпараттардың алмасуы мен тарауы, жаңа мәдени, эстетикалық нормаларының түрленуі өзіміздің қазақы дәстүрімізге, мәдениетімізге айтарлықтай әсер етті.

Қазіргі таңдағы жаһанданудың ақпараттық технологиялар, интернет желілерінің дамуы, осы интернет желісінен қолдау тауып отырған жаһандану өзінің тез таралуына үлесін қосып отыр. Осы қазіргі замандағы қарқынды үдеріс түрлі халықтар мен адамдар арасындағы алшақтықты уақыт өте келе білдіртпей жақындастырып, керісінше жылдар бойы жалғасып келген дәстүрлі ұлттық құндылықтарымызға өзгерістер енуіне себепкер болады. Кейбір батыстық зерттеушілердің пікірінше, жаһандану жағымсыз үдеріс ретінде танылып отыр. Мысалы, біздің Қазақстан еліміздің өзін алатын болсақ, алпауыт батыс мемлекеттерінің ықпалымен мәдениет үлкен агрессияға тап болуда. Бұған қоса, қазіргі уақытта мәдениет пен құндылықтардың жан-жақты болғанын байқаймыз. Көбінесе, Американың әсері басым, біздер оны бізге келіп жеткен кинофильмдерден, поп, рок музыкаларынан, субкультураның тарауы, киім стильдерінен байқаймыз. Жаһандану нарықтық қағидалар мен экономикалық қатынастардың орнауымен мәдени конфликтілердің пайда болуына алып келуі әбден мүмкін. Осындай ғаламшарды жаулап тұрған жаһандану кезінде өзінің белсенді үлесін қосқан Мұрат Әуезов болатын. Ол өз дәстүрінен, рухани құндылықтарынан бас тарту ұлттық мәдениет үшін, ұлт үшін үлкен қасірет екенін атап өткен [75, 37 б.]. «Салт-дәстүр, тіл» мәдениеттің бастауы десек, әсіре айтқандық емес. Салт-дәстүр, тіл, ұлттық құндылықтар мәдениеттің негізгі діңгектері болып табылады. Сондықтан қазіргі уақытта алаңдатушылық тудырып отырған мәселелердің бірі жат құбылыстар мен ұйымдардың бел ортасында бүгінгі жас ұрпақтың белсенділік танытып, тез сол ортаға бейімделіп кетулері. Жастар арасында субмәдениет туралы сөз қозғамас бұрын, ең алдымен ол түсінік астарын анықтап алуымыз қажет.

Субмәдениет дегеніміз – қоғамнан оқшауланған, өздерінің өзгеше өмір сүру тәртіптері бар, өмір сүріп отырған үйреншікті мәдениетімізден, ұлттық құндылықтарымыздан басқа, яғни соған наразы ұйымдастырылған белгілі бір тобы жасаған мәдениет. Дәл осындай топтар өздерінің сөйлеу мәдениетімен, киіну стилімен ерекшеленеді.

Субмәдениет терминін алғаш ғылыми айналымға енгізген американдық социолог Дэвид Райзман болды. Субмәдениеттің негізгі тірегі жастар. Сол жастар арқылы бейәдеп мәдениет жасап, алдыңғы қатарлы озық мәдениет арқылы қоғамға ықпал ету көзделуде. Алғашқы кездері субмәдениеттің қалыптасуына музыкалық топтар әсер етті. Олар Америкада алғаш рет дүниеге келген готик-рок. Қазақстандағы осы субмәдениет өнімдерінің бірі, Қазақстан шоу бизнесінде кең таралып, жастар арасында атақты болып жүрген «Ninety one» Q-роп тобы. Осындай топтың жастары дәстүрлі мәдениетке мүлдем қайшы келетін ән айту стилдерімен, киіну мәдениетімен

ерекшеленеді. Қазақстандағы субмәдениет жастарының батыс мәдениетіне еліктеуінен, әртүрлі сән үлгілеріне, әуендеріне қызығушылықтарынан туындайды. Жан-жақты жинақталған ақпарат сараптамалардың нәтижесінде жастардың бейформалдық бірлестіктерге кіруінің бірнеше себептері бар: - отбасындағы түсініспеушіліктер, мәдениеттің дәстүрлі құндылықтағы тәрбиесінің әлсіз жүргізілуінен; - мектептегі үлгермеушілік және мектеп ұжымынан оқшаулану; - басқалардан ерекше болу мақсатында; - өзіне көңіл аудартқысы келеді; - батыстық бейнеге еліктеу т.с.с. Соңғы бес жылдың көлемінде елімізге субмәдениет қадам-қадаммен еніп келеді. Қалай десек те субмәдениет қазақ қоғамы үшін өте кереғар.

Келесі бізде кең таралып отырған жастардың мерекесі - Хэллоуинді атап өту. Қазанның отыз бірінен қараша айының біріне қараған түні әлемнің түкпір-түкпірінен барлық азаматтар АҚШ-тың соңынан еріп, бұл мерекенің мәні мен мағынасын түсіне бермейтіндер жыл сайын осы күнді атап өтуде. Дін мен қоғам қайраткерлері мұны «коммерциялық жоба», «мәдени отарлау» құралы деп көрсе, ал психологтар мен педагогтар «зұлымдық бейнесі мен ойындар» әсіресе, жас балалардың жетілмеген психикасына қауіп төндіруі мүмкін дейді. Хэллоуиннің жағымсыз жақтары АҚШ-та латынамерикасынан шыққан үш жігіт Хэллоуин түні құбыжықтың киімдерін киіп алып, үйлерді тонап шыққан. Бір үйде үй иесі мен қонақтарына оқ жаудырып, бірнеше адамды опат қылған Мұндай оқиғалар басқа да елдерде орын алған [76].

Елімізде осы күнді тойлаудың нәтижесі негізінде қалалардағы тұрғын үйлердің сыртын, көшедегі көліктерді, аялдамаларды және әртүрлі жарнамаларды қиратып, бояп, оларды кететін, бүлдіретін бұзақыларға бұл мейрам таптырмас қызық болып отыр. Осы мейрамды тойлаушылар Алматы қаласы, Алмагүл ықшам ауданындағы тоғыз қабатты үйдің кіре берісіне машинаның ескі доңғалағын өртеп тастап кеткен болатын. Келіп жеткен өрт сөндірушілер домофонды ажыратамын дегенше біраз уақыт өтіп, тұрғындар түтінге тұншығып қалған. Орталық демалыс саябағында да біраз бұзақылар сондағы демалушылардың мазасын алған жағдайлар болған.

Мәселелердің тағы бірі ол, қазіргі уақыттардағы мультфильмдер. Жасөспірімдер экраннан берілетін қызылды-жасылды тартымды түстер, ондағы жағымды немесе жағымсыз рөлдердегі кейіпкерлердің іс-қимылдарынан, сөйлеу мәнерінен тәлім алып отыратыны белгілі. Сондықтан қазіргі уақытта мультфильмдердің бала тәрбиесіне әсер ететін маңызы зор. Оның үстіне ата-ана үшін баланың көңілін аулау үшін қолдарына смартфондарын ұстатып, мультфильмді қосып берумен шектеліп отыр. Балаларға отандық өнім мультфильмдерін көрсету арқылы бала өз елінің салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын, ұлттық болмысты бала кезден бойларына сіңіруге, ұлтжанды етіп тәрбиелеудегі орны бір бөлек.

Қазіргі таңда шетелдік мультфильмдерді Қазақстандық жасөспірім балалар көптеп тамашалауда. Теледидардағы отандық каналдарда, радио, ғаламтор желілерінің барлығында толған шетелдік мультфильмдер. Ол дегеніміз, біздер халқымызға жат бөтен елдің идеологиясын санамызға

сіңірудеміз. Балаға ұнайтын барлық мультфильмдер жағымды емес. Мысалы, осындай кейбір шетелдік мультфильмдердің салдарынан жасөспірім балалар атыс-шабысқа, төбелеске деген құштарлық, біреуді алдау, досқа адал серік бола білмеу сияқты жағымсыз фактілер әсер етуі мүмкін. Сондықтан, тәрбиелік маңызы өте зор, ұлттық құндылықтарымызды, тарихымызды насихаттайтын және жас баланың сана сезіміне тиімді пайда келтіретін, үлгі аларлық пайдалы, тәрбиелік мәні бар туындыларды жасағанмыз абзал болары анық. Бірақ айта кететін мәселелердің Қазақстан мультфильм индустриясында көңіл толтырмайтындары да кездеседі. Оның ішінде «Алдар көсе» мультфильмін қарастырайық. Жаңадан түсірілген Алдар көсенің образы кезінде Шәкен Айманов сомдаған парасатты, ақылды, кедей халықтың қамы үшін ғана қулыққа барған Алдар көсенің бейнесінен мүлдем өзгеше. Қазіргі заманның алаяқ кейіпкеріне келеді. YouTube желісінде 333 315 жазылушысы бар «Аніма Вук» каналы тіркелген. Анығын айтқан кезде, отандық өнімдерді соның ішінде, қазақ ертегілерін анимациялап жүрген Артур және Игорь Краустардың жұмыстары жинақталған. Бұл мультфильмді 2 034 028 адам қарап үлгерген [77].

Қазақтың кез келген аңыз не ертегідегі айтылатын сандардың өзіндік ерекшелігі бар. Қазақ «Сегіз қырлы, бір сырлы» деп тегінен айтқан жоқ. Бұл санның ұлт үшін өзіндік қасиеті, танымы бар екені мәлім. Ал мультфильмде Ерназардың алты ұлы көрсетіліп өтеді, сонымен мультфильмдегі айтылатын сөз қыз туралы. «Қыздың не керегі бар, олармен артық уақыт өткізгеннен басқа ештеңеге де жарамайды» деп айтылған ертегідегі орынсыз сөздер таңқалдырмасқа қоймады. Қай қазақтың бабасы баласына «үйленбе, қыз жаман» деп еді. Қызға қырық үйден тиым салған ұлттың, қызға деген құрметі ерекше болған. Тіптен тұрмыс құрмаған қыздың алар өз орны болған, отырар төрде орны да болған. Одан бөлек қазақ ұлына он үш жас отау иесі деп, ерте үй болып, ұрпақ тәрбиелеуге шақырған. Сонымен ертедегідегі канибалдылықты көрсету, бұл біріншіден ертегіні толық бұрмалашылық және қазақтың ойына сыймайтын нәрселерді осы мультфильмде көрсетеді. Бұл қазақ халқының ертеден келе жатқан фольклорына жасалған қастандық деп түсінеміз. Сонымен отандық туындыны шығарғанда, мәдени құндылықтарымыздың, өткен тарихымыздың, есімдері аңызға айналған тұлғаларымызды еш өзгеріссіз, шынайы келбетін бейнелеу арқылы жас балаларға ұсыну қызығушылықтарын тудыруы мүмкін. Осы жыл Абай елінде ақынның 175 жылдығына орай күрделі жөндеу жұмыстары қолға алынған. Сырт-Қасқабұлақта жасалып жатқан саябақта жерге төселетін домбыра әлеуметті елең еткізді. Бұл жердегі туындаған басты мәселе, қазақ домбырасын аяқ астына төсемек түгілі босағаға қоймай, төрге іліп қоятындығы туралы жоба жасаушыларға сын айтылды. Домбыра бұл қазақтың бой тұмары, ұлттық құндылығы. Оны аяқ астына төсеп, киелі домбыраның үстінде жүру әрбір қазақ үшін рухының аяқ асты болуымен тең келер еді. Осындай мәдени жобалардың бірі қателік орын алған, ол қазақтың қастерлі домбырасын аяққа басу [78].

Мемлекеттің мықты болуы, бірінші кезекте адамға тән. Мемлекеттің азаматтары азып-тозса, қоғам өз ерік-жігерінен айырылып басқаның құлы болатыны белгілі. Қоғамды бөлшектеуден сақтайтын жолдың негізі ол, халықтың талай ғасырлардың тарихи-мәдени кезеңдерін қамтыған ұлттық кодта (рухани және материалдық мұраларында) жатыр. Тарихтан белгілі, отарлаушы мемлекеттер әскердің күшімен қарата алмаған елдің, ұлттық кодын өзгерту арқылы, құндылықтар әлеміне жарақат салады. Құндылықтар әлемінде алынған жарақаттарды уақытында емдемесе, ұлт түрлі топтарға ыдырап, ұлттың өзіндік келбетін жоғалтуға алып келеді. Сондықтан, ҚР тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев қолға алған «Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалары ең алдымен, ұлттың алған жарақатын емдеп, әлемдік жаһандану интеграциясында жұтылып кетпей, нәтижелі жетістіктерге жетудің жолдарын қамтиды. Нәтижелерге жетудің жолы, мемлекеттің ішіндегі азаматтық қоғамның бірлігін сақтаудан тұрады. Бірліктің бекем болуына көптеген құндылықтар әсер етеді. Солардың ішінде әсіресе, мемлекетті құрушы ұлттың индикаторларын тану, мемлекеттің тарихи-мәдени нышандары мен рәміздері құрметтеу және адамгершілікті сақтау жолында бағыт-бағдар берген ойшылдардың шығармаларын тану жатады. Қақтығыстардың алдын-алудың негізгі жолы шынайы «азаматтық қоғамды» құруда жатыр. Ол үшін мектепте оқитын оқушыларымыздың «Өзін өзі тану», «Адам және қоғам», «Мәдениеттану», «Саясаттану» пәндерін өту барысында «Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламаларымен байланыстырып өткізсек жетістіктерге жетуге болады. Ал, азаматтық қоғамды хакім Абайдың сөзімен ашсақ: «біріңді қазақ, біріңді дос, көрмесен істің бәрі бос»-дегендей, адамсүйгіштік принципіне негізделмеген азаматтық қоғамның діңгегі мықты болмайтынын көрсетіп отыр. Жалпы, азаматтық қоғам-әрбір тарихи кезеңде, құндылықтар жүйесінің мәдени дағдылары арқылы адам мен қоғамның сұранысын қанағаттандыратын мәдени бірегейлікті анықтайтын интеграциялық әдіс. Шынайы адамсүйгіштік ұстаныммен жүзеге аспаған азаматтық қоғам, тек жасанды формаға ие болып қалады. Ұлттық кодты тануда, сананы жаңартуда қоғамның әлеуметтік-мәдени саласын зерттеген ойшылдардың орны ерекше. Қазақ дүниетанымын таныған және қоғам бұзылуының алдын-алу жолын іздеген ойшылдарымыздың мұраларына көңіл бөлу қажет.

3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК - МӘДЕНИ КОНФЛИКТІЛЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ДІН ФАКТОРЫ

3.1 Қазақстан Республикасында дін факторының ықпалымен туындаған әлеуметтік-мәдени конфликтілер

Кеңес заманында Қазақстанда атеизм салтанат құрса, тәуелсіздікпен бірге діни сенімге еркіндік беріліп, әсіресе жастар ата дінге аса қызығушылық танытты. Осылай сағаттың маятнігіндей діни санадан атеизмге, атеизмнен діни санаға ауытқу үрдістері алмасты. Социализм күйреп, дін қоғам назарын өзіне аудара бастағанда билік те, оппозициядағы саясаткерлер де елге тартымды көріну үшін дінге икемделіп, діни дәстүрге жүгіне бастады. Зайырлы интеллигенция өкілдері шынайы кісіліктің тірегін, рухани жаңарудың амалын діннен іздеді. Қоғамдық қозғалыстар да біржақты діни, ұлттық сипат алды. Идеологияланған империя халықтарды орыс тілі, мәдениеті негізінде бірыңғайлап, бір ізге бағыттап, ұлттық діни мүддені қорғауға мүмкіндік бермеді. Осыдан отарланған кеңестік республикаларда жинақталған қарсылық күш сыртқа тепті, бірақ ол орыс ұлтына, мәдениетіне қарсылық емес еді. Екінші жағынан, дінге деген еркіндікті ішкі және сыртқы радикалды исламдық және христиандық саясаттанған ұйымдар пайдалануға тырысты. Плюрализм, демократия, зайырлы мемлекет идеяларын бүркемелеп діни бірлестіктер, қорлар қаптады. Мұның себебі – діни сауатсыздық, жастық албырттық, өмірлік тәжірибенің аздығы, өмірден өз орнын таппау, әлеуметтенудің қалыпты үдерісінің бұзылуы, әлеуметтік жағдайлар, рухани әлемнің жұтаңдығы, торығу, жалғыздық, рухани тірек іздеу, ақпараттық материалдардың тасқыны, еліктеушілік, қоғам өміріндегі көрініс берген маргиналды құбылыстар, постмодернистік ұстанымдар [79].

Дін идеологиялық қызмет атқара ала ма? – деген сауал тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жиі қойылды. Социализм күйреген тұста қоғам жаңа дүниетанымға зәру болғаны рас. Ал жаңа дүниетаным қандай талаптарға сай болуы шарт? Екіншіден, ол әмбебеп, күнделікті өмірде адамға бағыт-бағдар беретін көзқарас болуы керек; оған сенетін, иланатын, бұқара санасына сіңіре алатын қолдаушылар керек болды. Қалыптасқан жағдайда ондай дүниетаным бола алатын тек дін болып көрінді. Дін өкілдері мен діни бірлестіктердің мәртебесі өскені рас. Олардың еліміздің әлеуметтік, саяси өміріне, билікке ықпал жасауға тырысқаны да белгілі. Әсіресе мектептер мен жоғары оқу орындарына, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметіне әсер етті. Діни ұйымдардың бұқара қоғам тіршілігіне қатынасы өзгерді, олар енді сырттай байқаушы болмады. Өтпелі, аумалы - төкпелі заманда дін тұрақтылыққа да, дау конфликтілерге де себеп болуы мүмкін еді.

Қазақстандық қоғамның қазіргі заманғы проблемаларының ішінде діндарлық, көпконфессионалды даму және діни төзімділік проблемалары маңызды орын алуда. Қазақстандағы қазіргі діни жағдайдың ерекшелігі жаһандану процестерімен байланысты, бұл көптеген әлеуметтік-мәдени өзгерістерге және көптеген проблемалардың шиеленісуіне әкелді, олардың

бірі әлемдік діндердің конфликтілері болды. Сонымен бірге түрлі діни дәстүрлердің өкілдері арасындағы өзара түсініспеушілік барған сайын айқын бола түсуде. Сонымен қатар, кейбір діндер «өркениеттер конфликтілеріне» қатысу арқылы саяси мәнге ие болады. Бұл проблеманы өзара төзімділік пен сыйластық қағидатын қалыптастыру жолымен, сондай-ақ дінаралық үнқатысуды күшейту жолымен ғана шешуге болатындығы және шешілуі керек екені сөзсіз.

Жаңа діни ұйымдардың қоғамға әкелетін проблемалары: Діни фундаментализм – кез келген дінге тән консервативтік әлеуметтік мақсатты ұстану. Діни фундаментализм әлеуметтік және саяси тұрақсыздық жағдайда туады. XX ғасырдың бас кездерінде АҚШ-та модернизмге қарсы фундаменталистік көзқарас қалыптасты. 1912 жылы бұл ағым «Негіздер» атты басылым шығарды. 1919 жылы Филадельфияда дүниежүзілік христиандық фундаменталистік қауымдастық құрды. 1942 жылы протестанттық фундаменталистер Ұлттық евангелшіл қауымдастығын құрды. 1972 жылы АҚШ-тың Сан-Диего қаласында христиандық колледж жанында креационизм институты жаратылыс идеясын қолдаушылар зайырлы гуманизм мен діни модернизмге қарсы шықты. Жалпы барлық дәстүрлі емес діни ағымдарға немесе жаңашыл ұйымдарға тән нәрсе, осы ұйымның басшылары саяси мақсаттарында, билік жүйесінде өз агенттерін ұстау. Бұл ағымдардың негізгі іліміне тән: ол «ақыр заманды болжау», «жоғарғы ақыл оймен» байланысқа түседі, «өлгеннен кейін қайта тірілу» мүмкіндігі мен «о дүниеде жақсы өмір сүру» деген мүмкіндіктерді жиі айту арқылы сананы улайды. Евангелшіл христиан-баптистерінің қауымдары мыңнан аса сенушілерді біріктіреді. Евангелшіл-христиан баптистер Қазақстан евангелшіл христиан-баптистері шіркеулерінің одағын құрды. Бірлестіктің орталығы Қарағанды облысының Сарань қаласында орналасқан. Евангелшіл христиан-баптистердің қауымдары мен топтары бар. Шетелдік миссионерлердің белсенді қызметі арқасында неопротестанттық ағымдардың харизматикалық қауымдары - «Агапе», «Жаңа өмір», «Новое небо», «Благая весть» т.с.с. таралуда. Миссионерлер киелі ақиқатқа сенім, жаратушыға құлшылық ету, өз діни қауымдастығымен ортақ ниеттес, ықыластықта болу адамның өзін-өзі тануынан (самоидентификация), ұлттық құндылықтарынан маңыздырақ дейді. Көне заманда дін ұлт тұтастығының кепілі болды, ал бүгінгі әлемде рухани ахуалдың даму үрдісі діни дүниетанымның да іргетасының әлсірегенін байқатады. Бүгінгі адамзатқа шынайы діни тұжырымдамалар мен жалған догматикалық, адамдыққа жат парықсыздықты айыру қиын болып барады. Осы осалдықты, тіпті дағдарысты пайдаланып әртүрлі миссионерлер көптеген елдерде қызмет етуде.

Қазақстанда өзінің қауымдастығын ашқан кәріс текті американдық миссионер Джозеф Ию болды. 1991 жылы ол асқан белсенділік танытып Қарағандыда «Грейс» шіркеуін ашты, оның 68 филиалдарының ықпалында бес мыңға жуық қолдаушылары болды. Пресвитериан діни бірлестіктерінің күшімен бірқатар діни оқу орындары ашылды. Алматы діни академиясы,

Қазақстандық евангельдік христиан семинариясы, «Жарық» Библия институты, «И. Навин» евангельдік семинариясы, тағы басқалар. Осындай жаңа діни қозғалыстар қызметі қоғам қауіпсіздігі мен адамның физикалық саулығын көрсеткендей болады. Мысалы, олар жалған сауықтырулар мен медициналық білім беру, сонымен бірге эзотерикалық түсіндірмелерді алға тартып елді алдайды. Тағы бір қызығы, күнмен емделу жолдарын көрсетіп, медициналық білімдерді тәжірибеден өткізетіндер «Аллы-аят», Фархат-ата, «Ата жол» сияқтылар. Осы сияқты жалған діни қозғалыстың деструктивті мәні бостандық, құндылық, тұлғалық, құқықты елдердің Конституциясына жағымсыз қатынас аумағындағы мемлекет пен дін қарым-қатынасына қатысты қылмыстық әрекетке дейінгі қызметтер көрсетіледі. Қоғамның құқықтық тірегіне қатысты жалған діни қозғалыстардың ілімі мен тәжірибелері дәстүрлі этникалық құндылықтарды, ұлттық моралды, жанұяны бұзып, бассыздықты, арсыздықты, аморализмді және тағы басқаларды тартады. Сектанттық коммундар заманауи діндарлар айтуы бойынша күнделікті дәстүрлі жанұялық формаларын жатақханаға ауыстырып, сиқыр мен алдап-арбау тудырушы қызметтің негізгі түріне қолданды. Олар біртіндеп адамды жанұясынан, қоғамнан, өз халқының ру тайпалық коммуникациясынан, дәстүрлік-мәдени болмысынан мүлдем алыстатып, жұрдай етеді. Ел азаматтарының физикалық және психологиялық саулығына кереғар әсер етіп құндылықтарының алыстатылған мәңгірттенген адам қатарынан табылады. Қазақстан Республикасында мекендей тұра азаматтық борыштарын орындаудан бас тарту, заңға қайшы әрекеттер, басқа дінді ұстанушылардың еліміздің мемлекеттік рәміздерін мойындамауы заңға қайшы әрекеттер болып табылады. Мемлекеттің идеологиялық қауіпсіздігі тұрғысынан жалған діни құрылымдар прозелитизмді қоғамға сыртқы көзқарастар, қызығушылықтар мен құндылықтарды жүктейді. Қазақстандықтардың әлеуметтік-мәдени бірегейлігін ыдыратып, қазақстандық патриотизмді, отанға деген шын ықыласы мен отансүйгіштігін бұзады. Осындай ағымдар қоғамға «біз», «олар», «өзіміз», «дұшпандар» сынды жіктелуге әкеледі. Жалған діни қозғалыстар елдің қауіпсіздігіне қатер төндіреді. Мысалы, «Иегова куәгерлері» пұтқа табынушылықтан бас тартуды дәріптейді. Осы ағымдағы адамдардың айтуы бойынша еліміздің мемлекеттік рәміздері: Ту, елтаңба, әнұран, кейбір мерекелерді пұтқа табынушы деп санап, бұлар отан сүйгіштіктен бас тартады. Бұлар өз діни ұйымдарының билігін мойындамайды.

Жоғарыда айтылғандай, соңғы жылдары Қазақстанда діншілдік өсім алып отыр, көптеген мамандар жалпы халық санасындағы адамдардың «жан-дүниелік қорғаныста» өмір сүруі шынайы қажеттіліктен туындап, өздерін моральды құндылық негізінде дінге жүгінуге мәжбүр етеді. Бүгінде Қазақстан Республикасында әлемдегі елдер секілді, дін қоғамдық-әлеуметтік үрдістерде негізгі рөл атқара бастады және халықтың басым көпшілігі осы дін арқылы өзінің дәстүрлі құндылықтары мен адамгершілік қасиеттерін жаңартуға тырысады. Діни бірегейлік көп жағдайда адамның дүниені сезіну

көрінісі ретінде рөл атқарады. Әсіресе, бұл Қазақстандық жастар арасында қатты бақыланады. Қазақстанда жастардың діни идентификациясы мен этникалық құрамы қатаң бақыланған деп есептелінеді [80, 256-259 бб.]. Басқа болжамдар жастардың әртүрлі діни, этникалық топтардың жаңа діни бағыттарға қарым-қатынасына байланысты айтылады. «Өз сенімін» іздейтін топтар және дін адамға туа бітеді деп есептейтін діни консерватор топтары бар. Діни консерватор топтардың пікірінше, дінді өзгертуге не болмаса алмастыруға болмайды, өйткені мұндай жағдайда ол адамгершілікке жатпайды [81, 22 б.]. Осындай дәстүрлі емес бағыттар көптеген азаматтарымызды түрлі әдістермен бағындырып, ғасырлар бойы ел ішінде көрінбеген жік салды, ағайынды араздастырды. Атам заманнан келе жатқан қазақ халқының туыстық қатынастарына кедергі болып, ағайынды бір-біріне жау қылмаса да жат қылды, ал олар күндердің күні жау болмайды деп айта аламыз ба? Әрине, міндетті түрде араларында түсініспеушілік пен араздық болады. Дәстүрлі емес діни ағымдар мен тоталитарлық секталардың антагонизмді насихаттап, басқа жолдағыларға теріс көзбен қарайтыны жасырын емес, керісінше бәрімізге белгілі. Кейбірі азаматтарымызды біріне-бірін айдап, азғырып ғана қойған жоқ, керек десеңіз оларды өз мемлекетіне қарсы қоюшылық жағдайларын туындатып беріп отыр. Бұрын ойда болмаған нәрселер қазір уақытта бір күнделікті әңгімеге айналып барады.

Қазақстандағы діни жағдайға шолу жасасақ, шынымен де дінге адамдар біреудің үгіттеуімен немесе айтқан кеңестері арқылы келгендіктерін білеміз. Қай діннің немесе дәстүрлі емес діни ағымдардың үгіт-насихаты күшті болса, сол дінге адамдар көп барады. Мысал ретінде Қазақстан мемлекетінде протестанттық ұйымының жақсы ұйымдастырылуына байланысты және қарқынды үгіт-насихаттарының мақсатты түрде жүруі есебінен саны көбеюде. Әсіресе қазақ тілінде «Библияны» оқытып, сиынуды қазақ тілінде жүргізетін «Масихшылдар» қазақ шіркеулерінде қазақтар көп жиналады. «Кришна санасы» атты қоғамы - елімізде әрекет етіп отырған жаңа діндердің бірі. Индуизмнің діни ағымы. «Кришна санасы» халықаралық қоғамның негізін салушы – Свами Прабхупада. Бұл діни ағым әсіресе жастар арасында қарқынды таралып келе жатыр. Осы қоғамға байланысты елімізде, нақтырақ айтатын болсақ Алматы облысында жер дауы болды. Бұл діни бірлестік заңсыз түрде 47 гектар жерді иеленген. Миссионерлік діни ұйымдардың діни ілімдерін таратуға арналған діни және насихаттық қызметі Қазақстанда кеңінен таралуы орын алуда. Миссионерлік ұйымдардың шоқындыру саясаты Азия мен басқа да Африка елдері арасында өте тез қарқынмен жүріп келе жатыр. Бұл миссионерлік ағымдар өздерін сол барған мемлекеттерінде қайырымдылық қорлары мен үкіметтік емес ұйымдар, қаржылық топтар материалдық және моральдық тұрғыдан көмектесіп, ортақтаса жұмыс істейді. Миссионерлер баратын ел халқының дінін, тілін, тарихын, салт-дәстүрлерін, толық олардың психологияларын зерттеп, дайындалып барады. Миссионерлердің барлығы дерлік тұрғылықты халықтардың көп шоғырланған мекендерін аралап, сол халықтың дәстүрін,

мінез-құлықтарын өз қызметін табысты атқару үшін жетерліктей деңгейде зерттеп, үйренеді. Осындай ағымдағы миссионерлер еліміздің діни бірлігі мен айрандай ұйып отырған ынтымақты өміріне жағымсыз әсерін тигізіп отыратыны анық. Мысалы, бұлардың басты әлсіз топтары ол жұмыссыздар, қоғамнан, өмірден өз орындарын таппағандар, жеке басы мен отбасындағы психологиялық қиындықтарға төзе алмағандар, ислам дінін терең білмейтіндер, көбіне осал тұстарымыз ол біздің жас буын жастарымыз. Әсіресе осы буын миссионерлердің үгіт насихаттарына тез ілігеді. Жалған діни қозғалыстардың шынайы алға қойған мақсаттары қандай деген орынды сауал туындауы заңдылық. Осындай діни ұйымдар пайдакүнемдік пен меркантилдік мүддені пайдалану үшін ұстаздар мен басшылардан құралады. Осы ұйымға басшылық етіп, оның айналадағыларының дәулеттенуі ұйым есебімен өз мүліктерінен бас тартады. Сектаның барлық қызметтері адам өзінің бұрынғы барлық мойнына жүктелген міндеттерден бас тарту керек деп айтылады. Сонымен осындай деструктивті қозғалыстар адам санасына, психологиясына қауіпті болып табылады. Психологиялық әсер ету белгілерінің ішінен адам біріншіден өзінің арғы түп-тамырларын, өзінің дүниетанымын, мақсатын, өзінің болашаққа деген ұмтылысын, жоспарын толық ұмытады. Жалған діни қауымдастықта оның қорқынышы, ар-ұяты, сезімдері дұғаланғандай болып, өзінің ұйым етіп отырған тобында тәуелді күйін кешеді. Сондай-ақ психологиялық тұрғыда көбісінде жапа шеккен адамда психопатия, шизофрения, суициальді көңіл күй болады. Осындай адамды басқару мен манипуляция жасау өте ыңғайлы болып табылады. Бұндай адамдар айықпас дертке шалдыққан адам деструктивті культтердің потенциалды құрбаны болады. Ондай адамдар барған секталардан өмірдегі өзара түсінушілікті, сенімділікті, келешегінің жарқын болуын іздеп, болашақ үшін қорқыныш сезімдерінен алшақ болуды аңсап, осыған тап болып жатады. Мысалы, мынандай мәселе дәстүрлі емес діни ағымдарға өтіп кеткен кейбір жастарымыз әскери борышын өтеуден бас тартып жатқан фактілерді білеміз, бұл көп емес, осыдан он шақты жылдар бұрын осындай жағдайлар орын алуы мүмкін деген ойлар мүлдем келетінін ойламаған да едік. Осы бірнеше жылдары араб елдерінен шабыт алатын дәстүрлі емес діни ағымдарындағы «салафи» жолын ұстанған 200-ден астам қазақ жастары ел аман, жұрт тынышта Отанынан қашып, бірнеше жыл бойы басқа Еуропа мемлекеттерінде босып жүр деген ақпарат баспасөзде жарияланды. Енді өзіміздің қазағымыз өзімізден басқа кімдерге керек. Соны біздің еліміздің азаматтары түсінбей сондай ағымдардың соңынан кеткені қатты қынжылтатыны бар. Олардың дәстүрлі емес діни ағымдағы салафилердің отанына емес, зайырлы Еуропаны паналағаны өз алдына жеке әңгіме болып отыр.

Әлеуметтік мәселе негізінде туындаған діни фактор конфликттері: соның бір дәлелі Қазақстан «Жусан» операциясының негізінде елге оралған қазақ азаматтары көптеген оңалту орталықтарында психологиялық зардап шеккендер ретінде көмек алуға. Сонымен бірге олармен Қазақстанның

теологтары жұмыс жүргізуде. Теріс ағымда алданып, тұзаққа түскен азаматтар ең әуелі біз білетіндей психологтың көмегіне зәру болып отыр. Бұл көмек әсіресе от пен оқтың ортасынан оралған әйелдер мен балаларға бірінші кезекте керек. Қазақстан Республикасы өзіміздің адасқан қандастарымызға тағы бір мүмкіндік сыйлады. Әрине, қателеспейтін адам жоқ. Жат ағымның жетегінде кеткен азаматтарымызға қолымызды бір сілтесек те болар еді. Бірақ Қазақстан өзінің қазақы болмысы атадан берілген өзіміздің халқымызға тән бауырмалдығымыз біздерді бей-жай қалдыра алмады. Қазақстаннан безіп жат ағымның жетегінде кеткен көптеген отбасылар кездесуде. Сол адасқандардың ішінде тек ер азаматтар ғана емес, сонымен бірге біздің қыздарымыз да кездесті. Көбіне қарапайым, тұрмысы төмен қыздарымыз бен ер азаматтарымыз осындай дәстүрлі емес діни ағымдарға кетіп, адасып жатты. Осындай факт ретінде бір жас қызды келтірсек болады. Осы сияқты тұрмыстық жағдайы төмен небары 16 жастағы қызымыз ата-анасына көмек көрсету мақсатында Алматының бір халал дәмханасының бірінде жұмыс істеген. Сол уақытта оған бір 1991 жылғы Оралдық бір жігіт сөз салып, ата-анасының рұқсатымен, қазақы дәстүрмен ұзатылып, тұрмысқа шыққан. Осындай жас отбасы Алматы қаласында небары 3-4 ай тұрып, күйеуінің айтуы бойынша бұл жақта «сақалмен ешбір жерге жұмысқа алмайтындығын» сылтау етіп, шетел асып бір өзі кетеді. Белгілі спорт түрінен халықаралық турнирлерге қатысқан, шетелдерге жиі шығып жүрген жігітке ешкімнің күмәні туындамаған. Араға екі ай салып Стамбулдан телефон шалған күйеуі жақсы жұмыс тапқанын айтып, келіншегін жанына шақырады. Осылайша күйеуі алдап әйелін шекара асырып, Сирияға алып барады. Содан көп ұзамай келемін деген күйеуінің Ирак асып кеткенін, көп ұзамай шейіт болған туралы қаралы хабар алған. Бірақ сол Сириядағы 5 жыл соғыстың салдарынан денсаулығына зардап келген, құлағы нашар естіп, жиі бас ауруына шалдыққан. Артынан үй ішінен Сирияға ағасы мен жеңгесі іздеу салып келген, бірақ өкінішке оларды алдап, отырған көліктері жарылып кетеді. Осындай бір-біріне ұқсамайтын тағдырлар болса да, бірақ дәстүрлі емес діни ағымдардың жетегінде кеткен тағдырлары ұқсас. Сонда әңгімелесу барысында мамандардың бір аңғарғаны ешқайсысы Құран тәжуидін дұрыс меңгермеген, ақида, сенім мәселесі уахабизмге негізделген, тәкфірлік ұстаным бар. «Кімдерді тыңдадыңыз?» дегенде барлығының айтқан жауаптары бір ауыздан шыққандай болды. Олар «Дарын Мубаров, Халил Шейх, Ринат Қазақстани» деген есімдер естілген, арасында Сайд Бурятский де бар. Сондағы жастарымыздың діни өте сауатсыздығының салдарынан адасушылықтар көп болып, өмірлеріне мәңгі қара сызат түсірген қадам жасауға итермелеген. «Үш негіз», «Таухид» деген кітаптарды білетіндіктерін жеткізген. Сол уақытта айтылған кітаптардағы жазылған мәтіндерді талдауға өтініш жасаған мамандардың түсінгені жастардың айтқан кітаптарының өзін дұрыс меңгермегендіктері байқалды. Діни сауаты төмен, оның үстіне теріс ағымдарға негізделген. Дәстүрлі Ханафи мәзһабынан мүлдем бейхабар болған. Қазақ халқымыздың дәстүрінде бар ата-ананы құрметтеу, ағайынмен

ақылдасу деген қарапайым түсініктен алшақ екенін байқауға болады. Осындай дәстүрлі емес діни ағымдағы азаматтарымыз Қазақстан қоғамында түрлі кофликтілерді туындатуда.

Әлеуметтік желілердің Қазақстан қоғамына тигізген әсері: Қазіргі дамыған заманауи әлемде халыққа ақпараттық әсер етудің түрлі әдістері кеңінен қолданылады. Коммуникацияның әр түрлі арналары, баспасөз, теледидар, радио немесе интернет болсын, біз тауарымызға, қызметімізге немесе мәселеге назар аудару мақсатында, бізге қажетті аудиторияға хабарламамызды ойдағыдай жібере аламыз. Мұндай мысалдар ретінде ислам дінін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихаттауды да жатқызуға болады. Кеңес энциклопедиясында «насихат» термині саяси, философиялық, ғылыми, көркем және т. б. көзқарастарды қоғамдық санаға енгізу және жалпы практикалық іс-әрекетті жандандыру мақсатында тарату ретінде түсіндіріледі [82, 264-269 бб.]. Ушаков түсіндірме сөздігі де «насихат» терминін түсіндіріп өтеді. Бұл сөздікке сәйкес, насихаттау – бұл нақты және терең танысу арқылы қандай да бір идеяларды, ілімдерді, білімді тарату [83, 137 б.]. Британниктің энциклопедиясы қоғамдық пікірге ықпал ету мақсатында ақпаратты, фактілерді, естулерді, дәлелдерді, жартылай басқаруларды тарату процесі ретінде насихат анықтамасын береді. Ал Ожеговтың түсіндірме сөздігі насихаттың келесі анықтамасын береді: «Насихаттау – қоғамда тарату және қандай да бір көзқарастарды, идеяларды, білімді, ілімдерді түсіндіру» [84, 201-202 бб.]. Эдвард Берней сөз кітабында терминнің мына анықтамасын береді: «Қазіргі заманғы насихат – бұл массаның кәсіпорынға, идеяға немесе топқа қатынасы үшін түрлі оқиғаларды жасауға немесе ақпараттық ресімдеуге бағытталған дәйекті, жеткілікті қысқа қызмет» [85, 59 б.].

Бүгінгі таңда технологиялар қарқынды дамып келеді. Осыдан он жыл бұрын адамдар интернетке тек үйде немесе арнайы интернет-кафеде шығу мүмкіндігіне ие болды. Қазіргі күнде коммуникациялық технология дамуымен интернет бізді қоршап алды. Ал планшеттер мен смартфондар пайда болғалы, интернетті үйден тыс жерде ақпарат алу үшін пайдалану, әлдеқайда ыңғайлы болды. Бүгінде көптеген брендтер тұтынушылармен байланыс үшін әлеуметтік медианы пайдаланады. Әлеуметтік медиа – бұл адамдар арасындағы коммуникативтік қарым-қатынас үшін платформа [86, 226-237 бб.]. Қазіргі таңдағы исламды насихаттауда әлеуметтік желілер басымдылықта, соның бірі Instagram әлеуметтік желісін алатын болсақ, келесідей парақшаларды байқауымызға болады. Еліміздің жастарының көпшілігі Instagram әлеуметтік желісі арқылы жаңалықтар оқып, өздеріне идеал тауып отырады. Instagram әлеуметтік желісінде ислам дінін насихаттау да кең ауқымда. Олардың қатарына келесі парақшаларды алуға болады: Асыл Арна телерадиокомпаниясының ресми парақшасы – 1,2 млн оқырманы бар; Ислам Насихат парақшасы – 795 мың оқырманы бар; Мұхамеджан Тазабектің ресми парақшасы – 757 мың оқырманы бар; Ғибратты әңгімелер парақшасы – 565 мың оқырманы бар; Дін Ислам парақшасы – 137 мың

оқырманы бар; Мұсылман парызы – 147 мың оқырманы бар; Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ресми парақшасы (hikmettv) – 122 мың оқырманы бар.

Қазіргі уақытта өзіміз күнделікті қолданып жүрген смартфон, планшетті компьютерлер, ноутбуктер, электронды кітаптар, смартбуктер және тағы да басқа құрылғыларға арналған операциялық жүйенің негізгі әзірлеушілері Android System-ді Google, iOS-ті Apple және Windows Mobile операциялық жүйесіндегі Microsoft болып табылады. Бұл операциялық жүйелердің барлығының да өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары бар. Осылардың ішінде ең танымалы Android болып табылады. Android платформасы түрлі өндірушілердің көптеген құрылымдарына орнатылған. Android-тің операциялық жүйесін Samsung, LG, Lenovo, Acer өнімдерінің барлығынан да байқауға болады, ал iOS тек қана Apple компанияларының өнімдерінде ғана кездеседі. Сондықтан да өте аз таралған Windows Mobile тек Nokia смартфондарында ғана болады.

Қандай құрылғыны алсаңыз да, желілік технологиялар әлемінде интернетсіз, желілерсіз Сіздің құрылғыңыз көңіліңізден шығатынына күмән бар. Сіздің смартфоныңыз, планшетіңіз ең алдымен, шапшаң ақпарат жеткізу, алу, тарату көзі [87]. Соңғы технологиялардың пайда болуы, АКТ инфрақұрылымының (ақпараттық және коммуникациялық технологиялар) және Интернет қосымшаларының таралуы жалпы біздің өмір салтымызға оң әсер етті. Екінші жағынан, бұл технологияларды теріс пайдалану жаһандық және ұлттық қауіпсіздік үшін елеулі проблемалар тудыруы мүмкін. Цифрлық байланыс бізге ешқандай қауіп төндірмейтін орта ұсынады.

Менің зерттеулерім көрсеткендей, бүгінгі таңда Интернет радикализация мен террористік топтардың өте ұтымды пайдалануда тиімді жаңа құралына айналды. Бұл лаңкестерге географиялық шекарадан шығып, әлемнің кез келген нүктесіне өздерінің идеологиялық жұмыстарын қарқынды таратуға үлкен мүмкіндік берді. Көптеген сенімді мысалдарды келтіруге болады, өйткені бүкіл әлемде киберкеңістік арқылы радикалдану тек концептуалды емес, жаңа құбылыс екенін көрсетеді. Айырмашылық экстремистік және террористік топтар өздерінің идеологиясын тарату үшін Интернеттегі контентті инновациялық жолмен пайдаланады. Ғаламтор радикализация мен террористердің адамдарды жалдау мүмкіндіктерін кеңейтті. Мемлекеттілік үшін территориялық ұғым кибер-жындарға қатысты болған кезде ескірген, ал экстремистер оны үгіт-насихат үшін әртүрлі жолмен қолдана алады.

Көптеген ғалымдар интернетті қоғамдағы радикализация мен әлеуметтік конфликтілердің үдеткіші деп анықтады. Өйткені, бұл террористерге адамдармен байланыссыз тіпті радикалдануға көмектеседі. Интернетті қолдана отырып, террористер осал топтарға өздерінің идеологияларын уағыздау үшін қол жеткізе алады. Террористер желідегі платформаларды басқару үшін әртүрлі әдістерді қолданады. Кейде олар арнайы сайттар жасап, оларды мемлекеттік бақылаудан жасырады. Олар

сонымен қатар әртүрлі әдістерді қолданады, мысалы өлі тамшылар және радикалды құрамды паразиттік тарату. Атап айтқанда, Facebook және Twitter сияқты әлеуметтік желілерде лаңкестердің өте тиімді, қолайлы пайдаланатын, сонымен көптеген мүмкіндіктері бар.

Әлеуметтік медиа пайдаланушылардың көптігіне және кең таралуына байланысты көп адамға қол жеткізудің оңай әдісін ұсынады. Кез-келген адам жасырын немесе жеке топ құрып, осы топқа радикалды мазмұндағы ақпараттарды орналастырып, қажетті сандағы адамдарды қоса алады. Экстремистер әлеуметтік желілерді қолдана отырып, ғаламтордағы идеологиялық жұмыстарын жасырын түрде жүргізуді жалғастыра алады. Егер біреу дәлелдермен осы топ туралы шағымдарын түсіргеннің өзінде, мұндай торлар мен топтарды анықтау өте қиынға түседі. Террористер өздерінің жеке веб-сайттарын құра алады немесе радикалды хабарламаларын тарату үшін қолданыстағы онлайн-платформаларды тиімді пайдалана алады. Біздің елімізде Интернет кеңістігінің кеңеюін ескере отырып, Қазақстан да осы мәселелермен бетпе-бет келуге тура келеді.

Желідегі радикализация жақын арада Қазақстанның қауіпсіздігі үшін одан да ауыр болуы мүмкін. Біздің елдің үкіметі түрлі салаларды цифрландыруға басымдық береді, ал интернетті пайдаланушылар саны жыл сайын тұрақты өсуде. Веб-қолданушылар санының өсуі онлайн радикализацияға көбірек мүмкіндік туғызды. Кейбір топтар ИГИЛ және Аль-Каида (Қазақстан Республикасында тыйым салынған) сияқты жаһандық террористік ұйымдармен жасырын байланыс орнатып, олардан күрделі техникалық дағдыларға ие болуы мүмкін. Олардың осы жаһандық террористік ұйымдармен физикалық байланысының нақты дәлелдері болмаса да, виртуалды әлемде жасырын байланыстарды сақтау мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды.

Олардың интернеттегі қызметі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін. Қазақстан жастары әсіресе радикалдануға бейім. Жас ұрпақ техникалық білімді, бірақ киберқауіпсіздік туралы білмеуі мүмкін. Экстремистер өздерінің сезімдерін, мысалы, діни сезімдер мен әлеуметтік-экономикалық жағдайларды шебер қолдана алады.

Біздің үкіметке Қазнетті ашық және жаңашыл ұстай отырып, өз азаматтарын киберқауіптерден қорғау қиынға соғады. Бастапқыда осындай мазмұнның көлемін азайту үшін бақылау, сүзу және радикалды контент өндірушілерге қарсы сот іс-әрекеттері сияқты шаралар жалғасуы керек. Ел өзінің техникалық мүмкіндіктерін және киберкеңістікті бақылау және сүзгі мазмұнын бақылау үшін тәжірибелі жұмыс күшімен бірге дамытуы керек. Сонымен қатар, азаматтардың интернетке кіруін шектемей, сөз бостандығын қамтамасыз ете отырып, осы әрекеттерді басқару үшін нақты белгіленген заңдар мен киберқауіпсіздік стратегиясын жасауы керек. Осындай желілердегі жалған діни идеологиялық ақпараттармен күресу мақсатында Республикалық телеарналарда 110-нан астам бағдарламаның шығуы ұйымдастырылды (журналистік зерттеу жанрындағы деректі фильмдер, ток-

шоу, жаңалықтар, сұхбаттар). Аталған бағдарламаларға мемлекеттік органдардың, ғылыми-сараптамалық қауымдастықтың, ҮЕҰ-дың, Қазақстанның мұсылмандар діни басқармасының өкілдері жұмылдырылды («Интервью», «Сұхбат», «Бастау керек» (Хабар 24); «Біздің назарда», «Терроризм тұзағы», «Жаһандық саясат» (Хабар); «Портрет недели» (КТК); «Бетпе-бет», «Апта» (Қазақстан). Жоғарыда көрсетілген мақсаттарды іске асыруға бағытталған ірі жобалардың бірі «Kazislam» ақпараттық интернет-порталының жұмысы болып табылады. Жылдың басынан аталған порталда 5,5 мыңнан аса ақпараттық-ағартушылық материал әзірленіп жарияланды (оның ішінде 4 411 жаңалық, 1 000 сұхбат пен мақала, 180 аудио-бейне материал). Аталған материалдар «Youtube.com», «KazTube» бейне арналарда және «Facebook.com», «Twitter.com», «ВКонтакте» танымал әлеуметтік желілерінде шықты. Сайтты қарағандар 93 мың, сайтқа кірушілер саны айына 45 мыңнан асады. Жарияланатын материалдар саны артты, егер 2013 жылы материалдар саны 3,3 мыңнан асса, 2018 жылы аталған көрсеткіш 40 % артты. Ресурсты пайдаланушылардың басым бөлігі Қазақстан тұрғындары – 92,2%, РФ – 2,9%, Түркия – 2%, США – 1,2%, Қырғыз – 0,7%, Украина – 0,3% [88].

Халық Қазақстанда Президент Н.Ә. Назарбаев негізін салып кеткен діни бірлік пен рухани тұтастық саясатын қолдап келеді. Соның арқасында көп ұлысты Қазақстан қоғамында әр түрлі діни қауымдастықтардың арасында бірлік пен татулықтың орын алуына мүмкіншіліктер жасалуда. Бұл ұстанған бағыт елдің рухани салаларын дамытуға көмектесері сөзсіз. «Дін қоғамды құлдыраудан сақтайтын бірден бір құрал. Егер де барлық адамдардың құрметіне бөленген қасиетті заң болмаса қоғам құлдырайды» [89, 28-31 бб.]. Өңірлердегі медреселердің негізгі мақсаты – сол аймақтағы балаларды оқытып, сол өңірлерге мамандық бойынша қызметке тағайындау [90, 3-5 бб.]. Медреселерде қазақ, өзбек, тәжік, түркімен және де тағы басқалар ұлт өкілдері білім алады. Қазақстанда 15 діни білім беру ұйымдары, мешіттер мен жексенбілік мектептерде 400 бастауыш курстар, діни ғимараттардан тыс жерде діни іс-шаралар өткізуге арналған 383 мекеме, майлану, намаз оқу бөлмелері мен шіркеулер бар. Діни әдебиетті және басқа да діни-ақпараттық материалдарды таратуға арналған 257 арнайы стационарлық үй-жай анықталды [91, 148 б.].

Радикалды исламдық бағыттағы ағымдардың қоғамға тигізетін зардаптары. Қазіргі таңда деструктивті, кей жағдайда тіпті радикалды исламдық ағымдардың белсенді әрекеттері елдің ұлттық өзіндік ерекшелігінен айырылып қалу қаупіне апарып соғуы мүмкін. Ол ең алдымен діндар жұртшылықтың біздің төл қазақ дәстүрлерінен бас тартып, оны жоққа шығарып, фундаментальды және радикалды идеялардың күшеюінен көрінісін табады. Сондықтан да мемлекеттің алдында тұрған басты мақсаттарының бірі - қоғамымызда діни процестердің саясаттануына жол бермеу. Осы орайда, маңызды болған мәселенің бірі, бұл – дәстүрлі емес діни қозғалыстардың қызметтерін ретке келтіру. Себебі, олардың әрекеттері

қоғамда кeрaғap көзқарастар туғызып келеді. Өйткені, қазіргі таңда ұлт және дін, тарих және дін, дәстүр және дін мәселесі де терең байыпталмай келеді. Дінді салтпен, дәстүрмен шатастырушылар көбеюде [92, 8-11бб.]. Соңғы жылдары посткеңестік кеңістіктегі елдерде (Өзбекстан, Ресей, Қырғызстан және т.б.) экстремизм мен терроризмге шақыратын дәстүрлі емес діни ағымдардың енуі Қазақстан үшін толерантты діни ландшафттың бұзылуында теріс салдары болуы мүмкін миссионерлердің агрессивті прозелитизациямен байланысты. Аталған конфликтілердің біразы Батыс Қазақстан аймақтарында орын алды. Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау аймақтарындағы оқиғалар легі кейбір экстремистік ұйымдардың тармақтары Қазақстанға аса қауіпті екендігін көрсетті. Сонымен Қазақстанның басқа да аймақтарындағы көріністер болды. Орын алған экстремистік әрекеттерге келесідей шолу жасауға болады: Ақтөбе қаласының ҰҚК ғимаратының жанында жарылыс орын алып 4 адам жарақаттанды. Жарылысты террорист «шаһид» ұйымдастырды деп болжануда [93]. 2011 жыл 24 мамыр. Астана ҰҚК абақтысы жанында көлік жарылды. Көліктен 2 адамның – Қазақстан мен Қырғызстан азаматтарының мәйіттері табылған [94]. 2011 жылдың 1 шілдесінде Ақтөбе облысының Шұбарши ауылында патрулді-постық қызметтің полицейлері белгісіздердің оғынан қаза тапты [95]. Осындай мысал ретінде бірнеше жағдайларды келтіруге болады. Сонымен экстремистер тек мұнайлы Батыс өлкеде емес, басқа өңірлерде де әрекет етеді. 2011 жылдың 11 шілдесінде Қарағанды облысы Балқаш қаласының 159/21 колониясына жарылыс орын алғандығы туралы ақпарат тарайды. Ресми ақпараттар бойынша, түрмедегілер түрме күзетшілеріне қарулы шабуыл ұйымдастырған. Бірнеше адамдарды өлтіріп, бірнеше адамдарды жаралаған, түрмедегілер ПМ арнайы жасағы келген кезде өздерін оттегі баллоны арқылы жарып жіберді [96]. 2011 жылдың 31 қазанында Атырау қаласында облыстық әкімшілік пен прокуратура ғимараттарының жанында екі жарылыс орын алды. Жарылыс террористтің өзін жаруы арқылы жүзеге асады. Аталған оқиғаға қатысты «Терроризм» ҚР ҚК б.п. 2 ч. 233 б.), бабы бойынша іс қозғалады. Тексеру амалдарының нәтижесінде жарылыс ұйымдастырушылардың террористтік тобы 2009 жылы жиһадтық идеялар, соның ішінде Солтүстік Кавказда қаза тапқан экстремистік идеологияның уағызшысы Саид Бурятскийдің ықпалымен құрылғандығы анықталды. 2011 жылы топ мүшелерінің «Джунд-аль-Халифат» (Халифат сарбаздары, аталмыш ұйым Қазақстан азаматтары Ринат Хабидолла, Орынбасар Мұнатов және Дамир Зналиевтардың Қазақстан аумағында террористік әрекеттерді ұйымдастыру мақсатымен құрылған) террористік ұйымымен қатынасқа түскендігі анықталды [97]. 2016 жылдың жаз айларында Қазақстанда екі теракт ұйымдастырылып, орын алған болатын. Бірінші теракт 5-маусым айы кездерінде Ақтөбе қаласында экстремисттік топтар қару-жарақ қоймалары мен әскери бөлімдерге шабуыл жасаған болатын. Соның нәтижесінде 8 адам қайтыс болды, оның 38 зардап шеккен. Екінші теракт 18 шілде Алматы қаласында Никольский базар аймағында ер адам автоматтан оқ жаудыртып,

нәтижесінде 5 адам сол ұйымдастырылған теракттың құрбандарына айналған (үш адам полиция қатарынан, 2-і азамат). Кейіннен істі тергеу барысында қылмыскерлер дәстүрлі емес діни ағымдарының өкілдері болып шыққан. Сондай-ақ осындай экстремистік бағыттағы терактілер Қазақстанның басқа да өңірлерінде орын алған [98]. Келесі ақпарат Қазақстанның республикалық сайттарында жарияланды-Алматы соты терроризм фактісі бойынша адамды 10 жылға бас бостандығынан айырды. «Қазақстан азаматы А.Битимбаевқа қатысты терроризм актісіне дайындық фактілері, терроризмді насихаттау, діни араздықты қоздыратын және заңсыз атыс қаруын иемдену фактілері бойынша сот үкімі заңды күшіне енді», - хабарламада айтылған.

Деструктивті діни идеологияның жақтаушысы және Қазақстан Республикасында тыйым салынған ДАИШ халықаралық террористік ұйымының қолдаушысы ретінде назарға іліккен. Тексеру барысында Интернеттегі «ДАИШ» үгіт-насихатының әсерінен жаппай халықты мекендейтін жерлерде жарылғыш заттарды қолдана отырып, террористік шабуыл жасауға дайындық ұйымдастырғалы жатқандығы туралы ақпарат алынды. «Сондай-ақ, тексеріс нәтижесінде, жаппай халық жиналатын жерлерде жарылғыш заттарды қолдана отырып, террористік шабуыл жасауға дайындалғаны туралы ақпарат алынды», - делінген комитет хабарламасында. ҰҚК мәліметі бойынша, үкімді Алматы қаласының Алмалы аудандық соты шығарды. Белгілі болғандай, күдікті сәуір айында Алматыда ұсталған және тергеушілердің сөзіне қарағанда, Сирияға баруды жоспарлаған. Тінту барысында одан қару-жарақ пен қолдан жасалған жарылғыш құрылғының бөліктері тәркіленген.

2018 жылдың шілдесінде ҰҚК Таяу Шығыста соғыс басталғаннан бері 800-ге жуық қазақстандық азамат Сирия мен Иракқа кеткенін хабарлады. Сол жылдың басынан бері Сириядан 500-ден астам қазақстандық шығарылған, оның басым бөлігі негізінен әйелдер мен балалар. Бірнеше қайтарылып әкелінген адамдар террористік және экстремистік қылмыс жасады деген айыппен түрмеге қамалған болатын [99].

Әлеуметтік-мәдени конфликтілерді біздің Қазақстан Республикасындағы ЖББОМ мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтау мәселесін толыққанды шешу әлі болса да бір жолға қойылмай келуінен байқауымызға болады. Соның салдарынан қазіргі таңда көптеген Қазақстанның білім ордаларында бірегей формаға байланысты мәдени-әлеуметтік конфликтілер орын алуда. Сонымен жергілікті Дін істері басқармаларының мәліметіне сүйенсек, елімізде ислам дінін ұстанатын және діни салт-жораларды тұрақты түрде орындайтын 416 947 діндар мұсылмандар бар. 2017-2018 оқу жылының басынан бері білім беру мекемелерінде оқушы қыздарының хиджаб (орамал) тағынып келуі салдарынан 2462 ЖББОМ мектеп формасын киюден бас тарту талаптарын бұзу фактілері тіркелген болатын. Сондай-ақ ҚР БҒМ мәліметтеріне сүйенетін болсақ, 2017 жылы 1 қараша айының жағдайына байланысты, мектепте оқитын оқушы қыздарымыздың орамалды шешуден бас тарту

негізінде 193 баланың мектепке бармау фактілері тіркелген. Оның ішінде Батыс Қазақстан облысында – 101 және Маңғыстау облысында – 1, Атырау қаласында – 91. Мектепке орамал тағып келуші қыздарымыздың саны – 0,15 %- ын құраған. Оқушылармен зерттеу, әңгімелесу жұмыстарын жүргізу барысында, осындай факторлардың орын алуы (мектепке барудан бас тарту) ата-аналарының қысым көрсетілуі нәтижесінде туындаған екен. Осындай діни негіздегі факторлар Қазақстан Республикасының аймақтарындағы Астана мен Ақтөбе қалаларында орамал таққан оқушы қыздарды мектепке кіргізбегені үшін бірқатар ата-аналардың мектеп әкімшілігін сотқа беру жағдайлары тіркелген. Қазақстан Республикасындағы қазіргі ахуал мектеп формасын сақтау мәселесіне қатысты шаралар екі бағытта қатар жүргізілуде:

1. Мектеп оқушыларымен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
2. Құқықтық тәжірибені қолдану.

Мәселенің түбегейлі шешілмеуі, қазіргі таңда басқа тиімді жолдарды қарастыру, пәрменді тетіктерін қалыптастыру қажет екеніне көзіміз толық жетіп отыр. Бұл жерде екі тарапқа да ортақ бір шешімге келу керек. Сонымен басты мәселе, бұл орайда Қазақстан қоғамындағы хиджаб киюші контингент ерекшеліктерін анықтап алған абзал. Қазақстандағы хиджаб киімін киюшілерді немесе субъектілерін бес негізгі топқа бөліп қарастыруға болады: 1. Дәстүрлі емес діни ағымдарын ұстанушылар немесе қоғамда салафи ағымы деген атпен кең танымалды болғандар; 2. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мешіттеріндегі әйелдер жамағаты мүшелері; 3. Түрік жамағаттары негізінде топтасқан дербес ұйымдар өкілдері; 4. Жеке өздерінің діни ұстанымы негізінде хиджаб киюшілер немесе ешбір жамағатқа қосылмағандар, өздігінен жүрушілер; 5. Діни емес, дүнияуи мақсатпен (сән үлгісі ретінде немесе тұрмысқа шығу мәселесін шешу үшін) хиджаб киетіндерді осылай классификациялауға болады. Бір айта кетерлік мәселе, қазіргі уақытта кем тұстарының бірі хиджаб киюшілердің неше пайызы қай топқа немесе жамағатқа жататынын, қай топ өкілдерінің басымдықты құрайтынын жергілікті Дін істері басқармаларының зерттеулеріне немесе есептеріне сүйене отырып бар шынайылықты айқындау қазіргі күнде мүмкін болмай тұр. Бірақ айта кететін жағдай тізімде көрсетілген киім үлгілерінің алғашқы екі топтың саны басымырақ және де белсендірек екенін атап көрсетуге болады. Көбіне дәстүрлі емес ислам ағымдарын ұстанушылар бір ортақ келісімге келмейтін, үзілді-кесілді ұстанымдарымен ерекшеленеді. Мектептегі хиджаб мәселесін ушықтырып отырғандар да негізінен дәстүрлі емес ислам ағымдарын ұстанушылар. Тағы айта кететін жайттардың бірі осы санаттағы, яғни дәстүрлі емес ислам ағымындағы азаматтарымыз мектеп жасындағы қыз балаларға хиджаб кигізумен қатар шектеліп қана қоймай, сонымен қатар төменде көрсетілген әрекеттерін жүзеге асыруға тырысқан: балаларды «Өзін-өзі тану», «Биология», «Анатомия және физиология», «Бейнелеу», «Музыка» сияқты пәндерге қатыстырмау немесе үй тапсырмаларын орындатпау; дене тәрбиесіне, би өнеріне қатысты үйірмелерге қатыстырмау; мектеп бағдарламасындағы жекелеген пәндер

(тарих, қоғамтану) мазмұны мен зайырлы білім жүйесіне қарсы сыни көзқарас қалыптастыру; мұсылмандық тұрмыс салты мен ислами тәрбиені идеалдау, қатаң ұстану арқылы зайырлы өмір салты мен зайырлы негіздегі тәрбиені қарама-қайшы құбылыс ретінде таныту және терістеу; ұлттық, халықтық, мемлекеттік мерекелерді мансұқтау арқылы көзсіз исламдануды күшейту; шариғат заңымен басқарылмайтын зайырлы мемлекеттік құқықтық жүйесіне қарсы көзқарастар қалыптастыру; өздерін және отбасын зайырлы мемлекет заңнамасынан зардап шегуші ретінде бағлай отырып, зайырлы жүйені әділетсіз жүйе ретінде таныту және оған қарсы көзқарастарды тұрақты түрде насихаттау.

Жоғарыда көрсетілгендей Қазақстан қоғамындағы мектеп формасына қатысты дәстүрлі емес ислам өкілдері туындатып отырған мәселелер бір мезгілде көптеген діни негіздегі әлеуметтік құбылыстармен ұштасады. Сондықтан бұл мәселенің оңтайлы шешім табу өзге іргелес мәселелердің тікелей немесе жанама түрде шешілуіне ықпал ете алады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының басшылығы мен қызметкерлері мектеп формасына қатысты талаптарды құптамайды және өздерін ресми ұстанымдарында бұл көзқарастарын жанама жолмен білдіріп отырады. Оның бір мысалы ретінде ҚДМБ 2016 жылы қыздардың етек, жеңдерін жауып, ұзын киім киіп жүргендерін қалайтындарын құптап жазған. Осындай ұстанымды «Ислам және өркениет» газетінде жариялағанда, «орамал тағу» мәселесі айтылған [100]. Бұл Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының көрсетілген позициялары мен көпшілікке ұстанған позицияларының біркелкі болмағандарының дәлелі. Сондай-ақ осындай мәселелер сайттарда да жарияланып отырғаны белгілі. Қазақстан қоғамында жеке тұлғалар тарапынан хиджап мәселесінің насихатталуы аса белсенді емес. Бұл фактіде көбінесе мектеп жасындағы қыз балалары бар, мектеп формасына қойылатын талаптарымен келіспейтін жекелеген ата-аналар жеке тұлғалардың жазбалары әлеуметтік желілерде көбірек таралуда. Ескеретін бір мәселе – осындай ақпараттарды әлеуметтік желілерде тұтынып, ары қарай тарататындардың басым бөлігі «хиджаб» феноменінің көлеңкесіндегі идеологиялық мәселелерді түсіне бермейтін, әсіресе дәстүрлі емес ислам ағымдарының қауіпінен хабары жоққа тән, исламға бүйрегі бұруымен ерекшеленетін қарапайым жұртшылық болып табылады. Олардың бір бөлігі ең бірінші діни сауаты төмен, психологиялық тұрғыдан әсіре діншілдікке бейім, ұрандарға қосыла кетуге дайын тұратын, соқыр діндарлыққа ұрынуға икемді топтар. Көбіне олар әлеуметтік желілер арқылы мәнісіне жетпесе де митинг ұйымдастыру, петиция жасау ұранына қосылып, мәселені ары қарай ушықтыруда. Екінші бөлігі – әзірге байыптың соңын бағып, ақпаратты жай таратумен шектеліп, белсенділік танытпай сақтанып жүргендер қатары. Соңғы нәтижесінде қай жеңгені жағына қосылуға дайын бұл топтардың басым бөлігі ҚМДБ имамдарының отбасы мүшелері және мешіттердегі әйелдер жамағатының өкілдері құрайды.

Сонымен, тұтастай алғанда қазіргі Қазақстан қоғамында мектептегі орамал мәселесін көтеруші субъектілерді негізінен дәстүрлі емес ислам ұстанушылары және дәстүрлі көзқарастардағы әсіре діншіл тұлғалар деген үлкен екі топқа бөлуге болады. Ымырашыл көзқарастағы, байсалды түсініктегі мұсылман үшін қазіргі заман мен қоғам талабына сай мектеп формасын сақтау мәселесі орынсыз жалаулатуды шектеушіліктің, дамуға бейім болмаудың, соқыр сенімге бейімділіктің көрінісі деп қарауға негіз бар. Осындай орын алған жағдайлардың реттелуі қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы мектеп формасына қатысты құқықтық нормалар Ата Заң Конституциясында бастау алады. ҚР Конституциясының 22 – бабына сәйкес «әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар». Бірақ дәл осы бапта жазылғандай, «ар-ождан бостандығы құқығы жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс».

Яғни сол бостандыққа қатысты құқықтық нормаларда оның шет-шегі де айқын көрсетілген. Көріп отырғанымыздай, азаматтық қоғамда мектеп формасын сақтауды негіздейтін заңнамалық нормалар елімізде толығымен жасақталған. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңының 2007 жылғы 27 шілдедегі мәтіннің 49-бабының 3-тармағында «Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер білім беру ұйымының жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға міндетті» деп көрсетілген. Сонымен бірге мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға бейімделу жалпы қоғамның заңға бағынуын күшейтуге, соның ішінде шынайы мұсылманға тән басшыға және заңға бағыну мәдениетін сақтау мен орнықтыруға мүмкіндік береді. Мектеп формасына қатысты талаптар – заң талабы, яғни мемлекет басшының шешімі болып табылады. Ал ислам шарифаты тұрғысынан алғанда, заңға және басшыға мойынсұну міндетті. Ал оларға қарсы шығу исламда бүлік шығарушылық ретінде айыпталады. Құранда «Бүлік шығару – кісі өлтіруден де ауыр күнә» деген аят бар [101]. ҚР Ата заң конституциясы көрсетіп отырғанындай заңның 3-бабының 8-ші тармағында ата-аналардың балаларды өз нанымдарына сәйкес тәрбиелеуіне мемлекеттің араласпайтыны айтылған. Бірақ осы нормада да ескерту ретінде: «мұндай тәрбиелеу баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндірген, оның құқықтарына қысым жасаған және жауапкершілігін шектеген ... жағдайларды қоспағанда» деген қағидаттың тұрғанын естен шығармау қажет. Бұл жерде де араласпау әрекетінің заңдық шектері айқын көрсетілген. Үшінші баптың 13 тармағында көрсетілгендей мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайтыны атап көрсетілген. Бұл мектепте хиджаб киюге үзілді-кесілді тыйым салынатынын білдіреді. Сонымен қатар талаптардың 21-тармағына сәйкес ата-аналар және өзге заңды өкілдер білім алушылардың орта білім беру ұйымында белгіленген мектеп формасын киюіне жауап береді. Яғни ата-аналар оқушының мектеп формасын сақтауын қамтамасыз етуге міндетті. Мектеп жасындағы қыздардың хиджаб киюі оның сыныптастарына, өзіне психологиялық тұрғыдан қалай әсер етеді? Осыны

талдап өтсек: психологиялық тұрғыда ең күрделі мәселе де осында жатыр. Бәрінен бұрын бұл хижабты кию мәселесі қыздың өзіне ауыр. Сыныптастарының оған тосырқай қарауы да, шеттетуі де мүмкін. Базбіреулерімен тіл табысар, кейбірімен қарым-қатынасы шектеліп қалары сөзсіз. Хижабты оқушының мұғалімдерімен, мектеп басшылығымен мәмілеге келуі де мүмкін болмайды. Өйткені олар заңды негізде мектеп формасын сақтауды талап етеді. Ата-аналары ары тартады, ұстаздары бері тартады, екі оттың, сыныптастарын қоса алғанда үш оттың ортасында қыз бала қалады. Оқушылық өмірдің ең жақсы кезеңдері осылай сергелдеңмен өтеді. Ал мұндай жағдайда баланың санасы қалай қалыптасарын ойлап көрдік пе? Ол екіге жарылмақ. Екі жағы да оңды емес. Егер қыз бала ата-анасының ұстанымымен толық келіссе, өзін тура жолда жүрмін деп санайды, демек, басқалардың бәрін адасқандар ретінде қабылдай бастайды. «Менікі ғана дұрыс, екінші тарапты жөн емес» деген астам әрі тұйық пікір қалыптасады жасөспірім қыздың бойында (Мұхаммед пайғамбардың: «Көкірегіңізде тарыдай менмендігіңіз болса, жұмаққа кірмейсіздер» деген хадисі еріксіз ойға оралып отыр). Дәл осы «менікі ғана дұрыс» деген пікір талай шетін көзқарасқа негіз болғанын да ұмытпайық. Яғни көріп отырғанымыздай, жалпы тәкәппарлық тура жолдан тайып кетуге әсер етеді. Ислам дінінің қандай да бір сүрелерін алатын болсақ та ол тек кішіпейілділік пен мейірімділікке бағыттайды. Ұстаздардың мектеп формасына қатысты талаптарынан құлағы жауыр болған қыздың зайырлы мемлекетке өкпесі қара қазандай тұлға болып жетілмесіне кім кепіл. Әбден көңілі қалған бала болашақта да өзінің ойына әділдік іздеу мақсатымен жат ағымдардың жетегінде кетуі мүмкін. Сондықтан Қазақстан Республикасының әрбір жас азаматы маңызды.

Әлеуметтік мәселе негізінде туындаған діни фактор конфликтілері. Әлеуметтік конфликтінің бірі қазіргі таңдағы әсіре діншілдердің екпеге қарсы наразылық көрсетулері. Екпе егумен байланысты. ЕКПЕ ЕК - Жаңа сөздіктің жаңа термині пайда болды. Қазіргі Қазақстан қоғамында пайда болып жатқан «Вакцинацияны жаппай міндеттеуге болмайды» дейтін ұстанымдағы әсіре діндарлар мен «Қан тапсыруға болмайды, я оны өз ағзаңа құйдыртуға деген іс-әрекет құдайға үзілді-кесілді қарсымын» дейтін ұстанымдағы Йегова куәгерінде еш айырмашылық жоқ болып тұрған сияқты. Қазіргі таңда мемлекетімізде, әлеуметтік ортамызда осындай конфликтілер де орын алуда. Деструктивті дін өкілі қан құюды адам етін жеумен теңестіреді. Дегенмен бұл адам өмірінің өлім мен өмір арасында болу кезіндегі өмірді құтқарушы фактор болып табылуы мүмкін. Бірақ әсіре діншілдердің арқасында Ал енді қазіргі таңда инфекциялық аурулардың қарқыны қоғамда қаншама адамның өмірін жалмаған кездегі уақытта осындай профилактикадан бас тарту дүмшеліктен шығатын байлам. Детерменистік санадағы діншіл «Әлі келмеген, келуі күмәнді болған аурудан қорқып екпе егу – Алланың тағдырына қарсы шығу, болашақты болжау. Яғни, осындай әрекеттер жасау – харам» дегенді алға тартады. Әлде сол

бауырлар қажылыққа барарда менингитке қарсы екпені ерікеннен ектіреді ме екен? Осындай екі оттың ортасында қалған сергелден қарапайым халыққа айтарымыз, «Ниса» сүресіндегі «Олар сақтық шараларын қамтамасыз етіп, қарулансын!» деген аятты негізге алсын. Усама ибн Зайдтан жеткен хадисте: «Қайбір жерде жұқпалы ауру тарады дегенді естісеңдер, ол жаққа аяқ баспаңдар. Егер оба ауруы сендер тұрған мекенде тарай бастаса, ол жерден кетпеңдер» деп айтылған. Осы келтірілген хадисте аурудан сақтан, ал ауру басқа жаққа таралып кетпесін деген ескерту жатыр. Сонымен көптеген осы екпеге қарсы шығушылар, «Адам құқығына қол сұғу» деген критерий буынсыз жерге пышақ ұру ғана. Тарихи фактілерге сүйенсек, қызылшаға қарсы 1960 жылдары екпе табылғанша 3 млн. жуық адам өлім құшқан екені белгілі. Бұл тек мемлекетімізді уақытылы дерттен профилактика жасау шаралары. Яғни біз қоғамда осындай дерттің қашан халқымызды жалмап өтеді деп күтпеуіміз қажет. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы қызылшаны тарататын індет ошағына айналған мемлекеттер арасында үздік ондыққа кіретініміз – кейде осындай дүмшеліктен шыққан дилемманың нәтижесінде болып отыр. Осындай қоғамда орын алған әлеуметтік конфликтілерге қазіргі таңда бәріміз куә болып отырмыз. Сонымен бірге, екпе егуге қарсы тек әсіре діншілдер ғана емес, олардың қатарында мысал ретінде Шымкент қала тұрғындарын алатын болсақ, ешбір дінге қатысы жоқ төрт баланың әкесі балаларына екпе ектіруге қарсы көзқарасын білдіруде. Тұрғылықты сол қаланың азаматының айтуы бойынша, оның кенже баласына екпе жасатқаннан кейін дене қызуы 40 градуске көтеріліп, ауруханаға түскен. Дәрігерлер балаға пневмония диагнозын қойып, емдеу шараларын өткізген. Кейін түсінікті баланың ағзасы екпеге қарсы реакциясы пайда болғанына қызуы көтерілген екенін айтты. Қазіргі таңда екпе салғызуға үзілді-кесілді қарсы [102]. Бұл дегеніміз екпе егуге тек діндар адамдар ғана қарсылық танытуда емес, қарапайым халық сол қатарды құрып отыр.

Мәдениет (өнер, спорт, әншілер, айтыскерлер): Қазіргі таңдағы мешіттердегі арабшылдық қазақтардың болмысын, дәстүріне қауіп төндіріп, жалмап барады. Молдалар өз халқының рухани жауһарынан жұрдай болып қана қоймай өздерінің ұлттық рухани жауһарынан қатты алыстатып тасталды. Қазіргі таңдағы араб бағытындағы идеологиялық насихат қарқынды жүріп жатыр. Қазіргі таңда дін жайында тарап жатқан видеолардағы ғұламашылдардың айтқандарына құлақ түрсеңіз тозақ отымен ғана қорқытып адамды шектеп отырады. Халықтың санасын зомбилап, арабтан басқаны айтпай, талай сорақыны төгіп жатыр.

Кешегі өзіміздің жерімізді қорғап келген найзаның ұшымен, білектің күшімен бабаларымыз дін жайында айтқандарына құлақ түрсең, сонау бір замандарда пайғамбар солай деген, әулиелер былай деген өсиеттерімен басталып, тек қана адамдықты насихаттап, тарих пен шежірені білуді, отанды қорғауды, имандылық қасиеттері мен таза болуды үйреткен. Жеті атанды білуді үйреткен халықпыз. Дін дәстүрмен байланысса ғана құндылыққа айналады. Қазіргі уақытта мешіттерде отырған жамағат өзіміздің

тарихымыздан жұрдай болса да, арабтың тарихын жақсы біледі. Сондықтан мешіттерде көбірек өзіміздің тарихымызды, батырларымызды, дәстүрімізді көп насихаттасақ абзал болар еді. Сонымен мешіттерде неке қию рәсімдерінде арабтың біреулерінің жасы мен жолын, махаббатын берсін деп отырады.

Сонда біздің тарихымызда үлгі тұтарлық, сол керемет қазақ тұлғаларының жолын, махаббатын берсін деп айтарлық ешбір тұлға қалмағаны ма? Отанды сүю иманнан болса, оның тарихын, ұлтының батырларының ерлігін сүю де иманнан. Мешіттердегі арабшылдықтың асқындап, қазақтықтың болмысын жалмап бара жатқанына алаңдатарлық мәселе [103]. Батыс Қазақстан еліміздің өркениеттер қиылысындағы әртүрлі этникалық, экономикалық, саяси, мәдени процестердің астасып жатырған, геосаяси тұрғысынан маңызды аймақ.

Бұл табиғи байлыққа бай өлкеде АҚШ, Қытай, Ресей басқа да ірі мемлекеттің мүдделері тоғысып жатыр. Сондықтан, еңбек қатынастары, өндірістегі еңбек бөлісі діни-этникалық сипат алуда. Ұлттың меншікке ие болуы деген ірі өндіріс орындары тек ұлт өкілдерінің болуы дегенді білдірмейді. Оны қаржыландыратын инвесторлар сырттан болуы мүмкін, бірақ ол өндірісте жұмыс жасаушы, оның басты менеджерлері мен орта және төменгі деңгейдің мамандары, жұмысшылары негізінен байырғы елдің өкілдері болуы бүгін көптеген елдерде дағдыға айналды және өндірістің негізгі пайдасы осы мемлекетке қызмет жасауы тиіс. Шағын және орта бизнесте ұлттың іскер топтарының қалыптасуы оның тұрмыс деңгейіне тікелей әсер етеді. Бұл, әсіресе, мемлекет құраушы ұлттың ел халқының басым көпшілігіне айналған тұста маңызды мәнге ие болып отыр. Басқа ұлт, тіл өкілдерінің үстемдігі, табиғи байлыққа қожалығы, байырғы халықтың кедейлігі басқа мәдениеттің, діннің үстемдігі деп қабылдайтыны белгілі. Осы тұста халықты мемлекетке қарсы үгіттейтін «көсемдер» де табылады. Олар мемлекеттік құрылымды өзгертуге, біржақты, тек шариғатқа негізделген, «әділ» мемлекет құруға шақырады.

Қазақстан Республикасына дәстүрлі емес діни ағымдарының қазіргі ең белсендісі және қарқынды тараған салафилік идеологияны ұстанған топтарды айтуға болады. Қазақстандағы жүргізіліп жүрген салафилік идеология көбіне Сауд Арабиясы мен Египеттегі заңсыз жолдармен білім алып келген азаматтардың уағыз жүргізулерімен таралып жатыр. Өйткені өткен ғасырдың 90-жылдарынан бері қазақстандықтар үшін діни білімді осы екі елде алудың жолдары кеңінен ашылған болатын.

Негізінен бұл салафи Сауд Арабиясы елді мекендерінде мемлекеттік идеология деп танылса, ал өткен ғасырдың 10 жылдықтарында Сауд Арабиясы елді мекендерінде осының негізінде түрлі ағымдар пайда болып, мемлекетте көптеген конфликтілер туындатқан болатын. Сауд Арабиясы қолдаумен пайда болған немесе құрылған діни, саяси идеология сонымен бірге көптеген көршілес жатқан елді мекендер мен басқа да ислам дінін ұстанушы республикаларға ағылды. Оның ішінде Қазақстан Республикасын

да бұл қасірет, дәстүрлі емес діни бағыттағы ағымдар 90 жылдары ағылып келе бастады. Сонымен осы ағымдар біздің елдің жас буын азаматтарын өздерінің теріс ағымдарына енгізіп алды. Осыған байланысты тез арада тарап үлгерген үдерістерді анықтау мақсатында Қазақстанда белсенділігі артқан аталмыш ағымның құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктерін білу қажеттілігін негіздейді.

Дәстүрлі емес ағымдардың қоғамға тағы бір тигізетін әсері: Жалпы алғанда, осындай жағдайды зерттеу және зерделеу мақсатында ұйымдастырылған бірнеше топтық және жекелеген бейресми кездесулерде дін саласының мамандары мен оның ішінде қарапайым тұрғындары мазалануда. Себебі, еліміздің болашағы жастар екенін түсіне отырып, сол жастарымыздың дәстүрлі емес діни ағымдар қатарында қарқынды қосылып жатқаны үрейлі жағдай екенін айтып отыр. Айта кететін жағдай, сол дәстүрлі емес діни ағымдарда тәрбиеленген балалардың (салафи) болашағы өте күмәнді және бұлыңғыр. Салафиликті ұстанушылардың дәстүрлі емес идеологиялық бағдарын жасыру мақсатында, дін өкілдері тұрғылықты халыққа жақын болу мақсатында, немесе қазақтың дәстүрлеріне қайшы келмейтін деген көзбояушылық атрибутикаларды киіп жүреді. Мысалы, оюмен көмкерілген түрлі стильдегі шапандар немесе ұлттық киім тақия бас киімдерін айтуға болады. Жастардың осы теріс ағымдарға кірудің бірнеше факторлары әсер етеді: Біріншіден дәстүрлі емес діни ағымдардың көптеп шоғырланған Қазақстанның басқа аймақтарына білім алуға барған кездерінде кездерінде, вахталық жұмыс сапарымен барған кездерінде сол дәстүрлі емес діни идеологияның арбауларына түсіп кетіп жатады. Дәл осындай айқын көріністі тұрғылықты жастары Ақтөбе өңіріне вахталық жұмыстарға жиі орналасатын Арал, Жаңатас қалаларынан, сонымен қатар Сәтбаев, Жезқазған қалаларына жастары жиі қатынайтын Орталық Қазақстан өңірінен және онымен шектес облыстардан байқауға болады.

Дәстүрлі емес діни ағымдардың адамдарға әсер, өз тобына оңайлықпен кіргізу себептері: Жастарды тез арада айтқан ағымдарға кіргізіп алулары әлеуметтік мәселелермен тығыз байланысты. Себебі көптеген жастарды қызықтыратын әлеуметтік мәселелерге байланысты сұрақтар екені жасырын емес. Мысалы, оларға: жұмыспен қамтамасыз ету арқылы шешуші ықпалын тигізеді, сондай-ақ сауда-саттықта, шағын бизнесте қаржылық көмек береді, тауарларының жылдам өткізілуіне жол ашады, жағдайлар жасайды. Осындай жолдар негізінде әлеуметтендірушілік функция атқаруға барлық қолдан келетін күш салып, жағдайлар жасалынады. Бұл топқа тағы бір сипаттама беретін болсақ, бұлар Қазақстанның тұрғылықты мешіттерінде көптеп жұмыстар жүргізеді. Айта кетерлік бір мәселелердің бірі осы дәстүрлі емес діни ағымдағы өкілдер өздеріне уағыз жүргізуге ыңғайлы мешіттерді таңдап алады. Қазақстандағы салафилердің өзі Сауд Арабиясы мен Египет мектептері негізінде білім алғандар болып екі топқа бөлініп жатыр. Біздің елде Сауд Арабиясының салафилик ағымының беделі басымырақ келеді. Сонымен дәстүрлі емес ағымдардың арасында да көптеген даудамай

мәселелер мен келіспеушіліктер, тіпті қастасу жағдайына дейін баратын конфликтілер орын алуда. Бір-бірлерін іштей кейде дауыстап та жағымсыз сөздер айтылуда. Кейде дәстүрлі емес діни ағымдағы салафилер тіптен діндегі жоқ адамдарды кәпір деп айтуға дейін барып жатады.

Дәстүрлі емес жат ағымдардағы отбасылық, неке мәселесінің бет бейнесі: Дәстүрлі емес діни ағымдағы (салафилер) идеологияға негізделген ұйымдардың ерекше залалды іс-әрекеттерінің бірі ислам атын жамылып, әлеуметтік мәселелерді ширықтыра түсуі болып отыр. Осы сияқты біздің дәстүрімізге жат қылықтар танытылуды. Мысалы, қазіргі таңда өте өзекті болып отырған мәселе, ол неке-талақ мәселесінің ушығуынан көрініс табуда. Тағы сол сияқты көп некелікке берілген рұқсатты сүннет немесе міндет ретінде қабылдап, бірақ некенің басқа да жауапкершіліктері мен шарттарын аяқ асты ету, сонымен осындай жат ағымға кірген қыз-келіншектерді некелеп алып, себепсіз, бір сөзбен айтқанда ешқандай түсініктеме берместен діни негізде үш рет талақ айтып, тастап кету немесе жамағат мүшесіне сыйға тарту, осындай әрекеттері арқылы азғындық пен жеңіл жүрістілікті заңдастыру, себепсіз көп әйел алуға жол беру, талақ етілген әйелдер мен балаларға қатысты ешқандай жауапкершілік алмау, сонымен бірге үй күйсіз қалдыру фактілері орын алуда. Немесе айрандай ұйып отырған бір отбасыны осындай жат ағымдар бірден шаңырағын шайқалтып, берекесін қашыртып, ақыры ажырасу түбіне жетеді. Құқықтық негізде ешбір заңдастырылмағандықтан, осындай мәселердің айыпты тарапын анықтау мүмкіндігі шектеліп қалуда. Статистикалық мәліметтерге жүгінетін болсақ, мысалы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің тіркеу қызметі төрағасының орынбасары Венера Калимова «2012 жылы 166 474 неке қиылған болса 47 598 рет неке бұзылған. 2013 жылы – 167 411 неке қиылса, 51 510 рет неке бұзылған. 2013 жылы тіркелген неке саны 937-ге артқан. Ал ресми неке бұзу саны бір жылда 3 мыңға жеткен» - делінген [104]. Нақты осындай көрсеткіштер саны соңғы жылдары діни ағымдардың белең алуымен, сонымен бірге күніміздегі жастар «шариғат жолымен шаңырақ көтереміз» деп, Құдайдың қош көрмеген «талақ» деген жалғыз сөзді емін-еркін қолдануымен артқанын байқауға болады. Сондай-ақ, «талақ» сөзін әркімнің өз еркінше түсінуі салдарынан түрлі әлеуметтік негізгі мәселеге айналып отырғаны белгілі. Дегенмен дінімізде талақ етуде сөздің мағынасы аса маңызды рөл атқарады. Қалжыңдап айтылған талақ та ескеріліп, талақ ретінде есептелуі ықтимал екенін жастарымыз ескермеуде. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): *«Үш нәрсенің әзілі де, шыны да шын: үйлену, талақ ету және құлды азат ету»* – деген болатын. Дәстүрлі емес діни ағымдарының салафи тармағының өзінде бірнеше ағымдар. Александриялық салафи мектебі, *«Мадхали ұстанымындағы салафилік»*, *«Тәкфірші-жиһадшы»* идеяларын ұстанатын ұйымдар т.с.с. Енді осы ағымдардың ара жігін ажыратып алсақ жасқсы болар еді.

Александриялық салафи мектебі – өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында, белсенді студенттердің ұйымдастырылуымен құрылған «Әл-

жамаға-эл-исламия». Кейін бұл ұйым өкілдері Мұсылман бауырлар қозғалысының қатарына қосылған. Дәлірек айтатын болсақ, қазіргі уақытта осы жоғарыда айтылған ұйымның әйгілі уағызшылары – Мухаммад Хассан, Мухаммад Хусайн Яғқұб және Абу Исхақ Хуайни екені белгілі болды. Олар көбіне Египеттің және басқа елдерге сол сияқты тиесілі кабельді теле-радио арналарда, интернет платформаларында белсенді насихат жұмыстарын жүргізетін уағызшылар ретінде араб әлеміне өте танымал өкілдері болып отыр. Сонымен осы ұйымның өкілдері өз мемлекеттерінің саясатына араласып қана қоймай, сондай-ақ ислам шариғатын ұстанбайтын басшыларды «кәпір» деп айыптар тағып отырады. Көбінесе осы ағым өкілдері ислами емес мемлекеттік институттарға араласуға, сонымен олармен жұмыс істеуден бас тартуға шақырады. Ал керісінше осы «Александриялық салафи мектебінің» өкілі Мұхаммад Хасан керісінше өз жақтастарын саясатқа белсенділікпен араласуға және саяси партиялар құруға шақырады.

Қазақстан Республикасына енген бұл ағым, біздің қоғамымыздың әр түрлі салаларында кезігіп жатады. Тағы біздің назарымызды аударатын бір факт, ол 2013 жылы Қарағанды облысы бойынша Кедендік департаменті Қазақстан аумағына әкелуге әрекет жасалған 331 дана араб тіліндегі әдебиетті ұстап, ҚР Дін істері агенттігіне дінтану сараптамасын жүргізу үшін жолдаған болатын. Өткізілген сараптама нәтижесінде тартып алынған кітаптардың көп бөлігінің негізгі авторлары осы александриялық салафилер жетекшілерімен жазылған – Ахмад Фарид және Ясир Бурхами екені анықталған. Осыдан байқайтынымыз осы айтылған діни әдебиеттер арқылы қоғамдағы ақпарат кеңістігін жаулауға әрекет жасауы Қазақстан аумағындағы идеологиялық іс-әрекеттерінің мақсатты түрде белсенді жүргізіліп отырғанын білуге болады. Бұл ағым жалпы еліміздің конституциялық құрылымы мен зайырлы сипатымызға қауіп төндіруі әбден мүмкін.

Келесі ағым «Мадхалия» ағымы, бұл ұйымдастырылған ағым 1991 жылы Ирактың Кувейтті оккупациялағанынан кейін Сауд Арабиясы мемлекетінде, Парсы шығанағының аймағында, сонымен бірге Кувейтте кең тараған салафилік бағыттағы ұйымдардың бірі. Ұйым мүшелері Арабияның Мәдина қаласының атын өздеріне иемденіп, қазіргі уақытта өздерін «эл-Мәдина жамағаты» деп атап жүр. Мадхалия ағымының басқа дәстүрлі емес бағыттағы салафи ағымдарынан ерекшелігі көп емес. Яғни уаһабшылдықтың негізін салушы Мухаммад Абдуль Уаһһабтың «таза ислам» немесе «салиқалы бабалардың жолын» ұстану идеясы. Барлық салафилік ағымдардың идеологиялық негіздерін құрайтын ұстанымдар мен қағидаттар да осы Абдуль Уаһһабтың фундаметалды еңбектеріне сүйенеді. Олардың барлығы дерлік бір-бірінен тек белгілі бір көзқарастар мен идеялар негізінде ерекшеленеді. Бұл ағымдардың осы сияқты басқа ағымдардан ерекшелігі ол қандай болса да басшыға бағыну идеологиясы жақсы уағыздалады. Оның негізі Сауд Араб Корольдігі үшін егер басшы зайырлы білімімен елді жақсы билесе, ал шариғи тұрғыдан жақсы басшы ретінде мойындалмайды. Қазіргі

қоғамда осы Мадхалия бағытын ұстанушы Қазақстандықтар өте көп. Негізінен Мадхалия ағымы болсын, басқа ағымдары болсын өздерінің насихат жұмыстарында қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрлерін, қазақы тұрмысты сынауға ерекше құлшыныс танытады. Қазақ халқының болсын, басқа ұлттардың болсын мәдениеті мен дәстүрін қолдамай, қарсылық білдіруде. Бұл дәстүрлі емес діни ағымдардың өкілдері қазақ халқының діни ұстанымдары мен көзқарастарын «ширк» немесе «бидғат» дей отырып, мемлекет құраушы ұлттың туған тарихи жолын исламнан алыс, мұсылмандыққа жат деп көрсетуге тырысады. Сондай-ақ салафилер ислам дінінің қазақ елі жеріндегі ұлттық дәстүрлермен, сонымен бірге мәдениетпен тығыз сабақтаса қалыптасуына шешуші ықпал еткен сопылық тариқаттарды «адасқан ағымдар» деп біледі.

Ұлттық тарихымызды жоққа шығара отырып, өздерін Қазақстанға «шынайы» исламды таратушы жамағат ретінде танытуға тырысатын дәстүрлі емес діни салафилік ағымдар сол арқылы қазақстандық қоғамның рухани негіздерін ыдыратуды, діни-ұлттық бірегейлікке нұқсан келтіруді, ішкі тұтастықты бұзуды көздейді. Қазақстан аумағындағы өздерінің саяси теріс пиғылдарын жасырын ұстайтын салафилік ағымдардың қатарында тұрған және мемлекеттік құрылымды күш көрсету арқылы құлатуды көздейтін басқа да радикалды топтар баршылық. Олар «*сурурилер*» мен басқа да «*тәкфіршілік*» идеяларды ұстанған жамағаттар. Осындай дәстүрлі емес діни бағыттарды ұстанушы салафидегі экстремистік ағымдар мен ұйымдар өкілдері әр түрлі тармақтарға бөлінгенімен, олардың түпкі ұстанымдары тәкфіршілдік идеологиясына негізделген. Енді тереңірек қарастыратын болсақ «*тәкфір*» сөзі араб тілінен аударғанда «діннен шыққан» немесе «дінсіздер» деген мағынаны береді. Осы теріс ағымдардың бүгінде діни сенімі мен кітаптары, олардың жазбалары салафизм идеологиясына негізделген тәкфіршіл ұйымдар «*ас-салафия әл-жихадия*» немесе аудармасы жиһадшыл салафилер деген атаумен беріледі. Негізінен жоғарыда айтылып өткен Мадхалия мен Александрия ағымдарынан бұлардың еш айырмашылығы жоқ. Тек айтып кететіні бұлардың айырмашылықтары әдістемелік тұрғыдан, яғни мақсаттарына жету мен әрекеттерін іске асыру тұрғысынан ғана ерекшеленеді. Осы қазіргі уақыттағы тәкфірші радикалды ұйымдар өткен ғасырдың 70-80-жылдары Египеттегі зайырлы саяси билігі мен батыс елдерінің отаршыл саясатына қарсы «жихад» жариялаған топтардан пайда болды. Дәл осы ұйымның негізін қалаушы салафизм идеологиясын ұстанған Мустафа Шукри «әл-Ихуан әл-муслиминнен» бөлініп, дербес «Ат-такфир уаль-хиджра» атты өзінің саяси мақсаттары айқын көзделген ұйымын құрған. Көбіне төңкерісшіл идеологиялық бағытты ұстанған болатын. «Уахабизм» негізін қалаған Мухаммад ибн Абдуль Уаһһаб болатын. Оның «Үш негіз» атты еңбегінде ол мемлекетті Алланың сөзімен басқармаған заңдарды, жүйені «күпірлік» деп атап, ал зайырлы заңдармен басқарғанды шектен шығушылар немесе «тағұт» деп атаған. 2014 жылғы 18 тамызда Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының шешімімен. «Ат-

такфир уаль-хиджра» ұйымы экстремистік деп танылып, оның Қазақстан аумағындағы қызметіне тыйым салынғаны белгілі. Сондай-ақ салафизмді ұстанған тәкфірші ұйымдарға Сирия мен Иракта соғысып жатқан радикалды ұйымдар да жатады. Солардың ішіндегі «Ислам мемлекеті» және «ан-Нусра майданы» ұйымдары Астана қаласы Есіл аудандық сотының 2015 жылғы 15 қазандағы шешімімен террористік деп танылып, олардың Қазақстан аумағындағы қызметіне тыйым салынды. Аталмыш ұйымдар Орта Азия елдерінің қауіпсіздік күштері тарапынан қатаң қудалауға ұшырап, қызметіне тыйым салынауда. Осындай жат ағымдардың Қазақстан қоғамына, ондағы халықтың арасындағы бірлігіне, әлеуметтік ыдырауына мақсатты түрде әсер етуге белсенді жұмыстарды жүргізіп отырған топтар. Көбіне осы топтар әлеуметтік ортадағы ірі саланы қамтып отыр. Оның үстіне бірінші кезекте жастар кіріп отыр. Ең бірінші кезекте осы топтар шалғай өңірлерінде тұратын елді мекендерді немесе басқаша айтқанда күзиретті органдар мен институттарының бақылауынан тыс қалған аймақтарды осы тәкфіршілер сарындағы радикалды идеологияны уағыздауда.

Дәстүрлі емес діни бағытындағы салафи ағымдарының түсінігі бойынша мемлекет шарифат үкімдерімен басқарылмаса, оны «тағұт» деп санаған. Яғни, соған жиһад жариялайды. Сонымен шарифат үкімдерімен өмір сүрмейтін жерден оқшауланып кетеді. Осындай топтар көбіне шетелдік идеологиялық және қаржылық қорлармен толық қамтамасыз етіп отырылады. Солардың ықпалында толықтай жүріп, солар айтқандарын орындап және мүдделерін қорғайды. Себебі олардың өміршеңдігі осы қорларға байланысты. Экстремистік және төңкерісшіл бағытты ұстанушы осы салафи ағымының идеологиясына келеді. Қазақстан Республикасында осындай топтың арасында жүргендер мемлекеттік күштерді құлатуды жасырын түрде көздеп, арасында қазіргі уақытта Таяу Шығыс жеріне кетіп жатқандар да бар. Уахабизм діни ағым ретінде ең алдымен Солтүстік Кавказда тарады. Ғалымдардың пікірінше, оны қазіргі уақытта әлемдегі рухани дағдарыспен байланыстырады. Осыдан келіп уахабизм – ислам дінін қорғау үшін оны ұстанатын халықтарды тұтас қауымдастыққа айналдыру, ұлттық емес, ортақ ислам құндылықтарына мән беру. Оның бастапқы идеясы этникалық құндылықтар, тіл, атамекен, мәдениет сияқты ұлтты ұлт ететін негіздер бағалы емес деп тану, дін бәрінен де қымбат деген догманы басшылыққа алуы. Уахабизм өкілдері өз ұстанымдарын негізінен көпэтностық ортадан гөрі, моноэтностық мұсылмандар сан жағынан басым ортада таратады. Уахабизм терең тамырын жайған Солтүстік Кавказда уахабшылар посткеңестік кеңістікті қайта құруды тек ислам қағидалары негізінде іске асыруды басты мақсат етіп қояды.

Мемлекеттік құрылым ислам талаптарына сай болумен бірге, мемлекеттік элита тек беделді ислам қайраткерлеріне жасақталып, тек әлеуметтік сала ғана емес, мәдени, саяси өмір тармақтарының бастауын исламнан алу қажет. Сондықтан уахабизмге байланысты «ислам фундаментализмі» сөзі де тарады. Ислам табиғатынан қоғамдық

тұрақтылықты сақтаушы дін. Исламды саясаттандыру, радикалдандыру, дінде шектен шығу, тоталитарлық жүйенің күйреп, демократияға, либерализмге, дінге бостандық берген, бұрынғы қоғамдық қатынастарды реттейтін механизм ыдырап, жаңа билік әлі қалыптаспаған кезеңде басталды. Ислам әлемінде, Қазақстанда да экстремистік діндарлар жөнінде әртүрлі пікір тараған. Бірқатар эксперттер олар үрейлі күш емес, биліктегілер жіберілген қателіктерін уахабистерге жаба берген соң да, олар қауіпті болып көрінеді деп есептейді. Ал кейбір сараптаушы мамандар уахабизмді ұстанатындар жоқтың қасы деп те тұжырым жасайды. Бірақ БАҚ мұсылмандар мен уахабшыларды синоним ретінде пайдаланып, исламға көлеңке түсіреді. Эксперттердің бір тобы Солтүстік Кавказ республикаларының ешқайсысында айта қалғандай уахабизм жоқ, бірақ күштік құрылымдар, уахабизммен күресті сылтау етіп, қосымша қаржы сұрайды деп түйеді [105, 327 б.]. Салафизмнің тартымды болуының сипаты қоғам құрылымының байлар мен кедейлерге бөлінуі, қоғамда орын алған әлеуметтік әділетсіздіктерге, жұмыссыздық, жемқорлықтың да терең етек алуына байланысты. Адамгершілік қағидаларымыздың бұзылуы жастар арасынан наразылық тудырады. Кейбір бүгінгі еліміздегі ысырапшылықтың көріністері, байлықты, ақшаны төгіп шашып ұстау да жастар арасында айыпталады. Сонымен қатар әлжуаз, материалдық жағынан нашар топтардың жағдайы алға тартылады. Сондай-ақ қазақ тілінің еліміздегі қолданысы аясының тарлығы, шетел ақпарат құралдарының үстемдігі, зорлық-зомбылықты, моральдық азғындықты насихаттау да жалпы мұсылман жамағатын алаңдатып отыр.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы аймақтарының бірі кейінгі уақыттарда жиілеп кеткен дін негізіндегі шиеліністер орын алған Ақтөбе облысының бірі деп көрсетуге болады. Қазіргі таңда Ақтөбе облысының аумағында 89-ға жуық тіркелген діни бірлестіктер мен филиалдар қызмет атқаруда, олардың 65-мұсылман қоғамы (мешіттер), 8 – православие, 2-католик, 13-протестанттық, 1-дәстүрлі емес («Кришна санасының Ақтөбе қоғамы»). Облыста 10 миссионер қызмет етуде. Сонымен бірге, облыс аумағында 82 діни ғимараттар мен ғибадатханалар және 21 діни әдебиеттерді тарату үшін тағайындалған арнайы стационарлық орындар мен 2 намазхана тіркелген [106]. Батыс аймақтағы Ақтөбедегі террористік әрекетті негізінен алғанда тұтас билікке қарсы әрекет деп айтуға болмайды. Оның астарында көптеген басқа да мәселелер бар екенін мойындағанымыз абзал. Бірінші мәселе бұл құқық қорғау органдарына, погонды, шенді адамдарға қарсы әрекет. Осы екі ортада үлкен бір қайшылық бар. Ақтөбедегі болған 2011, 2012, 2016 жылдардағы қайшылықтар, осындай әрекеттен кейін тағы жеті адам ұсталды.

Бұлардың басты мақсаты құқық қорғау органдарына наразылық, қастандық әрекеттерін жүзеге асыру еді. Террористік әрекеттің осындай жағын тереңірек ойланатын болсақ, ол көбіне ортақ шешімнің табылмауы мен мәдениет пен түсіністіктің болмауынан. Осындай ағымдағы адамдармен

жұмыс істеу барысында өкінішке орай діни сауатсыздық үлкен орын алып тұр. Керісінше осы ағымда жүрген жастарды әлі де күштік құрылымдармен емес әлеуметтік тәрбие жолдарын терең ойлануымыз керек сияқты [107].

Исматулла сопылық тариқат ағымы әлеуметтік конфликтілерді тұдырушылардың бірі: Қазақстан Республикасында алғашқы идеологиялық конфликтілер 1999 жылы байқалды. Бұл конфликт Алматы қаласының Қарасу мешітінде орын алды. Исматулла сопылық тариқат ағымының көсемі мешіт ішінде бірнеше адамдарға уағыздап, бірнеше күн бойы күшпен ұсталынып отырған адамдарды Ішкі істер органдары босатып алған болатын. Осы ағымның жетекшісі Исматулланың құжаттарын тексеру кезінде оның Қазақстан азаматы еместігі анықталды. Бұл оқиғадан кейін өткен сот процестерінің отырысының қорытындысы бойынша, Қазақстан Республикасында заңсыз түрде жұмыс жасап, дәстүрлі емес ағымдардың идеологиясын халық арасында таратқаны үшін «Зікіршілер» немесе Исматулла тариқатын бүркеніп жүрген «Төле би» қоғамдық қорының жұмысына бірден тез арада тыйым салынды. Ауғанстан мемлекетінен келген азаматтарын – Исматулла Әбдіғаппар мен оның серігін депортацияламақшы болды. Бірнеше уақыт жүргізген тексерулер нәтижесінде Исматулла мен оның жақтастарының Қазақстан мұсылман діни басқармасымен араларында сопылық діни ұстанымдарына қайшы келетін конфликтілердің болғанын аңғарған. Тағы айта кететін болсақ бұл жерде жеке адамның мүддесі де байқалған. Мәселен, сол кездегі Исматулланың орынбасары Нарымбай қажы бірнеше рет бас мүфти болуға әрекет жасағанымен оның көздеген мақсаты жүзеге аспаған. Келесі екінші себептердің бірі Исматулла тариқаты ҚМДБ-ның сопылық түсінігіне қайшы келген. Оның басты себебі сол кездегі ҚМДБ-ның алғашқы бас мүфтиі Рәтбек қажы Нысанбайұлы діни және педагогикалық білімін Бұхарада алған. Талдап келгенде, бұл қала нақышбанд сопылық мектебінің нағыз орталығы болғанын көреміз. Сондықтан, 1990 жылдары Қазақстан мұсылман діндерінің басқармасында осы нақышбанд сопылық мектебін тамамдаған дін өкілдері отырған. Нақышбанд мектебінің түлектері үшін Исматулла бастаған топ, былай айтқанда Қожа Ахмет Яссауи атымен жаңа тариқат құрған Ауғанстан мен Пәкістаннан келген түсініксіз ағымдар тез қарқынмен уағыздар жүргізгендері мен олардың «келе салып төр менікі» деген ұстанымдары ұнамаған, тіпті үркітіп жіберді десе де болады. Осындай екі діни топтардың арасында өзара конфликтілер орын алды. Бұлардың арасында діни ритуалдарының арасында өзіндік ерекшеліктер болған. Мысал, айта кететін болсақ, нақышбанд сопылық мектебі артық қимыл жасап, сонымен Исматулла ізбасарлары сияқты жария зікірді «надандық» немесе орынсыз деп есептеген, нақышбандықтар керісінше өздерінің зікірлерін немесе имитацияны іштей жасау салуды жөн санады. Нақышбанд тариқатының өкілдері ешқашан зікірді бес уақыт намаздан жоғары қойған емес. Нақышбанд мектебі зікірді дауыстап салу үзілді-кесілді қарсы, осындай зікірдің түрі ақылды тұмшалайды, адамды экстазға түсіреді деп есептеген. Осындай араларындағы діннің ритуалдарының өткізілу

формаларының негізінде түрлі конфликтілер туындағаны немесе екі діни идеологияның (мемлекеттік емес) екі қоғамдық ұйымның арасындағы, нақтырақ айтсақ, ҚМДБ мен «Төлеби қоры» арасындағы таластардың болуы көзге көрініп тұр [108]. Исматулладан Қарасу мешітінде алғашқы тәлім алып шыққан «муридтері» немесе тариқат жолындағы шәкірттер, оларды құраушылар тариқаттың идеологиясын дамыта алатын аспиранттар мен журналисттерден тұрды. Мұндай жағдай қатты ойландыруға әкелетін нәрсе. Әрине, осы шәкірттері ЖОО орнын тамамдағаннан кейін міндетті түрде Қазақстанның барлық ақпарат құралдары мен жоғарғы және орта білім беру мекемелерінің барлық салаларында қызмет атқара жүріп, Исматулла тариқатының идеологиясын неғұрлым жан-жақты уағыдауға мүмкіндіктері болды. Бұл-үлкен идеологиялық қару. Бұл Әділет министрлігінде «Білім. Сенім. Өмір» атты қоғамдық ұйым құрылып және Қазақстанның барлық аймақтарында филиалдар құрылған. Қарап отырсақ, осыған мемлекет тарапынан қолдау көрсетілген. Аталған ұйымдардың жетекшілері болып осы тариқаттың медресе-шілханалары жетекшілік еткен. Сонымен кейбір университет жастарына, студенттеріне тариқат бағытындағы аңыздық және фольклорлық бағыт негізде түсіндіріп, білімдерін кеңейтетін «Темірқазық», «Шұға» т.с.с. клубтар қарқынды жұмыстар жүргізген. Исматулла тариқатының таратушылары Қазақстанның барлық ұлттық телекомпанияларына еркін кіріп-шыға алатын. Барлық телеканалдарда дерлік Қарасу мешітінен 1997-1999 жылдар аралығында білім алып шыққан 60-70% -ның өкілдері Исматулла шәкірттері атқарған. «Қазақстан» телеарнасы мен «Қазақ» радиосындағы «Дін және біз», «Ой түйін», «Күлтөбе», «Ақиқат сыйы», «Ауызашар», «Мезгіл» хабарлары осы «ілімді» уағыздаған. Осындай бағдарламалардың сол кездердегі жүргізушілері Санжар Керімбай, Саят Ыбыраевтар – «жамағаттың» белсенділері» - деп 2005 жылы Қазақстан журналисті Ораз Әлімбеков жазған. Келесі мәселелерде Исматулла тариқатының тағы бір қоғамға тиген зардабы болды. Сол уақыттарда Исматулла тариқаты өздерінің медреселерінде ішімдікке және нашақорлыққа салынған адамдарды емдеу жұмыстарын белсенді жүргізген. Осы айтылған жерде «Білім. Сенім. Өмір» қоғамдық ұйымына қарасты медресе-шілханаларында ішімдік пен нашақорлыққа қарсы емдеу шаралары қандай әдіспен жүргізілгендігіне нақтырақ тоқталып кетсек. Бір уақыттары емдік шаралар алған адамның айтуы бойынша, «Исматулла медреселері түрме тәріздес, яғни оны күніге күзетіп тұратын арнайы адамдары болған. Қашып кетуге ықтималы бар адамдарды жер төрелерге кіргізіп, сол жерде шынжырлармен байлап ұстаған». Есірткі мен ішімдікке тәуелді адамдарды қарапайым әдістермен, нақтырақ айтсақ, жабайы формада емдеген. Ешқандай дәрі-дәрмек бермеген, тек тәуілігіне екі мәрте, екі не болмаса үш сағаттан зікір тартқызатын. Егер осындай емдік шараларға көнбеген адамдарды шынжырлап, табандарын шыбықпен осып тұрып сабауға дейін барған. Емделудің нақты уақыты белгіленбеген. Кейбіреулері екі, үш айда ем алып шықса, кейбіреулері тіптен бір не болмаса екі жылға

дейін уақытты қамтыған. Тіптен емге көнбей осындай көрсетілген қысымдарға көне алмай, өздеріне қол жұмсауға дейін жеткен фактілер бар. Осындай фактілердің бірі қорлыққа, қысымға шыдамаған пациент өзінің тамағын шегемен орып тастаған. Осындай әрекеттен кейін өлгелі жатқан адамды осы ағым адамдары оны жеңіл көлік автомобиліне салып, бір аурухананың жанындағы арыққа денесін лақтырып, тастап кетеді. Осы сияқты бірнеше фактілердің орын алуынан кейін, «Білім. Сенім. Өмір» қоғамдық ұйымна қатаң тыйым салынады. Осындай маңызды стратегиялық маңызы бар және мемлекеттік идеологияның басты объектісі саналған «Қазақстан» ҰТРК еркін, ашық түрде Исматулла тариқатының жақтастары бағағдарламаларының жүргізуі 2005 жылы Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің алқалы отырысында арызданған болатын. Президент «Қазақстан» ҰТРК мәселені қайта түзету жөнінде тиянақты, айқын тапсырмалар жауапты адамдарға жүктелген. Осындай мемлекеттік деңгейдегі ұлттық телеарналарға шығу Исматулла тариқатының мемлекет деңгейінде өз жақтастарының болғандығының бір көрінісі [108].

Қазақстан қоғамы үшін дінаралық келісіммен қатар дінішілік, ислам дініндегілердің арасындағы түсіністік маңызды. Бүгінгі «шынайы діншілдерміз» дегендердің айтуынша, мешіт кеңестік отарлау саясатына қызмет жасады, сондықтан, саясаттың қысымымен наным-сенім, психология өзгерді, табиғатынан алыстады, күшпен орыстандырылды деуі орынды. Кеңес заманында білім алған молдалар мен имамдар, болмаса білімі таяз, кеше дінге келгендер сол бұрмалаған сенімді насихаттаушылары, бақылауда болғандар деп, шетелде оқыған жас имамдар олардан бөлініп, бойларын аулақ ұстайды. Жаңа мұсылмандардың өздерінің қауымдастықтары, әлеуметтік ортасы, мәжілістері, жиындары да болуы осыдан. Жас имамдар шет елдердегі мұсылмандардың күнделікті өмірі мен біздің қоғамды салыстырып, бағалап, ішімдік, нашақорлық, жезөкшелік, жемқорлық пен ысырапшылдыққа жол берген біздің өмірімізді, әрине, қабылдамайды. Осыдан келіп рухани тазаруды, құтқаруды діннен іздейді. Ол да дұрыс. Бірақ, үлгіні дәстүрлі ұлттық салтымыз бен дінімізден емес, «шынайы» шығыстағы араб елдерінен алады. «Жаңашыл исламшылдар» ұлттық және діни феномендердің қазақ ұлт болмысында ажырамастай біте қайнасып, қабысып жатырғанын, дүниетанымын ескере бермейді. Діни ой-пікір, ұстаным, дүниетаным қазақ даласында ұлттық сана-сезімге үйлесімді бейімделгені тарихтан белгілі. Біздің қоғам арабтық үлгідегі дәстүрді қабылдамайды. «Жас» уағыздаушылардың шектеулері, өздерін жоғары ұстаулары, ымыраға келмейтін тәртібі бүгін қалған елді ойландырып та отыр. Ұстанымдар қайшылықтары ұлттық салт-дәстүрлерімен араласып жатқан, әсіресе өлікті жерлеу, ас беру, марқұмдарды есте қалдыруға арналған шаралар, үйлену, отбасы, ырым-нышандар төңірегінде жиі байқалады. Исламды «жаңаша» пайымдаудың астарында, өз орталарына ықпал жасау, бәсекелестік те жатыр. Бұрынғы имамдар билікпен тіл табысып қалған, өз позицияларынан айырылғысы келмей, жастарды «уахапшылар» деп кінәлауға үйір, тіпті

оларды қудалауды да қолдайтын сыңай танытатындар көп. Шет елден білім алған жастар олардың ізбасарлары қазақ халқының рухани мұрасына, дәстүріне мән берсе ғана ортодоксалды пайымдаудан арыла бастайды.

3.2 Қазақстан жағдайында діни негізде әлеуметтік-мәдени конфликтілердің алдын алу жолдары

Қазақстан Республикасында дінге байланысты әлеуметтік мәдени конфликтілердің алдын алу бойынша қалыптасқан оңтайлы жағдайларды және әлсіз тұстарын талдау бүгінгі күннің негізгі күн тәртібі болып табылады. Бірақ ең алдымен біз осы тұста «алдын алу» сөзіне назар аударайық. Т.Н.Кильмашкинаның [109] айтуынша «алдын алу», «ескерту», «болдырмау» сөздері әдетте синоним болып келеді. Алайда осы сөздердің терең мағынасына үңілсек, сол бір құбылыстың кейбір өзгешеліктерін кескіндейміз. «Болдырмау» сөзінің ұғымы қоғамдық конфликтілердің себептерін, бастауларын ертеректе жоюмен түсініледі. «Ескерту» сөзінің ұғымы қоғамдық қайшылықтардың кең етек алмауын, яғни адамдық, материалдық, моральдік шығындардан алшақтату ретінде түсініледі. «Алдын алу» сөзінің ұғымы қоғамдағы қайшылықтарды уақытылы анықтау, шеттету, конфликтогендік факторларын жеңілдету сияқты іс-шаралардың кешені ретінде түсініледі. Көрсетілген сөздердің айырмашылығына қарай осы тарауда біз Қазақстан жағдайында діни негізде әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмаудың жолдарын қарастырамыз.

Әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмау үшін ең алдымен оның негізгі себептеріне назар аудару керек. О.Самойлованың түсіндіруі бойынша, әлеуметтік-мәдени конфликтілердің басты себебі құндылықтарды сақтау мәселесімен байланысты. Автордың ойынша, әлеуметтік-мәдени конфликтілерге әртүрлі өркениетке жататын әлеуметтік қауымдардың арасындағы конфликтілер жатады. Осыған байланысты ескертетін жағдай - Қазақстан Республикасы ерекше әлеуметтік-мәдени кеңістік болып табылады. Өздеріңізге белгілі, Қазақстан Республикасы - көп ұлтты, көп конфессиялы мемлекет, онда 140 ұлттың өкілдері тұрады, 18-ден астам діни ағымдар, олардың 95%-ы ислам мен христиан дінін ұстанады. Қазіргі уақытта республикада 3000-ға жуық діни бірлестіктер тіркелген. Осы арнада Қазақстан кеңістігінде ортақ құндылықтарды сақтап қалу оңай іс емес. Бірақ осы жолдың діни негізде әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмауға ықпалы зор. А.Я. Флиердің концепциясына сүйенсек, әлеуметтік мәдени динамикадағы өзгеріс көрінісінің эндогенді және экзогенді факторларын байқаймыз. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік мәдени өзгерістердің эндогенды және экзогенды факторларының жағымды және жағымсыз қыры бар. Осы тұрғыдан еліміздегі әлеуметтік-мәдени өзгерістердің экзогенды және эндогенды факторларын реттеу мемлекеттің маңызды міндеті болып табылады. Мемлекет қоғамдық қатынастарды реттеу бойынша негізгі субъект болып табылады. Мемлекеттің экзогенды және эндогенды факторларға ықпалын осы жерде талдағанымыз дұрыс болады. Мемлекеттің

діни негіздегі әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмауы бойынша екі мәселе бар: нықты бүгінгі күнге дейін елімізде қалыптасқан механизмдердің сипаты, тиімділігі және шетел тәжірибесінде бар, бірақ Қазақстан мемлекетінде жоқ механизмдердің сипаты, тиімділігі. Бұл тұрғыда мәселені мына қырларымен қарастыру қажетті.

- Нақты бүгінгі күнге дейін елімізде қалыптасқан механизмдердің сипаты.
- Діни тұрғыда әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмаудың құқықтық аспектілері.
- Конституциялық деңгейдегі механизмдер.

Қазақстанның конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясаты конфессияаралық диалогты дамытуға, үнқатысуды нығайтуға және діни саладағы заң талаптарын орындауға бағытталған. Конституцияда көрсетілгендей, Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет болып табылады, онда діни сенім бостандығы қағидаттары, мемлекеттің діни істерге араласпау принциптері заңнамалық тұрғыда бекітілген. Зайырлы мемлекет кез-келген сенімге бейтарап болуы керек. Н.Ә. Назарбаев: «... мемлекеттің зайырлы табиғаты кез-келген дінді немесе атеизмді еркін таңдау мәселелерін мейлінше демократиялық жолмен шешуге мүмкіндік береді, діндердің теңдігін қамтамасыз етеді» деп атап көрсетті. Конституциялық деңгейде діни конфликтілерді болдырмаудың басты шарттарын байқаймыз. Олардың ішінде, ең алдымен назарға бірінші баптағы нормалар түседі: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары». Көрсетілген бапқа талдау беретін болсақ, түсінетініміз діни тұрғыдағы әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмаудың жүйелі қағидалары анықталған.

Демократиялық қағидасы жағынан қарастырсақ, мемлекеттегі халық азамат статусын иеленеді, яғни тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша заң алдында ерекшеленбейді, барлығының азаматтық құқығы тең. Адамдардың ар-ождан мен наным-сенім бостандығы қорғалады. Зайырлық қағидасы тұрғысынан мемлекет діни бірлестіктердің ісіне заңсыз араласпайды, діни бірлестіктердің мемлекет ісіне араласпауын қадағалайды. Сонымен бірге, діни негіздегі саяси ұйымдарды құруға жол бермейді, білім беру жүйесінде зайырлы білімі беріледі, діни ұйымдардың мүддесін қорғамайды. Осы тарапта, жалпы мемлекет зайырлы саясатты ұстанады. Құқықтық санатта мемлекет діни қатынастарды реттеудің құқықтық кеңістігін қалыптастырған. Адамдардың дін саласындағы құқықтары адам және азамат құқықтарымен үндеседі. Әлеуметтік қағида аясында мемлекет халықтың әл-ауқатын жақсартуды негізге алады. Осы қағида аясында халықтың деңсаулығы, рухани-моралдық және

психологиялық жағдайы бойынша діни ұйымдармен бірге қолдау көрсету алға тартылады.

Жалпы жоғарыда көрсетілген конституциялық деңгейдегі діни тұрғыда әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмауға бағытталған жолдардың негізгі қағидалары деп түсінгеніміз жөн. Конституциялық деңгейде діни тұрғыда әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмауды қамтамасыз ететін нормалардың қатарына мемлекеттік органдардың өкілеттілігін анықтау жатады. Бұндай шара мемлекеттік органдар арасында діни тұрғыда әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмау кезінде қарама-қайшылықтарды, өз мүддесіне қатысты асыра пайдаланушылықтардан сақтану үшін жасалған.

Конституциялық деңгейде діни тұрғыда әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмауға қатысты заңдарды шығару өкілеттілігі парламентке берілген. Тиісті заңға сәйкес діни тұрғыда әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмауды қамтамасыз ететін іс-шараларды жүзеге асыру үкіметке жүктелген. Сот және прокуратура органдары діни тұрғыда әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмау бойынша іс-шаралардың заң аясында орындалғанын қадағалауды жасайды.

Заңнама деңгейіндегі діни тұрғыда әлеуметтік мәдени конфликтілерді болдырмау механизмдеріне келсек, егер конституция деңгейінде діни тұрғыда әлеуметтік мәдени конфликтілерді болдырмаудың жалпы қағидалары, оны реттейтін өкілеттіліктері реттелсе, заңнама аясында нақтырақ әрі кеңейтілген түрде қарастырылған. Бүгінгі таңда діни тұрғыда әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмау бірнеше заң аясында көрініс табады. Оларды тікелей немесе жанама түрде діни тұрғыда әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмауды қамтамасыз етуге бағытталған. Заңнаманың тікелей түріне, ең алдымен 2011 жылдың 11 қазанында қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ("Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017 – 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 1 маусымдағы № 325 қаулысы) заңды жатқызамыз. Тиісті заң діни тұрғыда конфликтілерді болдырмау үшін бірнеше бағыттар бойынша нормаларды бекітеді. Заң арнасында, бірінші кезекте, діни тұрғыда әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмау үшін арнайы құзыретті органдардың өкілеттілігі анықталған. Келесі негізгі бөлім ретінде Қазақстан Республикасындағы діни қызмет және діни бірлестіктерді құру, мемлекеттік тіркеу, қайта ұйымдастыру, тарату нормалары қамтылған. Сонымен бірге, діни бірлестіктердің мүліктік құқық қатынастарының нормалары бекітілген. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң аясындағы негізгі бағыттар Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-мәдени қатынастардағы діни факторлардан туындайтын конфликтілерді болдырмаудың негізгі нормалары көрсетілген. 1992 жылы қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» [110, 7 б.] заңымен

салыстырғанда 2011 жылы қабылданған заң кеңірек аспектілерді қамтиды. О.Шахновскаяның [111, 238 б.] есептеуінше, 1992 жылы қабылданған заң тым либералды болып табылатын. Мысалы, діни басылымдарды экспертизалау, тіркеуден өту, миссионерлік іс туралы мәселелерде айқын либералдық көрініс табады. Діни факторлардан туындайтын әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмауды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі "Терроризмге қарсы күрес туралы" заңының маңыздылығын атап өткен жөн.

Қазіргі таңдағы дәстүрлі емес діни ағымдар мен секталардың қарқынды түрде қызметі ел ішіндегі тұрақтылық пен келісімге қауіп төндіре бастады. Осы себептерге төтеп беру мақсатында, тиісті "Терроризмге қарсы күрес туралы" заңына сәйкес, Қазақстан үкіметінің дін мәселесіндегі бірқатар ірі қадамдар жасады. Бірнеше терроризмді, экстремизмді дәріптейтін қозғалыстар мен бірлестіктердің жабылуымен Қазақстан жерінде жұмыс жүргізуіне тосқауыл қойыла бастады. Бірақ дәстүрлі діндерге, оның ішінде ислам дінінің дәстүрлі бағытынан бөлек жол таңдаған күштер әлі де өз жұмысын Қазақстан жерінде тоқтатқан жоқ, керісінше жандандыруға тырысуда. Ал өздерінің негізгі жұмысының бағыты есебінде өз қатарларын толықтыру мәселесін күн тәртібінің бірінші кезегіне қойып тұр. Өз қатарын толықтыруда қандай да бір қоғамдағы күш бірінші кезекте жастарға басты назар аударады. Осы жерде ата кеткіміз келіп отырғаны, ол мәселелердің бірі жастардың сауатсыздығы бірінші кезекке шығып отыр.

2004-2006 жылдары ҚР Жоғарғы соты және Астана қаласы сотының шешімімен лаңкестік және экстремистік сипаттағы діни ұйымдардың қызметіне Қазақстан аумағында жұмыс жасауларына тыйым салынды. Солардың қатарында – аль-Каида, Шығыс Түркістан ислам партиясы, Күрд халық конгресі, Хизб – ут – тахрир, Асбат әл-Аңсар, Мұсылман бауырлары, Талибан, Өзбекстан ислам қозғалысы, Шығыс Түркістан азат ету ұйымы, Әлеуметтік реформалар қоғамы, АУМ Синрике, халифат солдаттары, тәкбір және хижра жамағаты. 2013 жылы Таблиғ жамағат ұйымына сот шешімімен тыйым салынды. 1000-ға жуық діни-экстремистік сайттар жабылды.

1999 жылғы 13 шілдедегі "Терроризмге қарсы күрес туралы" заңының негізгі рөлі діни экстремистік ұйымдардың мүддесі негізінде әлеуметтік-мәдени конфликтілерді қоздыруды шектейді және жоюды көздейді. Осы көрсетілген діни негіздегі әлеуметтік мәдени конфликтілерді тікелей болдырмауға арналған заңнамалармен қоса, қылмыстық, әкімшілік, азаматтық, еңбек кодекстерінің орны ерекше. Аталған кодекстер діни негіздегі әлеуметтік-мәдени конфликтілер бойынша алдын ала ескерту, тыйым салу, жазалау нормаларын қамтиды.

Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының шешімдері деңгейіндегі діни негіздегі әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмау механизмдері: жергілікті әкімдердің және маслихаттардың өкілеттілігі кеңістігінде діни негіздегі әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмау бойынша шешімдер бекіту және іс-шаралар жүргізіледі.

Әкімдер мен маслихаттардың бекіткен шешімдері мен жүргізетін іс-шаралары заңнамаға қайшы келмейді, әрі жергілікті деңгейде орындалады. Бұл механизмнің маңыздылығы жоғары. Мысалы, жергілікті мекендерде әлеуметтік-мәдени процесстерден туындайтын діни мәселелерді жедел басқаруға қолайлы. Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасы ашықтық саясатын ұстануына байланысты, елімізде тым белсенді миграциялық үрдістер байқалады. Оның ішінде урбанизация және қандастарымыздың отанға оралуы, европалық этностардың Еуропаға қарай қоныс аударуы, Орталық Азиядағы халықтардың елімізде қоныстануы ерекше көзге түседі. Осыған байланысты, көптеген елді мекендерде, мысалы, Оңтүстік облыстарда, қалаларда, гомогенді этностардың шоғырланған фракциялары көбеюде. Сонымен қатар, аталған этностық фракциялардағы әлеуметтік институттардың қызметкерлері сол этностардың мүшелері болуы назар аудартады. Бұл фракциялардағы тұрғындардың әлеуметтік-мәдени изоляциялануына, ұлттық мәдениеттің әлсіреуіне және сол фрагменттерде ұлттық мәдениетке интеграцияланбаған діни ағымдардың ұстанымдары гомогенді формада дамуына алып келуі мүмкін. Бұл ретте тағы да айтып кететін мәселе дәстүр мен діннің синкриттенуі. Мысалы, діни практикада, діни уағыздарда жүзеге асатын негізгі нормалар, қарастырылатын ұғымдар белгілі бір уақыттың ішінде жергілікті дәстүрмен сабақтасып кетеді. Діннің дәстүрленуі этносты интеграциялаудың бәсеңдетуші күшіне, бірақ этносаралық интеграцияда тежеуші күшке айналады. Осы көрсетілген мәселелерді жергілікті билік органдарының құзыреттілігінде оңтайлы шешуге болады. Осыған байланысты, этникалық фракциялардың мейлінше болмауы, аралас халықтардың өмір сүретін кеңістігін қалыптастыруға тырыстыру, фракцияларда ораналасқан әлеуметтік институттарда азаматтық, зайырлы құндылықтарды насихаттайтын жұмыстарды күшейту жұмыстарын жергілікті мемлекеттік билік органдарының тікелей шешімдеріне байланысты. Т.Н.Кильмашкина (сілтемесі жоғарыда) өз тұжырымдамасында конфликтерді болдырмау үшін оның мазмұнына, бағытына, ұйымдастырушылық формасына қарай үш әдісін көрсеткен болатын: құқықтық-нормативтік актілерге негізделген ұйымдастырушылық-әкімшілік әдіс; материалдық қолдау көрсету жағын қамтитын экономикалық әдіс; әлеуметтік топтардың дүниетанымдағы құндылықтық бағдарларды қалыптастырумен байланысты психологиялық-әлеуметтік әдіс. Осы көрсетілген әдістер жергілікті билік органдарының жұмыстарында үлкен рөлді иелену тиіс.

Діни негізде туындайтын әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмаудың институционалдық аспектілері: Қазақстан Республикасының кеңістігінде әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмау үшін әр тарапта мемлекеттік және мемлекеттік емес институттар жұмыс істейді. Қазақстан аумағында қоғамдық қатынастарды реттейтін, соның ішінде діни негізі бар әлеуметтік-мәдени конфликтердің профилактикасын қамтамасыз ететін бірнеше мемлекеттік ведомстволар

қызмет атқарады. Әлеуметтік-мәдени коммуникация қоғам тұрмыс-тіршілігінің әр-түрлі саласында орын алуына байланысты қарым-қатынасқа түсуші жақтардың құқықтық, моральдық мәселелерін реттейтін институттар жүйелі түрде жұмыс істейді. Әлеуметтік мәдени коммуникацияның құқықтық аспектілерін ішкі істер министрлігі, прокуратура, сот жүйесі және т.б. реттейді. Моральдық-құндылықтық аспектілерін білім министрлігі, мәдениет және спорт министрлігі, ақпарат және коммуникация министрлігі және т.б. реттейді. Әлеуметтік-мәдени қатынасқа әсер ететін экономикалық мәселелерді қаржы министрлігі, ұлттық банк, еңбек және әлеуметтік қолдау министрлігі, денсаулық сақтау министрлігі, ұлттық экономика министрлігі және т.б. реттейді. Осы билік органдарымен бірге әртүрлі комитеттер, агенттіктер жұмыс істейді. Жалпы мемлекеттік институттар орталық және жергілікті болып екіге бөлінеді. Орталық мемлекеттік институттар республикалық деңгейдегі діни факторлардан туындаған әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмаумен айналысады. Орталық мемлекеттік институттар конфликтік фактілерді болдырмау үшін тиісті заңнамалардың жобаларын даярлайды, әдістемелік және координациялық қызметтерді атқарады және т.б. Жергілікті органдар облыс, аудан, ауыл кеңістігінде тиісті заңнамалар негізінде әлеуметтік мәдени конфликтілерді болдырмау бойынша жұмыс істейді. Жалпы діни факторлардан туындайтын әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмау бойынша мемлекеттік институттар жүйелі қалыптасқан. Мемлекеттік институттардың қызметі діни негіздегі конфликтілерді болдырмай үшін атқаратын іс-шаралары өте маңызды. Осы бағытта мемлекеттік институттарды атқарған іс-шараларын шағын шолу жасағанмыз жөн.

Дін істері агенттігі тұрақты негізде діни сипаттағы интернет-сайттардың мазмұнына мониторинг жүргізіп, талдау жасады. Деструктивті мазмұны бар сайттарды сараптау нәтижелері прокуратура органдарына шешім қабылдау үшін жіберілді. 2013 жылдан бастап 2014 жылдың 1 тоқсанында діни мазмұны бар 2,1 мыңнан астам интернет-ресурстардың мазмұны талданды. 227 сайт пен 167 бейнематериалдар бойынша теріс сараптамалық қорытынды берілді, олар бойынша материалдар прокуратура органдарына жіберілді. Дін саласындағы қолданыстағы Заңның ережелерін белсенді іске асыру үшін Дін істері агенттігі 15 заң актілерін, оның ішінде 7 үкіметтің қаулысын және Агенттіктің 8 бұйрығын әзірледі және қабылдады, олар дін саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттары бойынша мемлекеттік қызметтердің нұсқаулықтарын, стандарттары мен регламенттерін бекітті. Дінтану сараптамасын жүзеге асыру үшін стандарттар мен регламенттерді, сараптаманы ұйымдастыру мен жүргізудің кезеңдері мен тетіктерін қамтитын 6 заңға тәуелді актіге негізделген нормативтік құқықтық база құрылды. Бұл елге экстремистік әдебиеттің енуіне елеулі тосқауыл қоюға мүмкіндік берді. Агенттік қызмет ету кезеңінде 24 мың 664 діни кітаптар мен өзге де ақпараттық материалдар бойынша сараптама жүргізілген болатын. Теріс қорытынды 279 шығарылды.

Қазақстандық соттардың шешімдері негізінде экстремистік деп танылған және бірқатар діни ұйымдардың қызметіне тыйым салынған. 2013 жылы ақпарат қабылдау және діни мәселелер бойынша азаматтардың кеңестері орталығы құрылды. Оның негізінде тәулік бойы және ақысыз қызмет көрсету - «114» сенім телефоны жұмыс істейді. Сенім телефонының мәні - азаматтарға діни мәселелер бойынша тәулік бойы ақысыз кеңес беру, сондай-ақ дін саласындағы заңнаманы бұзушылықтар туралы ақпаратты жинау және құқық қорғау органдарына жолдау. 2013 жылы интернет кеңістіктегі діни экстремизмнің алдын алу және исламның дәстүрлі негіздерін түсіндіру мақсатында "Е – islam" толыққанды ақпараттық-ағартушылық Интернет-порталы құрылды. Министрліктің үйлестіруімен дін мәселелері бойынша республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелері еліміздің 17 өңірінде халық арасында діни экстремизм көріністеріне қарсы және дінаралық келісімді насихаттау бағытында жұмыстар жүргізіп келеді. Дін мәселелері бойынша аймақтық ақпараттық-түсіндіру топтары мүшелерінің қатысуымен осы жылдың бірінші жартыжылдығында 1 млн-нан астам адамды қамтыған түрлі форматтағы 16 800 іс-шара ұйымдастырылды. Жастар арасында түсіндіру іс-шаралары үнемі жалғасып келеді. Сонымен қатар балалар үйлері мен интернаттарда 670-тен астам тәрбиеленушіні қамтитын 38 түсіндіру шаралары ұйымдастырылды. «Қазақстан-2050» стратегиясында: «Біздің мемлекетіміздің зайырлы келбеті – Қазақстанның табысты дамуының маңызды шарты. Мұны Қазақстанның қазіргі және болашақ саясаткерлері, барлық қазақстандықтар айқын түсінуге тиіс», – деп атап көрсетілген [112].

Қазақстанда бүгінгі күні діни сенім бостандығы жарияланған. Әркім өз қалауы бойынша дінге сенемін десе де, өзі таңдайды. Бірақ ең бастысы – ол адамдарды психологиялық жағынан жарымжан етпеуі, адамдардың тағдырын жарға жықпауы керек, оларды елдің мемлекеттік саясатына қарсы қоймауы тиіс. Сондай-ақ жастарды радикалды діни ағымдардың ықпалына кетірмеу мақсатында облыстық прокуратура тарапынан ҚР Конституциясының және «Діни сенім бостандығы, сонымен қатар діни бірлестіктер туралы» Заңы үнемі БАҚ арқылы түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Біздің азаматтарымыз дін туралы білімге қызығушылық білдіретінін ескере отырып, мектеп, жоғары оқу орындарында әлемдік және дәстүрлі діндердің шіркеулеріне, соборларына, мешіттеріне жиі экскурсия жасау ұйымдастырылып тұрса жақсы болар еді. Сол сияқты «Дінтану» курстарын жаппай енгізу керек. Себебі, дәл қазіргі кезде студент жастардың діни және рухани мәселелері «қолдан қолға көшіп» жүр. Рухани мәселе бүгінгі күні жаттықтыруды, шынықтыруды қажет етеді. ХХІ ғасыр адамзат мәселесінде жаны мен рухы арасына үлкен жарықшақ түсті. Дәл қазір жаппай технологияланған және интернетке оңай қолжетімді кезеңде адам санасы шындалмаған субстанция ретінде көрінді де, сол діни сауаты жоқ, дінді дұрыс түсінбей отырған азаматтарымыз теріс жолға түсіп жатады. Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017 – 2020 жылдарға арналған

тұжырымдамасы діни факторлардан туындайтын әлеуметтік-мәдени қақтығыстарды болдырмаудың әлсіз тұстарын ескере отырып, мемлекет алдына міндет ретінде келесі мәселелерді қойған: Мемлекет дамуының зайырлылық қағидаттарын нығайту, азаматтардың ар-ождан құқығын қамтамасыз ету; Дін саласын реттейтін заңнаманы жетілдіру; Мемлекеттің зайырлылық қағидаттарын нығайтуға және діни экстремизмге қарсы іс-қимылға бағытталған Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру бойынша барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттары жұмысының бірыңғай жүйесін жетілдіру; Азаматтардың ар-ождан бостандығы мен олардың діни наным-сенімін құрметтеу құқықтарына заңнамалық кепілдік беруді қамтамасыз ету; Діни бірлестіктердің толыққанды жұмыс істеуі үшін жағдайды қамтамасыз ету және ұлт қауіпсіздігін, зайырлы мемлекеттің конституциялық негізін бұзатын және халықтың белгілі бір топтарын радикалдандыруға әсер ететін деструктивті діни ағымдардың қызметіне жол бермеу; Халық арасында қоғамда тұрақтылықты, этносаралық және конфессияаралық келісімді сақтау, деструктивті діни идеологияға азаматтардың иммунитетін қалыптастыру бойынша мемлекет іске асырып жатқан шараларды түсіндіруге бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту [113].

Жоғарыда көрсетілген діни фактордан туындайтын әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмауға арналған негізгі міндеттерді жүзеге асыру үшін келесі тәсілдер анықталған: Дін саласындағы заңнаманы жетілдіру; Мемлекеттің зайырлы даму қағидаттарын нығайту; Діни экстремизм идеологиясына қарсы іс-қимылдың және деструктивті діни ағымдардың қызметін бейтараптандырудың жалпы мемлекеттік жүйесі.

Тұжырымдама ішкі және сыртқы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталып, экстремисттік сипаттағы діни ағымдардың бүлікшіл әрекеттеріне тосқауыл қоюды мақсат етеді. Өйткені, діни алауыздық – мемлекеттің зайырлы қағидаттарын мансұқтап, дәстүрлі құндылықтарға қауіп төндіреді. Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі ұсынған тұжырымдамада қамтылған негізгі мәселелер:

1. Мемлекеттің зайырлылық қағидаттарын нығайтып, азаматтардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ету;

2. Дін саласын бақылау жөніндегі Заңнаманы жетілдіру;

3. Ел азаматтарының діни көзқарастарының заңмен қорғалуын қамтамасыз ету;

4. Діни деструктивті ағымдардың ұлттық қауіпсіздікті, зайырлы мемлекеттің конституциялық негіздерін бұзуына жол бермеу;

5. Халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту арқылы деструктивті діни идеологияға қарсы иммунитет қалыптастырып, этносаралық және конфессияаралық бірлікті одан әрі нығайту. Тұжырымдамада қоғамда дәстүрлі рухани құндылықтарға, эволюциялық дамуға, зайырлы мемлекет қағидаларына негізделген ұлттық бірегейлікті

нығайтуды көздеп, діни экстремизмге қарсы қоғамның иммунитетін қалыптастыратын нақты шаралар ұсынылған [114].

Тұжырымдамада қоғамда дәстүрлі рухани құндылықтарға, эволюциялық дамуға, зайырлы мемлекет қағидаларына негізделген ұлттық бірегейлікті нығайтуды көздеп, діни экстремизмге қарсы қоғамның иммунитетін қалыптастыратын нақты шаралар ұсынылған. Өз бетімен діни білім алуға аттанып, ол жақта экстремистер мен радикалдардың арбауына түсіп, террористік ұйымдардың қатарын толтырып жүрген жастарымыздың бар екенін жасыруға болмайды. Білім алу тәртібін реттеу, жасөспірімдерді діни қызметке заңсыз тартуға жол бермеу, діни әдебиеттерді тарату тәртібін жетілдіру және т.б. мәселелерімен бетпе-бет келген ата-аналар арнайы хат жазып, осы мәселені заңмен реттеуді ұсынуда. Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі ҚР Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, діни білім алу үшін ұсынылатын шетелдік теологиялық жоғары оқу орындарының тізімін жасақтады. Яғни, шетелдерде діни білім алғысы келетін азаматтар ҚМДБ белгілеген оқу орындарында ғана білім ала алады. Тұжырымдама жаңа геосаяси, ішкі және сыртқы қатерлер аясында Қазақстанда тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуды қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл жұмыстар ресми түрде тіркелген діни бірлестіктер мен азаматтық қауымдастықты тартумен барлық мүдделі мемлекеттік органдардың тығыз әрекеттестігі арқылы жүзеге асырылады. Тұжырымдамада еліміздің дамуының зайырлы қағидаты тұрғысынан дін саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттары дұрыс айқындалған. Сондықтан Тұжырымдаманы тәжірибелік іске асыру мемлекеттің діни бірлестіктермен өзара әрекеттесуінің қазақстандық үлгісін дамытудың алғышартын қалыптастырады. Тәуелсіздіктің ширек ғасырындағы жетістіктерді тиянақтап, әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіруге сеніммен қадам басқан Қазақстан мемлекетінің зайырлы дамуының конституциялық қағидаттарын ұстанады. Тұжырымдамада зайырлылық қағидаттарын мемлекеттік басқару, мемлекеттік қызмет, құқық қорғау, қарулы күштер, БАҚ, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт салаларында кеңінен орнықтыру жолдары көрініс тапқан. Діни қайшылықтар негізінде туындайтын радикализммен байланыстағы келеңсіз үрдістер бой көрсетіп отырған бүгінгі уақытта қоғам мен мемлекет тұрақтылығын сақтау мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік саясатта жан-жақты қарастырылған ұстанымдарды қалыптастырудың маңызы ерекше. Осы ретте, діни бірлестіктердің толыққанды қызмет етуін қамтамасыз етуге, дін саласын реттейтін заңнаманы жетілдіруге, деструктивті діни ағымдардың идеяларының таралуына тосқауыл қоюға және азаматтық қоғам институттарын тарта отырып, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына басымдық беруге ерекше назар аудару – тұжырымдаманың оңды тұсы деп толық сеніммен айтуға болады. Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың тұжырымдамасын іске асыру бойынша барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарын ведомствоаралық үйлестіру және өзара іс-қимыл тетігін құру;

– таяудағы және ұзақ мерзімді перспективада діни ахуалдың даму үрдісін болжамдау, заңдылығын анықтау, сондай-ақ уақытылы тиісті шешімдер қабылдау үшін ұсыныстар әзірлеу;

– қоғам санасында негізгі зайырлылық құндылықтарын нығайту;

– қоғамда діни қатынастар саласында радикалды және экстремистік көріністермен байланысты кез келген іс-қимылға мүлде төзбеушілікке қол жеткізу;

– мемлекеттік билік органдары мен діни бірлестіктердің өзара іс-қимылының өзіндік қазақстандық үлгісін одан әрі дамыту және тәртібін айқындау;

– деструктивті діни ағымдарды жақтаушылармен, экстремизм және терроризммен байланысты баптар бойынша сотталғандармен, олардың отбасыларымен дәлме-дәл және атаулы оңалту жұмыстарын жетілдіру;

– радикалды діни ағымдар идеологиясының ататына кір келтіруге бағытталған білікті діни қызметкерлер мен насихаттаушыларды тарта отырып, тұрғындар арасында, әсіресе нысаналы және «проблемалық» топтар арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жандандыру т.с.с. Тұжырымдаманы іске асырудың тиімділігі тиісінше, қазақстандық қоғамдағы қауіпсіздік, бейбітшілік пен тұрақтылық мемлекет мүддесін қорғауға бағдарланған барлық мемлекеттік және үкіметтік емес құрылымдардың, азаматтық қоғам институттары мен әрбір азаматтың сындарлы іс-қимылына, саналы әрі белсенді атсалысуына байланысты. Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы мемлекеттік-конфессиялық және конфессияаралық қатынастарды жетілдіруге, мемлекеттің зайырлы қағидаларын нығайту және дінді деструктивті мақсатта пайдалануға жол бермеу бойынша ресми көзқарастар жүйесі болып табылады. Мемлекеттік институттармен бірге елімізде азаматтық қоғам өкілдерінен тұратын қоғамдық бірлестіктердің діни факторлардан туындайтын әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмауға үлкен септігін айтуымыз жөн.

«Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» (ҚМДБ) елімізде мұсылман діни ұйымдарының ішінде ең ірісі болып келеді. Бүгінгі таңда басқарманың құрамында 2550-де аса мешіт жұмыс істеп тұр. Қазақстанда ханафи мазһабы, матуриди ілімі бойынша мұсылман жолын бастап тұрған осы басқарма, еліміздің дәстүрімен жанасуына байланысты және көпшілік халықтың сенімін артуына байланысты көптеген діни негізде әлеуметтік-мәдени конфликтілердің болмауын қолдау білідіріп келе жатыр. ҚМДБ жұмысы арқасында әлеуметтік-мәдени конфликтілер діни жағынан ушықпайына үлкен күш болып тұр. Жұмалық намаздарда мешіт имамдары қоғамның көкейкесті тақырыптары бойынша уағыз айтады. Осы уағыздардың мазмұны көп ретте тәрбиеге, ауызбірлікке бағытталған. Осы сияқты «Республикалық православие шіркеуінің» (РПШ) рөлін атап өтуіміз қажет. Бұл діни ұйым «республикалық діни бірлестігі (бұдан әрі – ҚПШ) өкілдерінің саны жағынан екінші орында. Оның құрамына 325 діни

субъект, оның ішінде 301 приход, 9 епархия және 294 діни құрылыс, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы Митрополит округі кіреді». РПШ славян елдері арасында үлкен қолдауға ие. Қоғамды сабырға шақыру бойынша маңызды рөл атқарады. Сонымен бірге біз басқа да діни ұйымдардың кейбір әлеуметтік-мәдени мәселелер бойынша қолдаушылығын табамыз. Бірақ бұл ретте квази діни ұйымдардың кері әсері де бар. Осыған қарамастан, біз біршама діни ұйымдардан жағымды істерді көреміз.

1995 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған Қазақстан халықтары Ассамблеясының ұлтаралық тұрақтылықты, этникалық-конфессиялық қатынастарда әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмауда орны бар. Бұл институттың ұлт бірлігі, халық ынтымақтастығын арттыру бойынша әр-түрлі этномәдениеттік орталықтары бар. Жалпы идеологиялық контексте үлкен рөл атқарады. Біздің елде бүгінгі таңда діни негіздегі әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмауда Үкіметтік емес ұйымдардың маңызы жоғары.

2019 жылдың статистикасы бойынша Қазақстан Республикасында 15954 ҮЕҰ жұмыс істейді. Оның ішінде 3%-ы қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікке бағытталған. Мемлекеттік бюджеттен 2018 жылы 20 млрд. тенге, 2019 жылы 17 млрд. тенге бөлінген. Бұл қаражат МЕМҰ қолдаудың 29% құрайды. 1994 жылдан бері ҮЕҰ-дың саны 32 есеге өскен, яғни 500-ден 15954-ке дейін [115] Ж. Нұршаихованың айтуынша, «Үкіметтік емес ұйымдардың сандық өсуі олардың қызметтеріне деген сұранысты көрсетеді, өйткені ҮЕҰ өзгеріп жатқан жағдайларға бейімделе алады, икемді, белсенді және көбінесе өздерінің жергілікті білімдерімен танымал, сонымен бірге адамдардың әлеуметтік бастамаларын жандандырады, бұл әлеуметтік немесе саяси конфликт ықтималдығын азайтады». Осылардың қатарында БАҚ қызметін де ерекше атап өткен жөн. Терроризм мен экстремизмге қарсы және әлеуметтік-мәдени конфликтілерге қарсы насихат бойынша, Республикалық телеарналарда 110-нан астам бағдарламаның шығуы ұйымдастырылды (журналистік зерттеу жанрындағы деректі фильмдер, ток-шоу, жаңалықтар, сұхбаттар). Аталған бағдарламаларға мемлекеттік органдардың, ғылыми-сараптамалық қауымдастықтың, ҮЕҰ-дың, Қазақстанның мұсылмандар діни басқармасының өкілдері жұмылдырылды («Интервью», «Сұхбат», «Бастау керек» (Хабар 24); «Біздің назарда», «Терроризм тұзағы», «Жаһандық саясат» (Хабар); «Портрет недели» (КТК); «Бетпе-бет», «Апта» (Қазақстан). Жоғарыда көрсетілген мақсаттарды іске асыруға бағытталған ірі жобалардың бірі «Kazislam» ақпараттық интернет-порталының жұмысы болып табылады. Жылдың басынан аталған порталда 5,5 мыңнан аса ақпараттық-ағартушылық материал әзірленіп жарияланды (оның ішінде 4 411 жаңалық, 1 000 сұхбат пен мақала, 180 аудио-бейне материал). Аталған материалдар «Youtube.com», «KazTube» бейне арналарда және «Facebook.com», «Twitter.com», «ВКонтакте» танымал әлеуметтік желілерінде шықты

[116,146 б.]. Мемлекеттік емес ірі институттардың қатарында Қоғамдық кеңесті көреміз. Бүгінгі күні Қоғамдық кеңес Республикалық және облыстық деңгейде жұмыс атқарады. 2019 жылдың қаңтар-тамызында ОЖ 1128 жиналыс өткізді, тиісті әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша 219-нан астам зерттеу өткізілді. Жалпы әлеуметтік мәселелерді шешуде айқын жұмысын көрсетті.

Діни негізде туындайтын әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмаудың құндылықтық аспектілері: Жаһандану әлемнің көптеген мемлекеттерінің экономикалық, әлеуметтік-саяси, мәдени және рухани өмірінің көптеген салаларына, атап айтқанда, дін сияқты рухани құбылысына кері әсерін тигізді. Дәл осы салада жаһандануға қарсы тұру айқын көрінеді. «Рухани сала адам үшін бостандыққа үміт артуға болатын соңғы пана болып қала береді, егер саясат және экономика саласында ол еркін көрінудің болашағы болмаса. Дін, әдетте, мәні бойынша дәстүрлі болып табылады, жаһандық идеология болса «бәрін бірыңғай трафаретпен үйлестіретін» кез келген дәстүрге қарсы келеді. Бұл православие мен исламның батысқа қарсы көңіл-күйімен сипатталатын қарсылықты көрсетеді» [117, 118 б.]. Дінді саясаттандыру кезінде оң және теріс тұстар да бар. Оң сәттерді жағымсыз сәттерге қарағанда көру қиын.

Саясаттандыру-бұл дінге мүлдем сәйкес келмейтін процесс. Діннің саясатқа араласудан басқа мақсаттары мен міндеттері бар. Бірақ әр діннің әлеуметтік әділеттілік туралы өзіндік түсінігі бар және бұл түсінік шындыққа қайшы келетін кезде, дін өзінің қызмет етуіндегі қоғамдық-саяси кеңістікке араласуды өзінің міндеті деп санайды. Дінді саясиландырудың негізгі көзі осында. Егер діннің осы әрекеттерін сындарлы оң арнаға бағыттайтын болсақ, діннен «пайда» айқын болады. Егер дін ығыстырылып кетсе, ол «оппозицияға» кетеді.

Мемлекет әділеттілік пен зайырлылықты қорғау қағидаттарын іске асыру үшін діннің талаптары арасында маневр жасай білуі керек, әйтпесе кез келген жағдайда мемлекеттік-конфессиялық қатынастарда конфликтілер пайда болады. Қазіргі уақыттағы гуманитарлық ғылыми зерттеу орталығының мәліметі бойынша 4% құрайтын «дәстүрлі емес» діндерді ұстанушылар санының аздығына қарамастан аса белсенді болып келеді [118]. Қазақстанның конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясаты конфессияаралық диалогты дамытуға, үнқатысуды нығайтуға және діни саладағы заң талаптарын орындауға бағытталған. Конституцияда көрсетілгендей, Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет болып табылады, онда діни сенім бостандығы қағидаттары, мемлекеттің діни істерге араласпау принциптері заңнамалық тұрғыда бекітілген.

Зайырлы мемлекет кез-келген сенімге бейтарап болуы керек. Н.Ә. Назарбаев: «... мемлекеттің зайырлы табиғаты кез-келген дінді немесе атеизмді еркін таңдау мәселелерін мейлінше демократиялық жолмен шешуге мүмкіндік береді, діндердің теңдігін қамтамасыз етеді» деп атап көрсетті. Зайырлы құқықтық мемлекет идеологиясында дінге дейінгі және дінге қарсы

көзқарастарға орын жоқ. Сонымен қатар, тұрақты демократиялық дәстүрлері бар, тіпті діннен мемлекетті саяси эмансипациялау мәселесін шешкен ең зайырлы елдер де дінді мемлекеттен нақты бөлу мәселелерін шеше алмайды, өйткені оған сенуші адам сол мемлекеттің азаматы болып табылады.

1991 жылдың желтоқсан айынан бастап, Қазақстан тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» [119, 7 б.] заң көршілес ТМД мемлекеттері кеңістігіндегі сол кездегі көзқараспен діни мәселедегі ең алдыңғы қатардағы заң болды деуге болады. Осы қабылданған заңдардан кейін республикада әр түрлі діни ағымдар пайда болып, шетелден келген миссионерлер де көбейе түсті. Бұған қоса, көптеген жастарымыз діни білім аламыз деген қазақ жастары шетел мұсылман мемлекеттеріне ағылып кете бастағандығын да айта кеткен жөн. Барған мемлекеттерді діни оқу орындары қай бағытта діни білім беретіндері мен діни білім беру әдістері мен формалары барып жатқан сол уақыттағы қазақ жастарының тараптарынан аса ескерілмегендігін көруге болады. Қазақ азаматтарының, әсіресе жастарының бір бөлігі діни сауаттылығын арттырамыз деп керісінше Қазақстан Республикасы азаматтарының ұстанған діни бағытынан өзгеше дәстүрлі емес діни бағыттарға бұрылып кетіп жатты. Осындай жағдайлардың бірі ел ішіндегі тыныштықтың бұзылуына әкеліп ұрындырды. Осы жағдайлармен байланысты Қазақстан үкіметі 2011 жылдың 11 қазанында «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» [120, 36.] заңын қабылдаған болатын, ал діни мәселелерге байланысты жұмыстарды «Қазақстан Республикасының Дін істері агенттігі» реттейтін болды. Заңның қабылдануымен Қазақстан аумағындағы барлық діни конфессиялар мен діни бірлестіктер қайыра тіркеуден өту қажет болды. Діни бірлестіктердің кейбіреулері дін арқылы жақсылықты уағыздаймыз деп, «жақсылыққа» апарар жолды террормен іске асыруды көздеп, Қазақстанның ұлт аралық бірлігін бұзуды көздеген ұйымдар болды. Олар өз идеологияларында осындай қадам арқылы жеңістерге жететіндеріне кәміл сеніп, олардың ойынша осы таңдалған жол ең абзалы деп сенді. Қайсы бір дінді алып қарастыратын болсақ, олардың қасиетті кітаптарында ешқандай да бір мәтіндерінде: біреуді өлтір деп айтылмайды, керісінше шыдамдылық, сыйластық, төзімділік, бауырмалдылық, достық көрсетуге шақырады. Христиандардың библиясы «таспен ұрғанды-аспен ұр», - деп келісімге келуге, «бір бетінді ұрса екіншісін тос» - деп шыдамдылыққа шақырса, мұсылмандардың құран хадистері мен аяттары сабырлық пен адамгершілікке, түсіністікке шақырады. Қазіргі таңдағы дәстүрлі емес діни ағымдар мен секталардың қарқынды түрде қызметі мен қазіргі халықтың дінге деген қызығушылықтары ел ішіндегі тұрақтылық пен келісімге қауіп төндіре бастады. Осы себептер Қазақстан үкіметінің дін мәселесіндегі бірқатар ірі қадамдар жасауына әкелді. Бірнеше терроризмді, экстремизмді дәріптейтін қозғалыстар мен бірлестіктердің жабылуымен Қазақстан жерінде жұмыс жүргізуіне тосқауыл қойыла бастады. Бірақ дәстүрлі діндерге, оның ішінде ислам дінінің дәстүрлі бағытынан бөлек жол

таңдаған күштер әлі де өз жұмысын Қазақстан жерінде тоқтатқан жоқ, керісінше жандандыруға тырысуда. Ал өздерінің негізгі жұмысының бағыты есебінде өз қатарларын толықтыру мәселесін күн тәртібінің бірінші кезегіне қойып тұр. Өз қатарын толықтыруда қандай да бір қоғамдағы күш бірінші кезекте жастарға басты назар аударады. Осы жерде айта кеткіміз келіп отырғаны, ол мәселелердің бірі жастардың сауатсыздығы бірінші кезекке шығып отыр. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясатының «Қазақстан: 2020 болашаққа жол» атты Концепциясында жастардың радикализациялану қатерін ескере отырып: «Өмірлік тәжірибесі аз қазіргі жастарға өздерінің саяси мақсаттарын көздеген ішкі және сыртқы деструктивті күштер өз ықпалын тигізуде. Жастар ортасына тереңінен енген экстремистік көзқарастар мен идеялар этникааралық, мәдениет аралық, сонымен бірге конфессияаралық ынтымақтастыққа нұқсан келтіру мүмкіндігі туып отыр» [121]. Азаматтардың дінге деген қызығушылықтарының өсуі этномәдени сәйкестендірудің кешенді процессінің жалпы бөлігі ретінде қабылдана бастауы, этникалықтың діни бастауларға, этникалық өзіндік ерекшеліктің, мәдениет пен дәстүрлердің қайта жаңғыруына қайта оралуда көрініс тапқаны деп түсінуге болады. Қазақстан халқының арасында көбіне ислам дінін ұстанушылар болып табылады. Соған сәйкес 2009 жылы өткен санақ бойынша мұсылмандардың саны 70,19% халықты құраған [122, 203 б.].

Қазақстан халқы ешқашан фанатизмге бейім болмаған, керісінше діни төзімділік пен конфессияаралық аясында толеранттылықпен ерекшеленген. Сонымен бірге қазіргі уақытта Орталық Азия мемлекеттерінде нақты белгілі бір рухани көзқарастардың таралуы, бұрыннан қалыптасып келе жатқан діни ахуалға өздерінің әсерлерін тигізуі мүмкін. Осыған қолайлы жағдайлар діни догмадағы тәжірибенің жеткіліксіздігі, өмірде нақты бір өзінің позициясының болмауы, сондай-ақ азаматтардың сенгіштігі. Аталған осы ағымдардың өз кезегінде өздерінің саяси көзқарастарына қарсылық білдірушілерге, соның ішінде қатардағы діншілдерге де төзбеушілікпен ерекшеленеді. Фанатизм және соқыр ұстаным, шектен тыс қатыгездік пен агрессивтілік, демагогиямен ұштасқан - міне, олардың дүниетанымының ерекшеліктері осы.

Жоғарыда айтылғандай, мемлекетте діни бірлестіктер санының өсуі байқалды - 1989 жылғы 661-ден 1998 жылы 2 192-ге және 2017 жылғы 1 қаңтардағы 3 658-ге жетті. Олардың ішінде ең көп саналатыны - Ханафи мазхабының исламы және православиелік христиан. Сонымен қатар католик және протестанттық шіркеулер, еврей, Буддисттер және басқа да қауымдар бар [123, 175 б.].

«Мемлекеттің діни мәселелерді шешуге және конфессияаралық диалогты қолдауға дәйекті түрдегі қолданған әдіс-тәсілдері қоғам санасында әлеуметтік және құқықтық мәдениеттің дұрыс түрлерін қалыптастыруға оң әсер ететін әлеуметтік-діни иммунитет түзіледі. Біздің ең негізгі міндеттеріміздің бірі - қазақстандық менталитетке жат діни ұйымдардың кіруінің алдын алу бойынша пәрменді шараларын қабылдау. Ең басты

міндеттеріміздің бірі ол Қазақстандық жастарымыз бен өсіп келе жатқан балаларға әсерлерінен дер кезінде сақтап қалу. Осыған орай тұрақты түрде жастардың санасына біздің түзінімізге, сенімімізге жат ағымдардың пайдасына өзінің таңдауын жасатқызыбау мақсатында, Қазақстандағы дәстүрлі діндері жайлы тұрақты, жоспарлы түрде түсіндірме жұмыстарын жүргізу қажет» - екенін айтып өткен [124, 328 б.]. Осы міндеттердің арасында толерантты бағдарланған дүниетанымды қалыптастыру аса маңызды болып табылады, өйткені ол қазіргі әлем үшін өмір сүру дағдысына айналған негізгі өркениетаралық, мәдениетаралық және конфессияаралық қақтығыстардың алдын алуға қабілетті. Бұл толеранттылық проблемасының өзектілігіне алып келеді, бұл ғылыми ортадағы осы ұғымның мәніне деген қызығушылықты кеңейте түседі. Өз мазмұны бойынша толеранттылық ұғымы "төзімділік" ұғымына жақын, бірақ бұл терминдерді мүлдем синонимді және өзара алмастырушы ретінде түсіну дұрыс емес болар еді. Ресей философы Ю. В. Артюховичтің пайымынша, шыдамдылық ұғымының құндылықты толықтыруы қандай да бір шектеулікті және көріністегі мәжбүрленуді көрсетеді: Адам мәжбүрсіз нәрсеге төзбеуге мәжбүр болады деп болжайды. "Толеранттылық" термині өзінің құндылықтық негізіне ұстамдылық, өзін-өзі бақылау, құрмет, әдептілік, түсіну және кешіру қабілеті туралы түсініктерді жинай отырып, неғұрлым кең аксиологиялық мазмұнға ие. Осыған орай, толеранттылық "теңдікті, сан алуандылықты және адами мәдениеттің алуан түрлілігін, нормаларды, наным-сенімдерді құрметтеу және мойындау және үстемдік пен зорлық-зомбылықтан бас тарту...", сондай-ақ "басқаларды олар болып табылатындай етіп қабылдауға және келісім негізінде олармен өзара іс-қимыл жасауға дайын болу" деп айқындалады» [125, 151 б.].

Тек көп ұлтты ғана емес, көпконфессиялы мемлекет болып табылатын Қазақстан үшін православиелік, мұсылмандар, буддистер, иудейлер, католиктер, басқа діни сенім өкілдері өмір сүретін, төзімділікті, діни толеранттылықты және бейбітшілік сүйгіштікті қалыптастыру, экстремизм мен қарсы іс-қимылдың әртүрлі түрлерінің алдын алу ерекше өзектілікке ие. Діни толеранттылық В. Форсованың пікірінше, тарих тұрғысынан төзімділіктің бірінші түрі болып табылады. Діни толеранттылық жалпы анықтамасы бөтен сенімдерге төзімділікті көздейді. Діни толеранттылық - әр түрлі конфессиялардың догмаларына, діншілдікке, литургия мен т.б. ерекшеліктеріне, діндарлар мен сенбеушілер, түрлі конфессиялық топтардың өкілдері тарапынан қарым-қатынас. Діни төзімділікке сәйкес, Дж.Хабермас әлемдік діндердің толеранттылығын олардың құтқару миссиясымен түсінеді, ол кең мағынада толеранттылықтың прототипіне айналды. Оның пайымдауынша, діни толеранттылық басқа діни сенімдегілерге толеранттылықпен қарау [126, 45–53 бб.]. Ұсынылған анықтамаларға негізделе отырып, Қазақстан жағдайында этникалық және діни толеранттылық ерекшелігінің жалпы сипатын көру қиын емес. Толеранттылық қазақстандық қоғамда плюрализмнің – этникалық және діни (діни көзқарастар, бірлестіктер, конфессиялар) болуы сөзсіз және заңды деп

танудан тұрады. Сонымен қатар, этникалық плюрализмнің бір мағыналы түсінігіне қарағанда, ғылымда діни плюрализмнің екі түсінігі бар. Біріншісі-онтологиялық тұрғыда әлемнің көптеген, принципті түрде әр түрлі, бір-біріне жинақталмайтын субстанцияларды мойындауды білдіретін ұқсас философиялық категорияға сәйкес келеді. Діни плюрализмнің басқа түсінігі әлеуметтік-саяси кеңістіктегі діни деноминациялардың, конфессиялар мен ұйымдардың алуан түрлілігін көздейді. Діни плюрализмнің бұл мәні саяси сала үшін қызығушылық тудырады [127]. Діни төзбеушілік әр түрлі діндердің қатар өмір сүруінің міндетті салдары болып табылмайды. Саяси, идеологиялық, ұлтшылдық сипаттағы сыртқы факторлар шиеленіскен әлеуетті жандандыруға ықпал етеді. Діни төзімділікті еңсеру қоғамның демократиялық құрылымымен тікелей байланысты, оның атрибуттарының бірі діни өзін-өзі анықтау еркіндігі болып табылады. Сенім әркімнің жеке ісі болуы керек. Ешкімнің басқаларға өз сенімін, өз ой-санасын, әлемге деген көзқарасын, өзінің діни құндылықтарын күштеп таңуға құқығы жоқ. Адам өзінің өмірлік тәжірибесіне, ішкі мотивациясына, мағынасы бар бағдарларды іздеуге байланысты өз бетінше келуі керек. Бұл сенім экономикалық, саяси, идеологиялық әсерлерге жол бермеуі тиіс. Дін мәселелерінде діни тәжірибенің әртүрлілігі, өзара төзімділік ұстанымдары, діндарлар мен дінге сенбейтін адамдар, әртүрлі конфессиялар мен діни дәстүрлердің өкілдері арасындағы құрмет маңызды; нақты мәселелерді шешуге деген ұмтылыс, толеранттылықты көрсететін диалог негізінде өмір сүру, бірақ немқұрайлылық түрінде емес, басқа көзқарастың мүмкіндігі ретінде, жеке тәжірибені байытуға әкелетін сыни диалог ретінде қарау.

Қазақ халқының мұсылмандығы жоғарыдағы себептермен исламның сыртқы құлшылық формалары мен амалдарына байланып қалмай, діннің ішкі маңызын терең игерген, бейбіт һәм демократияшыл мұсылмандық болды. Соның арқасында қазақтың қонақжай мінезі, адамзатты жатырқамайтын ашық-жарқындығы қалыптасты. Қожа Ахмет Ясауи құдайды танудың және оған жетудің құлшылық үлгісімен қатар, адамдардың өз нәпсісімен күресе отырып, жоғары тазалық арқылы бару жолдарын да көрсетті. Сондықтан ислам көшпелі тұрмыс кешетін қазақтың өмір салтына айнала білді. Қазақ дәстүрлеріндегі ең ұлы ұлағат – «біреудің игілігі үшін, өзгенің бақыты үшін өмір сүр!» деген діннің негізгі ережесін күнделікті тұрмысқа кіргізіп жібергендік. Қазақ халқының барлық әдет-ғұрпы – адам дүние есігін ашқаннан (жарыс қазан, шілдехана, бесік той, тұсау кесу т.б.) бастап, үйленгендегі (ұзатылғандағы) той-томалағы (неке қию, есік көру, қоржын сөгу, сыңсу, өңір салу), өлік жөнелтуіне дейін (жетісі, қырқы, жылы, ас беру) көпшілікпен, адамдардың бір-бірінің қуанышы мен қайғысын бөлісу, бір-біріне жомарттық көрсету, көмектесу түрінде атқарылады. Яғни, қазақы салт-дәстүрмен өскен адам діни төзімділіктің негізгі принциптерін бойына мықтап сіңіреді. Қазақстан халқының тарихи тәжірибесіне, сандаған ғасырлар бойы бейбіт қатар өмір сүру тәжірибесіне қайырылудан артық ақылды шешім бола қоймас. Осынау ықыластылық мысалдарына бай тәжірибе көп ретте қазақ

халқының тамаша қасиеттері – басқа ұлт, наным мен мәдениет адамдарына деген құрметтің арқасында мүмкін болды. Әсіресе ХХ ғасыр қазақтардың тамаша рухани және жоғары адамгершілік қасиеттерін айқын танытты. Өздері қандай қиын жағдайда болса да өздерінің атамекенінде тарихтың қатал қолымен қуғынға түскен көптеген ұлт өкілдерін лайықты қарсы алып, оларға ұлттық төлтумалығын, тілін, дәстүрін, мәдениеті мен дінін сақтауға мүмкіндік туғызды. Өз кезегінде осындай жақсылыққа сай Қазақстанда өзінің екінші отанын тапқан басқа ұлт өкілдері қазақтар ұсынған мәртебелі рухани заңды бір шаңырақ астында өмір сүрудің өзекті заңы ретінде қабылдады. Осы айтылғандардың бәрі бүгінде біз Қазақстан халқы деп атайтын тұтас халықтың жанды тәжірибесі болып табылады. Ал саясаттану ғылымының қасаң тілі оны толеранттылық деп атайды. ЮНЕСКО-ға мүше 185 мемлекет 1995 жылғы 16 қарашада Парижде қол қойған Толеранттылық қағидаттарының декларациясында оған мынандай анықтама берілген: «біздің әлем мәдениеттерінің бай сан алуандылығын, біздің өзін-өзі таныту формалары мен адамдық дербестік көріністерінің әдістерін құрметтеу, қабылдау және дұрыс түсіну. Оған білушілік, ашықтық, араласу және ой, ар-ождан мен сенім бостандығы жағдай жасайды. Толеранттылық – бұл сан алуан тұрғыдағы бостандық. Бұл моральдық парыз ғана емес, сонымен бірге саяси және құқықтық қажеттілік. Толеранттылық – бұл бейбітшілікке қол жетуін мүмкін етіп, соғыс мәдениетін бейбітшілік мәдениетімен алмастыруға жәрдемдесетін жарылқаушы».

Толеранттылық-диалог және пікірлер мен ұстанымдардың сан алуандылығы арқылы ақиқатқа қарай жүруге қабілетті күшті де дана халықтың артықшылығы. Бақытымызға қарай, біз осындай құлшыныс пен ұмтылысты осы заманғы Қазақстанның саяси өмірінен кездестіріп отырмыз. Мысал ретінде егемендіктің елең-алаңында жыл сайын атап өтілетін «Рухани келісім» күнін айтуға болады. Тағы бір мысал ретінде алғаш рет 2003 жылы Тұңғыш президент Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша өткізілген Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездін атап көрсеткен жөн. Съезд барысында жалпы және 4 секциялық отырыс жоспар бойынша сәтті жалғасын тапты. Олар «дін көшбасшыларының тұрақтылықты дамытуға қол жеткізудегі рөлі», «Дін және мультикультурализм», «Дін және әйел», «Рухани құндылықтар мен қазіргі заманғы сын тегеуріндер», «Дін және жастар» тақырыптары аясында ұйымдастырылды. Форумға діни конфессиялар мен ұйымдардың басшылары, белгілі саясаткерлер, қоғам қайраткерлері, сарапшылар және көптеген шетелдік БАҚ өкілдері қатысты. Жалпы алғанда діни көшбасшылар форумына 30 елден 73-ке жуық делегат қатысты [128, 68 б.].

2018 жылы Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының ҮІ съезінде Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығын құру туралы бастама бірауыздан қолдау тапты. Қазіргі таңда Орталық құрылды және жұмыс істеп жатыр. Көпұлтты Қазақстан үшін адамдарды «кәпір» мен «мұсылманға» қатаң түрде бөлетін,

бөліп қана қоймай «мұсылмандарды» «кәпірлерге» айдап салатын фундаменталистік идеялар ұлтаралық татулыққа, Қазақстан халқының мәдени тұтастығына төнетін ең үлкен қауіп. Сол үшін еліміздегі діни-идеологиялық вакуумді «адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» дейтін Абайдың көзқарастарымен, «топырақ болғыл әлем сені басып өтсін», «Кәпір болса да ешкімге берме зарар» дейтін Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ұстанымымен, яғни далалық дәстүрлі исламмен толтырған ләзім. Дүниежүзінде мемлекеттің ресми дінін белгілеу, сол дінге заң жүзінде мемлекеттік қолдау көрсету тәжірибесі бар, ол тәжірибені геосаяси тұрақтылығын сақтау үшін бірқатар мемлекеттер (Греция, Түркия т.б.) пайдаланып отыр. Ондай заңдар қазір Дағыстанда, Шешенстанда бар. Бірақ бұл елдер тым кеш қимылдағандықтан бұл заңдардан мардымды пайда көріп отырған жоқ. Ал, көпұлтты Қазақстанға кешігуге болмайды. Біз бұл шараларды іске асыру арқылы Қазақстан халқының азаматтық бірлігінің нығаюына кедергі болар бір үлкен бөгетті жоямыз.

Ханафи мәзһабы исламдық құқық мектептерінің ішіндегі ең беделді мектептердің бірі, ал оның құзыреттілігі фикх аясында барлық мәселеге қатысты дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Халифат билеушілері өз мемлекетінің құқықтық жүйесінің негізін құру барысында осы ілімге сүйенген, ханафи мазһабы Осман және Моғол империяларында мемлекеттік деңгейде болды.

ҚР Бірінші Президенті Н.Ә. Назарбаев көптеген стратегиялық құжаттары мен түрлі деңгейдегі форумдардағы өз баяндамаларында ханафиттік мәзһабтың болмысын қазақстандық қоғамның консолидациясы мен конфессияаралық бірлігіне септігін тигізетін либералды, ислами сұхбаттық стратегиясына ашық бағыт ретінде көрсетті. Ханафиттік бағыттағы ислам қазақ халқының рухани дәстүрін исламның этикалық талаптарымен қосып, Қазақстанның көп мәдениетті кеңістігіндегі көпвекторлық сұхбаттық саясатының дамуына өз үлесін қосты. 2013 жылдың ақпан айында Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының өкілдерімен кездесу барысында «мемлекет халқымыздың рухани өміріндегі ханафи мазһабының орны мен рөлін мойындайтынын», СІМК ИЫҰ-ның 38-сессиясында «Қазақстан – мұсылман халқы басым болып отырған зайырлы мемлекет. Біз барлық мұсылмандарды бір-біріне, сондай-ақ басқа дін өкілдеріне ағартушылық, ымырашылдық, халықтардың мәдени-діни дәстүрлерінің ерекшеліктерін сақтай отырып, біз әлеуметтік-экономикалық модернизация мен халық әлеуетінің әрі қарай жоғарылауын басты орынға қоямыз» дей отырып, дәстүрлі ислам дінін, дәлірек ханафи мазһабындағы сүнниттік бағытты ұстану қажет, себебі онда көшпенділердің рухани дәстүріне бейімделу механизмдері мен исламдық өмір сүру үлгісінің заманауи жағдайларға бейімделу механизмдері бар екендігін атап өтті [129].

Ғасырлар бойы ханафи мәзһабы Қазақстан қоғамында біріктіруші рөлде болды. Қазақстан жерінде буддизм, конфуцийшілдік, христиандық

сияқты діни ілімдер бейбіт қатар өмір сүрді, ешқашан да дінаралық шиеленістер орын алып көрген емес. Бұл қазақ халқының толеранттылығымен, сонымен қатар, толерантты сана мен толерантты мәдени діни иммунитет қалыптастырған ханафи мазхабының дүниетанымдық мәнісімен түсіндіріледі. Мұның бірден – бір дәлелі әр төрт жыл сайын өткізілетін Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі. Осы кездесу барысында түрлі елдер мен халықтардың дін басылары төзімділік пен еркіндіктің ортақ құндылықтарына, түрлі мәдениет пен діндердің сұхбатына негізделген бір өркениетті құруға ниетті екендіктерін байқатты.

Ұлттық дәстүрлерді ескеру қоғамның дамуындағы жана парадигманың қалыптасуының басты шарты. Мұндай жағдайда дәстүршілдік дамудағы тұрақтылықтың бастауына айналады. Қазіргі уақытта қазақстандық қоғамның жаңаруы мен дамуында исламның рөлі мен маңыздылығын жоғалтқан жоқ. «Қазақстандық қоғамдық санасында, рухани өмірінде, халықтар арасындағы рухани келісімді орнатуда исламның рөлі жоғары, бұл бүгінгі күннің шынайы келбеті. Сондықтан мемлекеттік пен мәдени құрылымдарда, келешек ұрпақты тәрбиелеуде, қоғамның рухани негізін нығайтуда исламның идеяларын, рухани және идеологиялық негізін және олардың дәстүрлі мәдениеттің дәстүрі және рухани негізімен ара-қатынасын дұрыс түсініп, айқындауымыз қажет. Түрлі дінді бірі-біріне қарсы қойып, идеологияландырмай, саясаттандырмай исламның жоғары діни идеалын ұлттық мәдениеттің рухани дәстүрін, қазақстандық қоғамдағы рухани және адамгершілік тазалыққа, өзге діндермен рухани келісім орнатуға бағыттауымыз керек» [130, 128 б.].

2011 жылы елімізде «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң қабылданды. Заңда ханафи мазхабының халықтық мәдениеті мен руханиятын дамытудағы тарихи рөлінің ескерілуін қазақ жеріндегі мұсылман қауымның бірлігін арттыруға бағытталған қадам деуге де болады. Заңда еліміздің бай рухани дәстүрлі, тарихи, мәдени ерекшеліктері мен адам құқықтарына байланысты халықаралық дәрежедегі барлық нормалар толық ескерілген. Дін туралы заңнама саласындағы мемлекетіміздің және зайырлы шет мемлекеттердің тәжірибесі толығымен сарапталып, пайдаланылған. Осының барлығы қоғамдық өмірдің қауіпсіздігін, рухани сананың салауаттылығын сақтауға елеулі үлес қосады. Академик В.В. Бартольд атап өткендей: «Болашағында діннің адамзаттың өмірінде қандай рөлде болатынын болжап айту қиын, дегенмен ислам әлемдік дін ретінде, ғасырлар бойы өзінің өміршеңдігін сақтап келді, еркіндік, теңдік, бауырластық мұратын жүзеге асырды. Мұсылмандық діни ілімдерде ғылымның нәтижелері және әлеуметтік үдеріспен келіспейтін тұстары көп. Алайда ислам тарихы жаңа жағдайларға тез бейімделетінін дәлелдеп берді және Құран мен сүннетке қарамастан, барлық дінге қатысты заманауи мәдени үдеріс қажет еткен талаптар орындалады» [131, 65 б.]. Толеранттылық түсінігінің бостандық, сәйкестік, теңдік феномендерімен тығыз байланысты өткен ғасырдың 70-жылдарының өзінде-ақ осы салада зерттеу жүргізген шетелдік ғалымдардың

еңбектерінде оны үнемі назарда ұстауға мәжбүрледі. Дегенмен, алғашқы кезде оның діни аспектісіне ғана көңіл бөлінді. Тек кейінгі уақытта ғана оның саяси, гендерлік, жастық, этникалық аспектілері жан-жақты қарастырыла бастады. Индивид пен қоғамның мәдениетінің даму деңгейінің сипаттамасы ретінде, адамның өзімен және өзгелерімен үйлесімді қатынаста өмір сүруін сипаттайтын мәселе – толеранттылық болып табылады. Қоғамның еркін дамуы мен жалпы өмір сүруіне деген күреске қажетті принциптер мен құндылықтарды алға қою бүгінгі таңда толеранттылыққа тәрбиелеу мәселелерімен тікелей байланысты.

Астанада өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының 15-сессиясында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қоғамда білім беру жүйесі мен тәрбие арқылы азаматтық сәйкестендіру, толеранттылықты дамыту қажеттілігі жайында сөз айтып, республикамыздың мектептеріне толеранттылық негіздері атты курстар енгізуді ұсынды. Саяси мәдениетті жаңа қалыптасып келе жатқан біздің мемлекетімізде саяси толеранттылық орнығып болды деп айту әлі ерте. «Біздің демократиялық мәдениеттің терең дәстүрлерінің жоқтығы, еркіндікті ойыңа келгенді істеуге болады деп түйсіну елді тұрақсыздыққа ұрындыруы, біздің болашаққа арналған барлық жоспарларымызды белінен басып, өзімізді алысқа кері серпіп тастауы әбден мүмкін екенін мойындауымыз керек», - деді Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан хақына Жолдауында [132]. Отбасында толеранттылыққа тәрбиелеу жолдарына келетін болсақ, М.И.Рыжков пен М.А. Ковальчук толеранттылыққа тәрбиелеуде оқушылармен ата-аналардың өзара қарым-қатынасының сәтті шешу үшін педагог-психологқа субъектілік, тепе-теңдік, жекелеу, рефлексивтік көзқарас, толерантты орта жасау принциптерін ұсынды [133, 14-16 бб.]. Отбасында қарым-қатынастың дұрыс болып қалыптасуы мұғалімдерді де, ата-аналарды да ойландыратын ортақ мәселелер. Толерантты парасаттың үлгісі қазақ билерінде көп кездеседі. Мысалы, Қаздауысты Қазыбек бидің қалмақ ханы Қонтайшыға айтқан «Біз қазақ деген мал баққан елміз» деп басталып, «Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз», «... берсең жөндеп бітіміңді айт, не тұрысатын жеріңді айт» деп аяқталатын сөздері өзара сыйластыққа шақырады.

Полиэтникалық жағдайда этникалық толеранттылық мәселесі де мәнді. Басқа этникалық мәдениеттерді қабылдау, сыйлау үшін ең алдымен өзінің мәдениетінді қабылдау, сыйлау, оның позитивті құнды екенін ұғыну, оған деген сенімділік, басқа мәдениетпен жиі байланысқа мәдени аралық толеранттылықтың негізін құрайды.

Мәдениет жеке әлеуметтік-экономикалық формацияда этникалық, ұлттық, таптық, топтық мәдениет ретінде дамиды. Мінез-құлықтағы өзгеріс міндетті түрде мәдениеттегі өзгерістерді білдіреді. Әлемдік экономикалық интеграциямен халықтың кең мәдени өзара ұлғаю процесінің аясында этникалық сана-сезімдердің ренессансы өтуде. Позитивті жоспарда ол

халықтардың ұлттық мұраларында, тарихта, ұлттық мәдениетті сақтау көрінісінде байқалса, негативті жоспарда ұлтшылдық, агрессияда көрінеді.

Мәдени және этникалық детерминацияланған әлем әрбір индивидтің социализациясының негізі болып табылады. Этникалық мәдениет психологиялық адаптацияға байланысты туындаған қажеттілікті детерминациялайды. Этнопсихологиядағы этникааралық қатынастар мәселесінде әрбір этностың мәдениеті, тарихы, творчествосы қаралады. Басқа бір әлеуметтік ортаға келген жеке адам сол ортаның ерекшеліктеріне бейімделуде белгілі бір қиындықтарды бастан кешіреді. Тіл мен мәдени ерекшеліктердің жиынтығы әлеуметтік қоршаудың ядросы бола отырып, этникалық ерекшеліктерді құрайды, ол адамның социализация процесін жанамалай отырып, жеке адамның этнопсихологиялық ерекшеліктеріне айналады. Яғни, жеке адамның индивидуалды ерекшеліктері биологиялық факторларымен белгілеген және этникалық факторлармен анықтаған индивидуалды ерекшеліктері де болады. Осы екі қатар фактрлар жеке адамның қалыптасу процесінде өзара бір-бірін детерминациялап, негізгі мазмұнын «этникалық индивидуалдылық» ұғымы құрайтын психологиялық феномен аясында жатқан жаңа функционалды психофизиологиялық жүйені туғызады. Этникалық ішкі ыңғайлануды позитивті этникааралық қатынастар контекстінде қарастырған эмпирикалық зерттеулердің нәтиелері көрсеткендей, олардың тіректеріне дәстүрлі этникалық мәдениет жатады.

Полимәдениет пен полиэтникалық өзара әрекет жағдайында европалық сананың ерекше типтерін анықтайтын механизмдер туындайды. Әрбір мәдениеттердің өзара әрекеті олардың өзара рефлексиясы мен өзара бейнелеулері үшін жағымды жағдайлар жасайды. Адамның қоршаған ортамен қатынасында адамзат бірлестігінің мәдени құндылықтары потенциалы байқалады. Ол медиатор арқылы (Л.С. Выготский), - белгілі, сөз, символ, салт, жоралар, этномәдени белгілер, олар санада халықтың тіршілік әрекетінің дамуымен ұйымдастыру тәсілі туралы білім ретінде белгіленіп, болмысты жалпылап, бейнелейтін мәнге айналды (А.Н. Леонтьев). Солар арқылы ғана табиғи психикалық формалар идеалды адам қабілетіне айналды. Нәтижесінде индивид өз мәдениетін меңгереді: мінез-құлық мәдениеті (қажеттіліктер, аффектілер, қарым-қатынас, әрекет), рухани мәдениет (ойлау мәдениеті, сөз мәдениеті): психикалықтың реалды (табиғи) формасы идеалды, мәдени формасы бола бастайды. Этномәдени парадигма дамудың базалық процесіне мәдени белгі-символикалық жанамалауды көп бейнелі формасы жатады. Онтогенездегі этномәдени даму мәдениетті меңгерудің континуумында өрістейді. Адам нақты мәдени білімдер, ептіліктер дағдыларды орындау әрекетінің ретімен, тәсілімен, формасымен қамтылады. Адамның этномәдени дамуының негізіне өз халқының мәдени дамуын талдау пәніне мәдени тәжірибе, іс-әрекеттің мәдени формалары, яғни этномәдени әлем контекстіндегі адамның тіршілік әрекет жүйесі жатады. Қарама-қарсы пікірлер, бағыт, идеялар қай мемлекет пен қоғамда да бар. Халықтың даналығы, ел басқарудың өнері осы үрдістерді белгілі мәмілеге келтіріп,

асауға тұсау салып, үйлесім, жарасым таптыруда. Толеранттылық, келісім тарихтың мәңгілік сыйы емес, себебі күнделікті дамудан туып отыратын қайшылықтар біржола шешілмейді: күніге, ай сайын, жылдар бойы, үздіксіз ешкімге бұра тартпай, шынайы жанашырлықпен, халықпен ақылдаса отырып, олардың шешімін табуды талап етеді. Сондықтан, «толерантты», «тұрақты қоғам» деген ұғымдар шартты түрде ғана қолданылып, жайбырақаттылықпен жол бермеуге тиіс.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың кезінде айтқан: «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласы мен «Қазақстан білім қоғамы жолында» интерактивті дәрісі қазіргі уақытта барша қазақстандықтардың басты назарында болып отыр. Елбасы аталмыш мақалаларында тәуелсіздік жылдары мен бейбіт кезеңдегі еліміздің әлеуметтік-экономикалық қайта түрленуіне толыққанды талдау жасаған. Сондай-ақ, Елбасы ХХІ ғасырдың реалийлеріне сәйкес әрекет етудің тактикалық жоспарларын нақтылай отырып көрсеткен. Әсіресе, Елбасының қазақстандық табысқа қол жеткізудің үш кілті туралы ережені шығармашылық көзқараспен қарастыра келе, оны байыпты да терең тұрғыдан мазмұндауында да үлкен теориялық және практикалық мән жатыр. Бұл, біріншіден 140 этностың басын біріктіруші бүкіл қазақстандықтардың ынтымақтастығы. Екіншісі – толеранттылық болса, ал үшіншісі – тарихи тағдырдың қауымдастығы. Көп ұлтты этностардың Қазақстанға өз еркімен қоныс аудармағаны мәлім. Ұлан-байтақ Қазақстанның кең жазира даласы жер аудару орны болды. Басқа этностардың өмірі туралы неғұрлым көбірек білуге, ортақ тамыр табуға ұмтылу азаматтардың басын біріктіре отырып, ұлтаралық жанжалдар мен өзара өкпеленіштерге жол бермейді. Бірыңғай жалпықазақстандық мәдениетке тоғысқан, өзінің қайталанбас қырларымен көзге ұлтарлық әртүрлі этностардың өнері мен салт-дәстүрлері Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың жүргізіп отырған ұлттық саясатына алып келді. Нұрсұлтан Назарбаев өзінің барлық баяндамаларында ең бастысы – ел ішіндегі тұрақтылық пен бейбітшілік, ұлтаралық келісім екенін баса айтуы тегіннен тегін емес. Адамзаттың мыңжылдықтар бойы жинақтаған тарихи бай тәжірибесі барлық күрделі әлеуметтік мәселелердің түп-тамыры мен кез-келген қоғамдағы ұлтаралық қарама-қайшылықтың шешімін таба алмаудың шешімін бірден-бір көрсетіп берді. Бұдан шығар қорытынды, мемлекеттің ішкі саясаты азаматтардың жан-жақты және үздіксіз білім алуының дамуына, қоғамның ғылыми және кәсіби деңгейде көтерілуіне сүйенуі тиіс.

Фордхэм университетінің профессоры П.Мордвидж «Қазақстан - көп ұлтты мемлекеттердің ішінде жоғары жетістікке жеткен алғашқы ел, сондықтан ұлтаралық келісімнің қазақстандық моделін әлемдік тәжірибеде қолдану керек» дей отырып, еліміздегі бүгінгі жағдайға жоғары баға берді. Ал Ресейде біздің Ассамблеяның үлгісімен Ресей халықтарының Ассамблеясының құрылуы қазақстандық тәжірибенің маңыздылығының

айқын дәлелі болып табылады. Қазақстан халқы Ассамблеясының алдындағы ең бірінші міндет ұлттар мен ұлыстар арасындағы өзара ынтымақтастық пен түсіністікті қалыптастыру болып табылады. Ал, біздің ортақ міндетіміз – Қазақстандағы этносаралық, конфессияаралық татулық пен бірлікті сақтау. Бұл елдің әлем алдындағы беделін нығайтуға сеп болатынын ұмытпауға тиіспіз. «Қиындық атаулыны жеңетін бір ғана күш бар, ол - бірлік». «Бірлік бар жерде тірлік бар» демекші, бұл жолда да ел тұтастығы мен татулығының ықпалы мол. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» деген еңбегінде негізінен халықтардың, оның ішінде түркі мәдениетіне, қазақ топырағында түрлі діндердің болғанын айтып өткен. Бұл еңбек қазақстандық ұлттық, ұлтаралық татулықтың, қазақстандық патриотизімінің темірқазығы іспеттес.

«Қазақстандық патриотизм» ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін білдіреді. «Отансыз адам болмас, ормансыз бұлбұл болмас» деген халық нақылы тегіннен айтылмаған. Себебі, Отан деген киелі ұғымды түсіну әр адамның туған жерінен, өз еліне деген сүйіспеншілігінен бастау алады. Отансүйгіштік пен патриотизм бір-бірімен егіз ұғымдар. Ұрпақ тәрбиесі қашаннан өз мәнін биік ұстайды. Сондықтан қай заман, қай қоғамда болсын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән берген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт ең алдымен, ұрпаққа білім және тәрбие мәселесін дұрыс жолға қоюы тиіс.

Қазақстандық отаншылдықтың тарихи негізі бар: бірқатар түркі тілдес халықтар қазақ, өзбек, қырғыз, ұйғыр және т.б. ежелден келе жатқан Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендесе, славян тілдес халықтар түрлі тарихи себептерге байланысты жерімізді мекендеген. Көпұлтты Қазақстан халқы үшін отансүйгіштік сезімнің рухани саладағы бейбітшілікте, азаматтық келісімге ғана емес, мемлекеттің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтың негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар. Қазақ тарихын зерттеуші ғалым Ш. Уалиханов отансүйгіштік сезімнің қалыптасуы туралы «менің патриоттық сезімім ірбіт сандығындай, мен ең алдымен, өз отбасымды, туған-туыстарымды қадірлеймін», -деген еді.

Бүгінде Қазақстандағы конфессионалдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ экстремизм мен терроризмге қарсы күрес ең күрделі мәселеге айналып отыр. Расында бүкіл әлем қазіргі кезде бейбітшілікке ұмтылуда. Бірінше кезекте соның дәлелі ретінде біздің елімізді айтуға болады. Кез келген қоғамда, соның ішінде қазақстандық қоғамда діннің маңызы ерекше. Қазақстанда түрлі діни ағымдар жұмыс істеуде. Қазіргі таңда мейірімділік пен татулық, моральдық нормаларына жауап беретін дұрыс бағыттағы діни ағымдарды танып, айыра білу өте маңызды. Қазіргі кезде Қазақстан азаматтарына неше түрлі бағыттағы тоталитарлық секталар қауіп төндіріп тұр.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының бірінші съезінің жабылуында Елбасы өзінің сол кездегі сөзінде: «Дін атын жамылған

бірлестіктер саны мен әсерінің артуы проблемасына да назарларыңызды аударғым келеді. Ол барлық елдерде дерлік бар және негізінен әлемдегі барлық қиындықтарда қауіп және арамтамақ болып отыр. Олардың көпшілігі танымал себептермен бұрыс идеологияларын насихаттайды, қайырымдылық шараларын жасағандай кейіп танытып, соның салдарынан тек қана азаматтық қоғамдағы ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің сеніміне де селкеу түсіруі мүмкін. Біз бұндай ұйымдарға қарсы тұрып, олардың қызметіне тосқауыл қоюымыз керек», - деген болатын. Бүгінгі таңда азаматтардың түрлі бағыттағы ақпараттарды, оының ішінде діни сипаттағы ақпараттарды алуға да мүмкіндіктері зор. Дін мәселесіне байланысты мәліметтер негізінен адамды иландыруға қатысты болғандықтан, ондай мәліметтермен танысқанда неғұрлым сақ болу керек. Тіпті ақпараттың барлығы да сенімді және дұрыс деп айта алмаймыз. Осы мақсатта: тыйым салынған кітаптардың жасырын таратылуын доғаруымыз керек. Себебі барлық осы экстремисттік қозғалыстар мемлекетіміздің іргесін сөгіп, әсіресе қазақстан азаматтары оның ішінде жас және орта буын өкілдерінің психикасына орасан зор зиянын тигізеді. Соңғы кездері көрініс беріп отырған Орта Азияға ықпал ету аймақтарын қайта бөлісу республика халқын ислам ұйымдарына таратуға мүдделі мұсылман елдері тарапынан көптің назарын Қазақстанға ауғызды. Ақпараттың шынайы мен жалғандығын анықтау үшін Ислам туралы дұрыс білім керек. Дін халықты тек құндылықтар жағынан ғана емес, салтымен, рухани үйлесімімен де біріктіріп, өркениеттерді байланыстырады. Діни алғышарттары жоқ адам міндетті түрде басты негізін адамгершілігін жоғалтады. Әртүрлі радикалды діни ағымдар қазақстан азаматтарының психологиялық тәуелділігі мен феноменнің кең таралуы бүгінгі әлемде қауіпті үрдіске айналып барады. Мұндай деструктивті діни ұйымдар адамдардың ең құнды байлығын – ғұмырындағы уақытын, денсаулық қуатын тартып алады, сонымен отбасындағы конфликтілердің туындауына және жалпы дамуына кедергі келтіреді, асыл армандарын жүзеге асыру жолына кесірін тигізеді. Көптеген зерттеушілер мұндай тәуелділіктің алғашқы себебін қолданыстағы білім беру мен тәрбиенің мәдени дәстүрінен іздеу керек деген пікірге тоқтайды. Сондықтан барлық қазақстандық азаматтар бұдан хабардар болу керек. Бүгінгі әлемде ақпараттар легі және олардың сандық та, сапалық та өзгерістері өте жылдам қарқынмен артып келеді. Меңгеруі мен қорытуына бірнеше буын ғұмырын арнаған сол ақпараттар бүгінгі күні бірнеше жылда-ақ ескіріп қалуы мүмкін. Басқаша айтқанда, ҚР азаматтары жаңа ақпараттарды өз бетінше жеткілікті деңгейде қорытып, оның қолдану алгоритімін жасай алмайды, соған сәйкес белгілі бір деструктивті діни бірлестіктер туралы ақпараттармен жұмыс істеу машығы жоқтығынан солар үшін ойлап, шешетін үстемдердің ықпалында кетеді. Олар өмірде әлеуметтік тұрғыда нендей нәрселерге ұмтылу керектігін, сол бағытталған арнайы бағдарламаланған мақсаттарды қандай тиімді жолмен іске асыру қажеттігін, неге қуанып, неден қашу керектігін шешеді. Тәжірибесіз жас діни ойындар мен соғыстардың «ойыншық солдаттына»

айналғанын өздері де білмей қалады. Бағдарламаның негізгі мақсаты ҚР азаматтарының қиын сәттерде, дербес, жан-жақты салмақталған шешім қабылдануына қажетті сыни тұрғыда ойлау машығын қалыптастыру болуы тиіс. Осы білімдерді қолдана отырып, әлемдік дәстүрлі діндер мен радикалды діни ұйымдарды тез ажырата алады. Алға қойылған мақсат әсіресе жастар мен жас азаматтарымыздың діни сауаттылығын дамытуда: арбау алгоритімін қалыптастыруға, адамгершілік және этикалық құндылықтары бар, отаншылдық пен толеранттылықты қалыптастыратын әлемдік және дәстүрлі діндердің, дәстүрлі емес діндердің негіздерімен танысуға ықпал етеді. Мұндай бағдарлама барысындағы оқыту кезінде бағдарламаға қатысушылар радикалды діни ағымдардың «тобыры мен пайғамбары» рөлінде, сол сияқты деструктивті діни арбаушылықты залалсыздандырудың қарапайым және тиімді тәсілдеріне жаттыға алатын еді. Сондықтан азаматтардың әсіресе жастардың радикалды діни ағымдарына қорғаныс – оны көре алу мен айыра білу қабілетінің болуы. Әсіресе жастар мен тәжірибесі жоқ азаматтар осындай ағымдармен бетпе-бет келгенде тығырыққа тіреледі. Олар өз қатарластарымен, отбасы мүшелерімен қарым-қатынас жасаудан бас тартып жатады. Психологиялық шиеленіс арта түседі, тіпті олардың кейбіреулері үйден кетіп жатқандар болса, енді біреулері өздеріне қол жұмсауға дейін барады. Осы сияқты осындай отбасыларда ажырасулар да кездесіп жатады. Әртүрлі жолдармен сектаға қателікті түзету қиынға соғады. Діни секталардың жетекшілері түрлі тәсілдермен (физикалық күш көрсету, психикалық қысым жасау т.б.) оларды қатарынан шығармауға барлық мүмкіндіктерді пайдаланылады. Тілек білдіргендер үшін радикалды діни ағымдардың есігі қашанда ашық. Алайда олар үнемі өз мүшелерінің құқығын бұзады, оларға «сананы бақылау» деп аталатын белгілі бір тәсілдерді қолдану арқылы зиян шектіреді. Әсіресе, қатарларына жаңадан қосылған жастарды жасырын түрде ерекше бақылайды. Олардың тексеру тесті мен бағасы, басқа да өзгерістері арнайы журналдар мен картотекаға тіркеліп отырады.

Діни фанатизм мен радикализм мемлекеттің конституциялық негіздеріне, елдің зайырлы даму қағидаттарына, халықтың дәстүрлі рухани құндылықтарына зиян келтіруде. Қазақстан әлемдік қоғамдастықтың толыққанды мүшесі ретінде жаһандану процесін және діни экстремизмнің қаупін ескермей, бұл мәселелерді шешуде сырттай ғана бақылап қалыс қала алмайды. Осыған байланысты Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің, Америка Құрама Штаттарының, Қытай Халық Республикасының, Біріккен Араб Әмірліктерінің, Ресей Федерациясының, Тәжікстанның, Өзбекстанның, Қырғызстанның тәжірибесі зерделенді. Бұл елдерде діни бірлестіктерге және ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру тәжірибесіне қатысты мемлекеттің реттегіштік функциясы күшейтілуде. Зерделенген және назарға алынған халықаралық тәжірибенің негізінде дін саласындағы мемлекеттік саясаттың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамалық тәсілдерін қалыптастыру талап етіледі. Дін саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасы – Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық

бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа жолдауымен үндескен маңызды құжат. Зерделенген және назарға алынған халықаралық тәжірибенің негізінде дін саласындағы мемлекеттік саясаттың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамалық тәсілдерін қалыптастыру талап етіледі. Дін саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасы – Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа жолдауымен үндескен маңызды құжат. Берілген тұжырымдаманы әзірлеу қажеттілігі «Қазақстан-2050»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясында, Қазақстан Республикасы Тұңғыш президентінің «100 нақты қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» Ұлт жоспарында, елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауының «Институционалдық өзгерістер, қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлықпен күрес» бесінші басымдығында, дін саласын реттеу мәселелері жөніндегі тапсырмаларында айқындалған міндеттерден, сондай-ақ конфессияаралық татулықты бұзатын кез-келген әрекетті конституциялық емес деп тану туралы Конституцияның 39-бабының 2-тармағын іске асырудан туындайды [134].

Қазақстан Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев этносаралық және конфессияаралық тыныштық пен келісімді қолдамаған жағдайда, келісім сақталмайтынына, Қазақстан Республикасында ішкі саясат тұрақтылығын сақтау міндеттеріне әрдайым көңіл аударады. Осы себептен Қазақстанда ұлттық бірлік пен діни бейбітшілікті сақтау міндеттері Қазақстан Республикасы үшін басымды міндет болып табылады. Сонымен тұңғыш президент зерттеулерінде, кітаптарында, Қазақстан халқына Жолдауларында, Қазақстан халық Ассамблеясы сессияларында, әлемдік және дәстүрлі дін басшыларының съезінде сөйлеген сөздерінде, мақалаларда, сұхбаттарында Н.Ә. Назарбаев этносаралық және конфессияаралық келісім тақырыбына, рухани келісімді бекітудің өзекті проблемаларына тұрақты түрде оралып, Қазақстан Республикасының үкіметі, жергілікті мемлекеттік органдар, қоғамдық құрылымдар, жастар ұйымы үшін түйінді болып табылатын осы мәселелерді қолдау қажеттілігінде зейін аударады [135]. Қазақстан халқы Ассамблеясы бүгінде азаматтық қоғамның жаңа үлгідегі институттарының бірі және ол мемлекеттік және ұлттық саясатты жүзеге асыруда маңызды рөл атқара отырып, Қазақстанның саяси жүйесінің өзегіне айналды. Өйткені ол мемлекеттегі барлық этностардың көзқарастарын бір арнаға тоғыстырып, азаматтардың діни немесе ұлттық ерекшеліктеріне қарамастан, олардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етіп отырған бірден-бір институт.

Қазақстанның қазіргі таңдағы діни ахуалы тұрақты болып сипатталады. Республикадағы түрлі дін өкілдері арасындағы қатынастар үйлесімді дамуда. Төзімділік пен қысым көрсетпеу жөніндегі ЕҚЫҰ-ның жоғарғы деңгейдегі конференциясының өткізілуі, мұсылман қауымының қасиетті мерекесі Рамазан айы сияқты оқиғалардың болуы республикада тұрақты және қалыпты діни ахуалдың қалыптасуына маңызды үлес қосты. Қазақстан

қоғамының қазіргі жағдайы ерекше рухани келісім мен өзара түсіністіктің орын алуымен ерекшеленеді. Этностық мәдениеттер мен діндердің еркін дамуы осындай бірлікті қамтамасыз етіп отыр. Этносаралық және конфессияаралық келісімнің ерекше қазақстандық моделі бүгінгі күнде халықаралық деңгейде мойындалуда.

Зайырлы Қазақстан мемлекетінде Ата Заң бойынша, дін мемлекеттен ажыратылған болса да, дін қоғам өмірінің маңызды саласы болып табылады. Сондықтан, мемлекет діни бірлестіктермен әрдайым өзара байланыста болады. Мемлекет те, Үкімет те елімізде діннің моральдық негіздерін тарату, дінді тану бағытында байсалды саясат жүргізуде. Осындай саясат шеңберінде 2005 жылы Әділет министрлігінің Діни істер комитеті құрылды. Комитет қызметінің басты бағыттары ретінде конфессиялар арасындағы өзара түсіністік пен келісімді сақтау, ғылыми негізде жалпы елдегі және аймақтардағы діни ахуалдың талдауы мен мониторингін жүргізу діни бірлестіктер мен шетел миссионерлері жөніндегі мәліметтер банкін құру, мемлекеттік тіркеуге берілетін діни бірлестіктердің әдебиеттеріне сараптама жүргізу, діни сенім бостандығы мәселесі бойынша заңнаманы жетілдіру жұмыстарын айтуға болады [136].

Діни негізде әлеуметтік-мәдени конфликтілерді болдырмау бойынша шетелдік зерттеулерге тоқталсақ, Joseph G. Bock [137, 17 б.] Индиядағы индустермен мұсылмандардың қақтығысын зертеу аясында жалпы әлеуметтік мәдени конфликтілердің діни негізде дамымауы үшін «бейбітшілікке инвестиция» тұжырымын ұсынды. Оның ойынша, әлеуметтік мәдени кеңістікте бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін бизнес инвестиция аналогіндей бейбітшілікке инвестиция қажет. Қазіргі таңда бейбітшілікке инвестиция үш категория бойынша жүзеге асуда. Біріншісі, промоциялық іс-шаралар. Бұл қауымдастықтар арасындағы бірлікті нығайтуға бағытталған іс-шараларды меңзейді. Мысалға, әртүрлі дін өкілдерінің қатысуын қолдайтын спорттық іс-шаралар және т.б. Екіншісі, профилактикалық іс-шаралар. Бұл іс-шаралар қауымдастықаралық шиеліністі басу үшін қажет. Мысалы, діни конфессиялардың лидерлері арасында диалог семинарларын өткізу немесе гармонияны дәріптейтін конкурстар өткізу болып табылады. Үшіншісі примитивті (артықшыл) іс-шаралар өткізу. Мысалы, әр-түрлі ұлттардан тұратын өмір комитетін құру. Godwin Ioratin-Uba [138, 34 б.] орталық Нигерияда жүргізген зерттеулері бойынша әлеуметтік мәдени конфликтілердің негізі тілдік мәселелерде жататындығын, тілдік іс-шараларды қолдану әлеуметтік мәдени конфликтілерді түсіру ықтималдылығын арттыратынын айтты. Rachel Brown Laura Livingston [139, 77-86 б.] зерттеулері бойынша, әлеуметтік-мәдени конфликтілердің өршуінде технологиялық дамудың рөлі көрінеді. Қазіргі таңда конфликтілерді реттеушілік тәжірибе технологиялардың дамуымен де санасуы қажет. Соңғы технологиялар, мысалы, виртуалды реалдылық, қосымша реалдылық және болкчейн, қолдан жасалған интелект сияқты жаңалықтар қоғамдық қарым-қатынасты жағымды және жағымсыз жағынан күрделі өзгертуі мүмкін.

Zembylas, Michalinos [140, 303-314 б.], ойынша көбінесе әлеуметтік-мәдени конфликтілер адам құқығы мен дінді шатастырудан туындайды деп санайды. Осыған жауап ретінде конфликтілі қоғамдардың арасында діни білім беруді дұрыс санайды. Діни білімге тарихи және саясаттандырылған көзқарасты адам құқықтары саласындағы біліммен сәйкестендіріп біру үш маңызды мақсатқа қол жеткізуге ықпал етуі мүмкін деп болжанады. Біріншіден, қоғамдардың, халықтардың, мәдениеттердің арасында биліктік қатынастың болуы, діннің және адам құқықтарының мағыналары проблемаға ауысуының негізі болып саналатынын түсіну. Екіншіден, білім беру үрдісінде әр діннің өзіндік ерекшелігіне емес, керісінше дін арқылы «басқалармен» қарым-қатынасты туғызудың жаңа амалдарын құрастыруға бағыттау қажет. Үшіншіден, студенттердің арасында дін туралы және адам құқығы туралы моральдік пайымдауларда достыққа, жанашырлыққа, ортақтағдырға кедергі келтіретін жақтарын талқылауды қолдау қажет.

Бейбітшілік тірегі – түсіністікке ұмтылған сана және сабырлы ақыл: сондықтан дінаралық қарым-қатынас тәжірибесі әлем назарына ілігіп отырғаны белгілі. Дін мен мемлекеттің түйісер жері – елдің тұтастығы және қоғамның ауызбіршілігі мен тұрақтылығы. Сондықтан, екі тараптың өзара бірігіп әрекет ететін кеңістігін, оның құқықтық тетіктерін уақыт талабына сай айқындап және жетілдіріп отырудың маңызы зор. Дін – адам тарихының үлкен тағылым-тәрбиесінің бірі және сарқылмас даналық көзі. Егемен ел болып қалыптасуымыз, мемлекетіміздің өсіп, өркендеуінде діннің алатын орны зор. Елбасы «Біздің ортақ Отанымыз - Қазақстан» деген болатын. Түрлі діни көзқарастарына қарамастан азаматтарымыз Елбасы атаған ортақ идея аясында қызмет етуде. Бұл – біздің жетістігіміз. Министрлік осы бағыттағы жұмыстарды атқаруда.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында «Сындарлы қоғамдық диалог – татулық пен тұрақтылық негізі. Ұлы Абай өзінің алтыншы қара сөзінде «Бірлік – ақылға бірлік» дегенін білесіздер» деген болатын. Жолдаудағы осы айтылған құндылықтардың еліміздегі діни ахуалға тікелей қатысы бар. Осындайда хәкім Абайдың «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста; сонда толық боласың елден бөлек» деп, адамның жігерін ынталандырған сөзі де еске түседі. Еліміздегі дінаралық келісім саясаты да осы кеменгерлік идеяға негізделгенін көріп отырмыз. Нағыз байлық адамның ақылында, санасында. Сенімінде түсінік, қоғамдық диалогта түсіністік, санада бірлік болғанда ғана ел дамиды. Қоғамды бейбітшілікке келтіретін күш емес, түсіністікке ұмтылған сана және сабырлы ақыл екенін Елбасымыздың сара жолы көрсетті. Сондықтан мемлекет басшысы өз Жолдауы арқылы осы ұғымдардың маңыздылығын алға тартып отыр. Сондықтан, дінаралық қарым-қатынас тәжірибесі әлем назарына ілігіп отырғаны белгілі. Дін – адам тарихының үлкен тағылым-тәрбиесінің бірі және сарқылмас даналық көзі. Егемен ел болып қалыптасуымыз, мемлекетіміздің өсіп, өркендеуінде діннің алатын орны зор. Өйткені, дін – имандылықтың, әділдіктің, сыпайылықтың, парасаттылықтың, көпшілдіктің, төзімділіктің кепілі. Діні, тілі жоқ халықтың

– болашағы жоқ. Сонымен қатар қоғам өмірінде діннің алар орны ерекше. Өйткені, дін әдептілік қағидалары мен қоғам бірлігін, тәрбиелік жүйелерді қалыптастыруда елеулі рөл атқарады. Адам дінге сенген соң, өзгелерге жәбір көрсетуден, тәртіпсіздік жасаудан, ішімдік, есірткі секілді жаман әдеттерден бойын алыс ұстайды. Дінсіз қоғамда тәртіпсіздік пен қылмыс етек жаятындығы белгілі. Дін – қоғамның ең қажетті және негізгі тармағы. Өзіміз өмір сүріп отырған ортадан дінді бөліп қарау әсте мүмкін емес. Өйткені, дінсіз, бір Алланың бар екеніне сенімсіз қоғамда адам баласының бойынан қорқыныш сезімі жоғалады. Ал жүрегінде қорқынышы болмаған адамдар – ең қорқынышты орта, қорқынышты қоғам. Асылы текті бабамыздың «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деуі де сондықтан. Осы мәтелдің астарында үлкен мән жатқанын ұғынуымыз керек. Мемлекетіміздің дін саласындағы саясатының даму бағытын айқындайтын құжат. Оның басты мақсаты әрбір Қазақстан азаматының рухани санасын жаңғырту, салт-дәстүр, мәдениетімізді көздің қарашығындай сақтай білу және тағылымы мол тарихымызды қастерлеу. Бұл консерватизм емес, керісінше, ұлттық нақышымызды сақтай отырып, заман талабына сай икемделу, сан ғасырлар бойы сақталып келген рухани құндылықтарымызды жаңғырту. Қорыта айтқанда, осындай рухани жаңғыру кезеңінде ұсынылған дін саласындағы тұжырымдама болашақта жемісті де өнімді нәтижелер береді деп сенеміз.

3.3 Этникалық және діни сәйкестіктіктегі толеранттылық факторларын мәдени-әлеуметтік зерттеу тәжірибесі

Жастар – әлеуметтік шындық индикаторы. Жастар, өздері өсіп шыққан қоғам қандай болса, сондай болып табылады. Жастар идеалдар, талғамдар мен құндылықтарды қалыптастыратын өмір кезеңі болып табылады. Жастар – тарих пен белгілі мәдениеттің өнімі, сонымен қатар – бұл барлық өзгерістер мен жаңалықтардың белсенді күші. Жастар арасында орын алатын этникалық қатыстылықтың рөлі мен маңызы, сонымен қатар діннің алатын орнының мәселесін зерделеу өзінің өзектілігін жоғалтпады, ал соңғы уақытта жалпы әлемде де, елде де экстремистік ұйымдар мен деструктивті ағымдар тарапынан қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатерлер аясында ерекше мәнге ие болды.

XX ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап саяси егемендікке ие болу және посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттердің, соның ішінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық өзгеруі жағдайында діни фактордың этникалық үдерістерге әсері жаңа серпін алды. Басты доминанты этностардың жаппай және жеке санасының өзгеруі болып табылатын діни ренессанс үдерісі белсенді жүріп жатыр: адам өзінің конфессиялық қатыстылығын түсіне бастады. Діни қайта өрлеу этникалық сана-сезіммен тікелей байланысты, дін әлеуметтік құбылыс және мәңгілік моральдық құндылығы бар субэтникалық мәдениеттің маңызды элементтерінің бірі ретінде жүздеген мың адам үшін тірек нүктесі болды. Идеологиялық аномия жағдайында болған соң, посткеңестік дәуірдің жаппай санасы міндетті түрде атеизмнен

«кетіп», діни сенім жағына қарай «кетті». Дін этностық дәстүрлермен және халықтың рухани мұрасымен тікелей байланысты мәдениеттің айқындаушы элементі болып табылады.

Жүргізілген зерттеуде қазақстандық жастардың этникалық және діни барабарлығы қарастырылады. Қазақстан көпэтникалық және көпконфессионалды Республика, жастарға көп көңіл бөледі, өйткені жастар біздің еліміздің болашағы. Бұл зерттеуде осы мақаланың авторы студент жастар арасында этникалық және діни сәйкестіктің қаншалықты ұштасатынын көрсеткенді қалайды. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының студент жастары арасында этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынас қандай. Өзін кімге ұқсатады, олардың тұтастай алғанда өз этносына тиесілі салт-дәстүрі мен дініне, мәдениетіне көзқарастары қандай.

Соңғы онжылдықта қазақстандық жастар арасында этникалық және діни сәйкестіктердің таралуының өсуі байқалады. Қазақстандағы этноконфессиялық плюрализм деңгейі әлемдегі ең жоғарылардың бірі болып табылатынын ескере отырып, мұндай жағдайлар әртүрлі салдарларға — жастардың этникалық топтарын өзара жерсіндіруге де, керісінше, оларды бір-бірінен оқшаулауға және олардың арасындағы конфликт қатынастарды күшейтуге әкеп соғуы мүмкін. Жағдай жаһанданып жатқан әлемде қарсы өнімдік үрдістердің күшеюімен күрделене түсуде. Бұл жерде мәселе «гуманитарлық интервенция» сипатына ие болатын исламның прогрессивті саясатымен және христиан қауымдарының миссионерлік белсенділігі сияқты мегатрендердің әсері туралы болып отыр.

Қазіргі қазақстандық қоғам үшін этникалық және діни сәйкестік феноменін іздеу маңызды, өйткені ата-бабалардың ұлттық дінінің ерекшелігін табу және оның қазіргі заманғы этникалық және діни құрамына кіріп кетуі рухани-мәдени дамудың, ұлттық-діни құндылықтарды қалпына келтірудің кілті болып табылады. Әрине, дәл осы рухани-мәдени деңгей және этнодіни сәйкестіктің табылуы қазақстандық қоғамды экономикалық, саяси, діни, рухани апаттардан қорғайтын және оны дінаралық және ұлтаралық конфликттерден сақтайтын, сондай-ақ белгілі дәрежеде діни экстремизм мен лаңкестіктен оның соңғы көрінісі ретінде қорғайтын факторлар болып табылады.

Қазақстанның көпұлтты және көпконфессиялы қоғамы үшін, егер сенушілер, олардың діннің қандай да бір бағыттарына жататындығына қарамастан, өздерінің бір-біріне толерантты қарым-қатынасын және өзара түсіністікті қалыптастырған жағдайда ғана бірлік пен келісімге қол жеткізу мүмкін болады, соның арқасында кез келген келіспеушіліктер мен қарама-қайшылықтар бейбіт, келіссөздер мен сұхбат арқылы шешіледі. Сұхбат қатысушылардың ұстанымдарын елемеуге емес, олардың көзқарастарын шоғырландыруға ықпал етуі тиіс. Бұл әрбір діннің тұжырымдамаларында, салттарында, салт-дәстүрлерінде және дәстүрлерінде бар жалпы оң


көзқарасты іздеуді және табуды көздейді, бұл оппоненттердің іс-әрекеттерін үйлестіруге және жақындастыруға ықпал етеді.

Қазіргі әлемдік тәртіптің рухани ерекшелігі тарихтың алдыңғы кезеңдерінде қалыптасқан заңдылықтардан айтарлықтай ерекшеленеді. Туған тамырына табиғи ұмтылу, этникалық және діни сәйкестендіру кенеттен және теріс формаларды қабылдайды, басқа этностардың өкілдеріне, басқа мәдениетті иеленушілерге қатысты төзбеушілікпен қатар жүреді. Ұлттық және діни сананы өзектендіру, жаңа саяси реалиялар, қоғамдағы жаңғырту үдерістері қоғамның ең белсенді бөлігі – жастарға әсер етудің қуатты факторлары болып табылады. Тағы да, зерттеулер көрсеткендей, ұлтшылдық пен діни экстремизмді тарату үшін жастар неғұрлым қолайлы орта болып қала береді.

Қазақстандағы діни сәйкестіктің қалыптасуының барлық қиындығы мен қарама-қайшылығын назарға ала отырып, кеңестік билік жылдарында оның ұзақ мерзімді болмауын ескере отырып, халықтың, әсіресе жастар ортасында діншілдіктің қалыптасуы мұқият зерделенуге лайық екенін атап өткен жөн. Осыған байланысты жастардың этникалық және діни сәйкестендіру мәселелерін қоғамдық даму әлеуеті мен мемлекеттің стратегиялық ресурсы болып табылатын ерекше әлеуметтік топ ретінде әлеуметтік зерттеу қажеттілігі ерекше сезіледі.

Біз осы диссертация негізінде «Әлеуметтік-мәдени конфликтілердегі діни фактор (Қазақстан мысалында)» атты зерттеу жобасы аясында әлеуметтік сауалнама жүргіздік. Сауалнама әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, «Санкт-Петербургтың Гуманитарлық Кәсіподақ Университетінің» Алматылық филиалында өткізілген. университетінің студенттері арасында жүргізілді. Сауалнама жүргізуге әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, «Санкт-Петербургтың Гуманитарлық Кәсіподақ Университетінің» Алматылық филиалы таңдалып алынуы өңіріміздегі ең басты жоғары оқу орыны және сонымен қатар республиканың барлық өңірлерінен студенттер келіп білім алуына байланысты біз сауалнама жүргізгенде бүкіл өңірді қамтыдық деуге негіз бар. Зерттеу жұмысы таңдамалы топ негізінде жүргізілді, бұл анық әрі нақты мәліметтер алуға мүмкіндік тудырды. Сауалнама жұмыстарына 18-32 жас аралығындағы 367 студент қатысты.

Сурет 1. Күнделікті өмірде қандай тілде сөйлесесіз?



Алматы қаласының студенттері арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнамалар бойынша бірнеше мамандық бөлінісінен күнделікті өмірде «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» мамандығының студенттері өз ана тілдері қазақ тілінде 17,6%, орыс тілінде 25%, қазақ және орыс тілінде 19,4% сөйлейтінін көруге болады. Екінші басым мамандық – «гуманитарлық ғылымдар», мұнда күнделікті өмірде қазақ тілінде 28,4%, орыс тілінде 39,5%, қазақ және орыс тілінде студент жастардың 25%-ы сөйлейді. Диаграммада көріп тұрғанымыздай күнделікті өмірде «қызмет көрсету» 1,6%, «өнер» 5,6%, «техникалық ғылымдар мен технологиялар» 10,5%, «әскери іс және қауіпсіздік» 2,4% мамандықтарында орыс тілінде аз сөйлейді. Сондай-ақ, «техникалық ғылымдар және технологиялар» және «жаратылыстану ғылымдары» мамандықтарының студенттері қазақ тілінде сөйлеспейді. Күнделікті өмірде ең аз үлесі студенттердің тек 1%-ы «әскери іс және қауіпсіздік» мамандығы қазақ тілінде сөйлейді. Осы диаграмма бойынша студенттік жастар күнделікті өмірде қарым-қатынас үшін ана тілі мен орыс тілін қатар қолданатынын көруге болады. Бұл біздің жастарымыздың Қазақстан Республикасында тұратын басқа этностың тіліне деген толерантты қарым-қатынасының бір көрсеткіші.


Сурет 2.

Сіз қандай мамандықта оқып жатсыз?



Сурет 3. Біз диаграммада көріп отырғанымыздай, Алматы қаласының жоғары оқу орындарының сегіз мамандығының студенттері сұралды.

Сіз білімді қай тілде алатыныңызды көрсетіңіз




Қазақстанның жоғары оқу орындарында кәсіптік оқыту осы диаграммадан көріп отырғанымыздай негізінен екі тілде жүзеге асырылады: қазақ және орыс тілдерінде, сондай-ақ кейбір мамандықтарда 1% ағылшын тілінде. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін және әртүрлі этникалық топтардың қоныс аударуы мен жер аударуынан кейін, және орыстандыру саясаты нәтижесінде орыс тілі қазіргі Қазақстан аумағында 20 ғасырда кең тарала бастады, орыс тілі бүгінгі таңда ұлтаралық қатынас тіліне айналды. Студенттердің 54% орыс тілінде білім алуда, 45% қазақ тілінде және 1% ағылшын тілінде білім алуда. Қазақстанда мемлекеттік тілмен қатар орыс тілі барлық атқарымдардың көлемін сақтайды. «Қазақстанда білім алу мемлекеттік тілде және орыс тілінде жүзеге асырылады; азаматтардың тілдік белгісі бойынша құқықтарына қысым жасауға жол берілмейді» (Н. Ә. Назарбаев).

Күнделікті өмірде қандай тілде сөйлесесіз?


Сурет 4. Алматы жастары арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнамалар бойынша күнделікті өмірде қазақстандық жастар өз отбасылары, достары арасында, өз ортасында тек 27% қазақ тілінде, 34% орыс тілінде және екі тілде 39% сөйлейтінін көруге болады.



Сурет 5. Сіз өзіңді бірінші/екінші/үшінші кезекте кім деп санайсыз?




Сурет 6. Сіздің дінге деген қарым-қатынасыңыз қандай?



Осы зерттеудің басында біз респонденттердің дінге деген жалпы қатынасын білуді шештік. Осылайша, студенттердің 19%-ы өзін діндарларға жатқызды, оның ішінде сұралған жастардың жартысы дінге сенушілер, бірақ діни өмірге іс жүзінде қатыспайды (52%). Оның ішінде басқа діндерге теріс

көзқарасы бар 3% болды. «Мен сенбеймін, бірақ кейбір діни мерекелер мен әдет-ғұрыптарға қатысамын, дінге құрметпен қараймын» деген сұрақтар қойылды – 13%, сенбейтін, бірақ дінге құрметпен қарайтындар 9%, жауаптармен 2% қиналды, соның ішінде сұрақтардан бас тарту болды.

Сурет 7. Сіздің дінге деген қарым-қатынасыңыз қандай (білім алатын тілі бойынша кескін)?




Осы зерттеудің басында біз респонденттердің дінге деген көзқарасын білуді шештік. Осылайша, сұралған жастардың жартысы қазақ ұлтының 80%-ы мен басқа этностардың 20%-ы діндарларға жатқызылды. Және дін олардың өміріндегі маңызды аспект болып саналатынын атап өтті. Екінші нұсқа «мен діншілмін, бірақ діни іс - шараларға қатыспаймын» – 36% (қазақ тілінде оқыту) және 64% (басқа этностар). «Мен діншілмін, және басқа діндерге теріс қараймын» деген сұраққа – 40% (қазақ тілі) және 60% (басқа этностар) жауап болды. «Мен діншіл емеспін, бірақ кейбір діни іс - шараларға қатысамын» – 22% (қазақ тілінде оқыту) және 76 % (басқа этностар). Кейбір діни іс-шараларға қатыспайтын және дінге сенбейтін адамдар 39% (қазақ тілінде оқыту), басқа да этностар 55% және (ағылшын тілінде оқыту) өздерін көрсетті.

Бұл байланыс көбінесе бірбеткейлі, сондықтан этникалық және конфессиялық ерекшеліктерді теңестіруге жетеді. Мысалы, Қазақстанның барлық түркі этностары өздерін исламмен, барлық славяндар – православиямен байланыстырады. Егер этностардың өздері де өзін осындай

жолмен жатқызбаса да, қазақстандық қоғам дәл осындай деп санайды; және бұл қоғамдық санадағы барлық ұқсастықтар үшін айқын шындық пен беделге ие болады. Бұл ретте барлығы адалдыққа, ата-бабалардың сеніміне, туу кезіндегі сенімге және т. б. сенімге сүйенеді. Ол қоғамдағы діни қарым-қатынас тұрақтылығын қолдайды, этникалық топтардың діни мінез-құлқын алдын ала болжайды, конфессиялардың көшбасшыларына халық басшылығын жеңілдетеді.

Сурет 8. Сіз өз дініңізге қалай келдіңіз?



Әдетте, балаларды діни әлеуметтендіру отбасында басталады. Респонденттер әлдеқашан діни сенімге деген қарым-қатынастарын қалай анықтағаны туралы сұраққа осы диаграммадан көріп отырғанымыз бойынша жауап берді. Діни отбасыларынан шыққан адамдар, әдетте, олар ата-аналары сияқты дінді ұстанады: қазақтар абсолюттік көпшілікте – ислам, орыстар – православиелік христиан, басқа ұлт өкілдері – ислам және православие. Іріктеме құрамы – негізінен қазақ тілді қазақтар. Сондықтан, діншілдер арасында басым дін – ислам.

Сурет 9. Сіз келесі тұжырымдардың қайсысымен ең көп дәрежеде келісесіз?




Сурет 10. Келесі әрекеттерді қаншалықты жиі жасайсыз?


Ғибадатхана орындарына барып тұрамын

Дұғаларды оқимын

Киелі мәтіндерді оқимын




Сурет 11. Сіз дін туралы ақпаратты қандай көздерден аласыз?



Сурет 12. Сіз қалай ойлайсыз, оқу орындарында оқушыларды діни доктриналардың негізгі ережелерімен таныстыратын пәндерді оқыту керек пе?



Сурет 13. Соңғы жарты жыл ішінде сіз біреудің діни кемсітушілікке ұшырағанын жиі көрдіңіз бе?




Дін – талқылау үшін өте өткір тақырып, сондықтан осы мәселе бойынша пікір алшақтығына байланысты конфликттер жиі кездеседі. Осы мәселе бойынша осы диаграмма бойынша осындай өткір конфликтті жағдайлар анықталған жоқ. Бұл басқа діндер мен конфессияларға толерантты қарым-қатынасты және діни төзімділікті көрсетеді. Дін мен құрметке, басқа діни жүйелермен үйлесімді қатар өмір сүруге негізделген қарым-қатынастардың жүйесі ретінде дін және төзімділік қазақ этносының сан ғасырлық тарихында әлеуметтік тәжірибені жинақтаудың нәтижесі болып табылады, ол оның менталдылығын көрсетеді және маңызды этносәйкестендіруші элементтердің біреуі ретінде танылады.


Сурет 14. Басқа діннің өкілі сіз үшін кім бола алады?



Сурет 15. Басқа ұлт өкіліне үйленетін/тұрмыс құратын едіңіз ба?



Сурет 16. Басқа дін өкіліне үйленетін/тұрмыс құратын едіңіз ба?



Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерін талдау бүгінгі күні Қазақстанда азаматтық негізде қазақстандықтардың ұлтын қалыптастыру үшін әлеуметтік база бар екенін көрсетеді. Бұл тіркелген доминантты үрдістермен расталады:

- Жастар күнделікті өмірде мемлекеттік қазақ тілі мен орыс тілдерін қолданады. Жастар ортасының жоғары қазақ-орыс қос тілділігіне қатысты төзімділігі, оның ішінде қазақ тілді жастар сегментінде.
- Этноконфессиялық топтардың басқа да этникалық/этноконфессиялық топтарға және олардың өкілдеріне толерантты қатынасы жоғары деңгейде. Сонымен жастар арасында ешқандай кемсітушілік байқалмады.
- Жастардың арасында өзге діндерге құрметпен қарайтындығы анықталды. Сонымен өзге ұлттарға деген құрмет байқалды.

Жаңа қауіпсіздік сын-қатерлерінің алдында этникалық және діни сәйкестік мәселесі елдегі және әлемдегі саяси өзгерістерге барынша назар аударатындардың бірі болып табылады. Жастар арасында, әсіресе оның әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары әлеуметтік бағытында ілгерілетілген бөлігінде этникалық және діни сәйкестіктердің таралуын ынталандыратын себептерді түсіну үшін бұл жағдайды есепке алу ақпараттық негіз қалыптастыру қажеттілігін өзектендіреді. Бұл мемлекеттік жастар саясаты құралдарының көмегімен этникалық және діни сәйкестік азаматтыққа кедергі келтірмейтін, оның органикалық қосымшасы болатындай жағдай жасауы үшін қажет. Егер жүргізіліп жатқан мемлекеттік жастар саясатының мақсаты жастардың азаматтық қауымдастыққа бірігуі болмаса, онда Қазақстан этникалық және діни сәйкестіктерінің перманенттік конфликт аймағына айналуға тәуекел етеді, ол өкінішке орай, әрдайым толерантты пікірталас түрінде өте бермейді. Қазіргі уақытта қазақ этносы өзінің ішінде де бір ортақ қоғам болып табылмайды және этикалықтан тыс желілер бойынша (мысалы, кедейлер мен байлардың алшақтығын анықтайтын экономикалық), сондай-ақ әрбір этносты анықтау үшін маңызды болып табылатын (мысалы, мәдени-символдық) белгілерді қозғайтын ішкі этностық желілер бойынша да бөлінеді. Бүгінгі таңда қазақ жастарының этноұлттық сана эволюциясының мүмкін бағыттары белгісіз болып көрінеді. Ол үшін елдегі жағдайға мемлекеттің қажетті түрде әсер ету қабілетін арттыру қажетсіз девиациялардың (ауытқулардың) алдын алу үшін

жастардың этноұлттық санасы эволюциясының ұлтқұрушылықтың модалдық бағытымен үйлесімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін реттеуші тетіктерді жедел қосуды (жүйелі режимде) талап етеді.

Қорытынды

«Қазақстан мысалындағы әлеуметтік-мәдени конфликтілердегі діни фактор» атты тақырыпты арнайы зерттеуде алға қойған мақсат пен міндеттерге сай жұмыстар атқара отырып, мынандай нақты тұжырымдарды анықтадық. Бірінші тарауды әлеуметтік-мәдени конфликтілер теориясы мен әдістемесіне арнай отырып, 1.1. бөлімде конфликт ұғымы мен типологиясын және діни конфликт ерекшелігін нақтыладық. Ол бойынша «конфликт» – бұл жеке тұлғалардың немесе қоғамдық күштердің, кем дегенде екі тараптың мүдделерінің, көзқарастарының, қарама-қарсы тұруы, қақтығысуы, қарсыласуы түрінде өтетін өзара іс-қимыл. Оны өрістету үдерісінде іс-әрекеттер мен қарсы әрекет орын алады, өйткені конфликтіге қатысушылардың ниеттерін жүзеге асыру басқа тараптың ісіне араласумен, оған белгілі бір залал келтірумен, қарсыласуды еңсерумен, қойылған мақсатқа қол жеткізуге кедергі келтіретін тосқауылдар жасаумен сөзсіз ұштасады. Қарама-қайшылықтар туралы алғашқы ілім және олардың заттардың пайда болуындағы рөлі Ежелгі Грецияда пайда болған. Конфликттер көріну салалары бойынша негізі өндірістік-экономикалық қайшылықтар болып табылатын өндірістік-экономикалық; көзқарастар қарама-қайшылықтары негізінде жататын идеологиялық; әлеуметтік саладағы қайшылықтар себебінен туындайтын әлеуметтік-психологиялық, сондай-ақ адам психикасының ерекшеліктеріне байланысты туындайтын әлеуметтік-психологиялық және отбасылық және тұрмыстық қатынастардағы қайшылықтарды көрсететін отбасылық-тұрмыстық конфликтілер болып бөлінеді. Ауқымы, ұзақтығы және шиеленісуі бойынша: жалпы және жергілікті; жылдам ағатын, қысқа мерзімді, жеке тұлғаның жеке психологиялық ерекшеліктері негізінде туындайтын, олар конфликтке қатысатын тараптардың агрессивтілігімен және аса дұшпандығымен ерекшеленеді. Терең қайшылықтар болған кезде туындайтын ұзақ шиеленіскен, ұзаққа созылған; өте өткір қарама-қайшылықтар негізінде туындайтын немесе тараптардың бірінің пассивтілігімен байланысты әлсіз байқалатын және «баяу ағатын»; үстіртін себептерге байланысты туындайтын әлсіз байқалатын және «тез ағатын», олар эпизодтық сипатта жүреді. Конфликттік өзара іс-қимыл субъектілері бойынша конфликтілер мыналарға бөлінеді: қарама-қарсы бағытталған имманентті жеке себептердің соқтығысуына байланысты тұлғааралық; екі тұлғаның мүдделерінің қақтығысуы кезінде тұлғааралық; бір жағынан жеке тұлға, екінші жағынан – топ бір-біріне қарама-қарсы тараптар болып табылатын тұлғааралық-топтық; екі әлеуметтік топтың мүдделерінің қақтығысуы кезінде туындайтын – топаралық. Конфликт мәні бойынша нақты (мәндік), анық мәні бар және нақты мәні жоқ немесе тек бір тарап үшін өмірлік маңызы бар мәнді нақты (пәндік) конфликтілерді ажыратады. Бұған қоса, діни конфликтілердің басым бөлігі жататын түрлерді атап көрсеттік: 1. Басқа діндегі ірі этностардың немесе діни қауымдардың саяси автономиясын немесе толық бөлінуін талап

ету негізінде жатқан автономиялық немесе сепаратистік конфликтілер. Мұндай конфликтілерде дін ұлттық мемлекеттің идеясына сүйене отырып, этнобіріктіру функциясын атқарады. 2. Ұлттық-ирредентистік (итал. «ирредента» - «босатылмаған») конфликтілер, көші-қон үдерістері, мемлекеттік шекаралардың өзгеруі және т.б. себептерінен туындаған, бірнеше көршілес мемлекеттердің аумағы арқылы шашылған халықтың бірлескен ұмтылыстары нәтижесінде болған конфликтілер. 3. Діни-қауымдық конфессиялық конфликтілер бір мемлекеттің шекарасында, әртүрлі дінді ұстанатын діни топтар арасында немесе бір дін шеңберінде әр түрлі бағыттар мен секталар арасында орын алады. Конфессиялық біртекті елдерде әр түрлі толқындар мен секталарды жақтаушылар мемлекеттік дін өкілдері немесе үстемдік ететін діни бағыт (түсіндірме), секталар тарапынан олардың құқықтарына қысым жасауға қарсы күреседі. 4. Діни-абсолюттік конфликтілер бір дінді абсолюттендіру және одан туындайтын басқа конфессиялық топтарға діни төзбеушілік негізінде пайда болады. Мұндай конфликтілер таза түрде болмайды; қандай да бір дін мен діни төзбеушілікті абсолюттеудің себептері әрдайым саяси сипатқа ие. 5. Милленаристік конфликтілер қандай да бір «мессия» басқаратын және ғажайып құралдарымен толық әлеуметтік өзгерістерді уәде ететін ұжымдық қозғалыстар болып табылады. 1.2 бөлімде әлеуметтік-мәдени конфликтілерді зерттеудің классификациясы мен негізгі нысандарын анықтадық. Ол бойынша «Әлеуметтік конфликт» шешуді талап ететін әлеуметтік мәселенің туындауына байланысты нақты әлеуметтік жағдайда қалыптасады және шешіледі. Ол белгілі бір себептері, өзінің әлеуметтік тасымалдаушылары (жіктер, ұлттар, әлеуметтік топтар және т.б.) бар, белгілі бір функцияларға, ұзақтығы мен шиеленісуге ие екенін нақтылады. Әлеуметтік-мәдени конфликтілердің классификациясын былай анықтап көрсеттік: А) Этникалық фактордың әсерінен туындайтын конфликтілер, оларға қосылған әлеуметтік мүдделер саласына сәйкес этносаяси, этноконфессиялық, этносаралық және т. б. санаттар жатады. Ә) Діни фактордың әсерінен туындайтын конфликтілер, негізінен түрлі діндер арасындағы конфликтілер, оларға не дін мен мемлекет арасындағы қайшылықтар, не конфессия ішіндегі қайшылықтар жатады. Б) Өркениет факторының әсерінен пайда болатын конфликтілер бүкіл жаһанданған әлемнің әлеуметтік-мәдени кеңістігін қамтиды және батыс пен шығыс, оңтүстік пен солтүстік арасындағы, жаһандану қаупі мен дәстүрлік ұстаным арасындағы, техногендік өркениет пен әлемнің мәдениеті арасындағы қарама-қайшылықтан тұрады. Әлеуметтік-мәдени конфликтілер көрініс табатын нысандары ретінде мына жағдайларды талдап көрсеттік: 1. Түсіндіру конфликті ретінде, яғни мәдениеттің базалық негіздеріне сәйкессіздік ретінде түсіндірілетін қазіргі және өткен фактілер арасындағы конфликт. 2. Нормативтік-құндылық конфликті ретінде, яғни мәдени зиянды құбылыс ретінде қабылданатын жергілікті және шетелдік мәдениет арасындағы қақтығыс. 3. Технологиялардың, экономиканың, саяси жағдайлардың өзгеруі әсерінен

өмір салтын жаңарту болған кезіндегі депривациялық конфликт ретінде (өзгермейтін немесе баяу өзгертін мәдениет шеңберінде). Кенеттен пайда болған жаңа іс-әрекеттер ескі, дәстүрлі мәдениетпен қақтығысқа түседі. 4. Мәдениеттің тарихи эволюциясынан туындайтын өркениеттік конфликт ретінде оның архаикалық пішінінен қазіргі заманғы түріне дейінгі. 5. Егер мәдениеттің әртүрлі сегменттері әртүрлі даму қарқынына ие болса, конфликттердің мәдениетшілік қайнар көздері де болуы мүмкін. 2.

Тарауды жаһандық және отандық үдерістердегі әлеуметтік-мәдени конфликтілердің орны деп ала отырып, 2.1. бөлімде әлеуметтік-мәдени конфликттерді тудыратын факторларды зерттеу объектісі ретінде қарастырдық. Нәтижесінде этникалық фактордың ықпалымен туындайтын конфликтілер, оларға қосымша әлеуметтік мүдделер категориялары этносаяси, этноконфессиялық, этникааралық және т. б. жататынын кең тарқаттық. Діни фактордың әсерінен туындайтын конфликтілер астарында негізінен түрлі діндер арасындағы конфликтілер, не дін мен мемлекет арасындағы қайшылықтар, не конфессия ішіндегі қайшылықтар жататынын дәлелдедік. Өркениет факторының әсерінен пайда болатын конфликтілер бүкіл жаһанданған әлемнің әлеуметтік-мәдени кеңістігін қамтитынын, батыс пен шығыс, оңтүстік пен солтүстік арасындағы, жаһандану қатерлері мен дәстүрлі ұстанымдары арасындағы, техногендік өркениет пен әлемнің мәдениеті арасындағы қарама-қайшылықтан тұратынын айшықтадық. 2.2. бөлімде Қазақстан Республикасында орын алған әлеуметтік-мәдени конфликтілер динамикасы қарастырыла отырып, тәуелсіздіктен бергі жылдардағы әлеуметтік-мәдени ортадағы негізгі конфликтілерге талдау жасадық. Атап айтқанда, әлеуметтік теңсіздік, ұлтаралық қақтығыстар, субмәдениеттер, тіл және т.б. Ғылыми жұмыстың 3. тарауы Қазақстан Республикасында әлеуметтік-мәдени конфликтілердің алдын алу және дін факторы деп атала отырып, 3.1 Қазақстан Республикасында дін факторының ықпалымен туындаған әлеуметтік-мәдени конфликтілерді талдадық. Ол бойынша дін факторы негізінен мына салаларға ықпал етіп, түрлі конфликтілердің туындауына жол ашқан: білім, спорт, өнер, мәдениет, құқық, денсаулық, мемлекеттік басқару, мүліктік қатынастар, неке- отбасы. Аталған салаларда дін факторымен конфликттердің пайда болуына Иегова куәгерлері, Саентология, Салафиттер, Хизбут Тахрир, Зікіршілер секілді дәстүрлі емес діни ағымдардың ықпалы болғанын ашық көрсеттік. 3.2 бөлімде Қазақстан жағдайында діни негізде әлеуметтік-мәдени конфликтілердің алдын алу жолдары ретінде қабылданған заңдар: терроризм, экстремизмге қарсы, діни наным сенім бостандығы және діни бірлестіктер, діни қызмет және діни бірлестіктер және мемлекеттің дін саясатын жүргізудегі тұжырымдамасы, оған қоса, әлеуметтік желілердегі мониторинг, дінаралық диалог, толеранттылық, ұлттар татулығы секілді мемлекет саясатына талдау жасадық.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. https://studopedia.ru/10_253244_kakovi-bili-nauchnie-vozzreniya-na-konflikt-v-drevnie-vremena.html.
2. Ворожейкин, И.Е. и др. 2013. Конфликтология. Под ред. А.Я. Кибанова. М., НИЦ ИНФРА, 240 с.
3. Философия. Под ред. В.П. Кохановского.-Ростов н/Д., 1997.-36-59 с.
4. Антонов Е.А. История философии: Курс лекций. Белгород, 2000.-63 с.
5. Смит А. Исследование о природе и причинах богатства народа. М., 1993.-98 с.
6. Сафьянов В.И. Этика общения: проблема разрешения конфликта. М., 1997.-101-104 с.
7. Darendorf R. The Modern Social Conflict. L., 1958.p-87.
8. Международный журнал социальных наук.//М.:Наука1996. №12.- С.10.
9. Социологическое исследования. 1997. №3.-24-36 с.
- 10.Здравомыслов Л.Г. Социология конфликта. М., 1996.-127-139 с.
- 11.Ним Е.Г. Специфика проявления конфликтности и деструкции в религиозной жизни общества. Автореферат диссертации кандидата социологических наук.-Барнаул, 1999.-9-16 с.
12. Нуруллаев А.А. Проблемы диалога религий в эпоху глобализации.// Вестник Российского университета дружбы народов. 2001. №3.-С.28-35.
13. Основы религиоведения (под ред. И. Н. Яблокова). М., 2006.-62, 83-84 с.
14. История религии. В 2 т. (под общ. ред. И. Н. Яблокова). Т. 1 М., 2002. 107 с.
15. Вебер М. Избранные произведения. М., Прогресс, 1990.-61-65 с.
16. Гараджа В.И. Социология религии. М., 1995.-89 с.
17. Васильев Л.С. История религий Востока. М., 1998.-63 с.
18. Моска Г. Правящий класс//Социологические исследования. 1994. № 12.-94 с.
19. Самыгин С.И., Нечипуренко В.И., Полонская И.Н. Религиоведение: социология и психология религии. Ростов-на-Дону; «Феникс», 1996. 672 с.
20. Вейнберг И.П. Рождение истории. М., 1993.-186 с.
21. Нуруллаев А.А. Ислам и политика; Ислам в России//Религии народов современной России: Словарь. М., 1999.-69 с.
22. Зеркин Д.П Основы конфликтологии (курс лекций). Ростов-н/Д.1998. -43 с.
- 23.Потемкин М. Конфликтовать нельзя договориться//http://page.iarل.ru/konfliktovat-nelzyadogovoritsya/#more_3337.12.10.2016.
- 24.Николаев В.Г. Культурология XX век. Энциклопедия.//http://yanko.lib.ru/books/cultur/culturology20century2volumes1998sl.htm#_Тoc299572197.
25. Бабосов Е.М. Основы конфликтологии. Минск, 1997.-55 с.
26. Социологический словарь. Минск, 1991.-80 с.
27. Запрудский Ю.Г. Социальный конфликт. Ростов на Дону, 1992.-54 с.

28. <https://psyera.ru/4368/evolyuciya-nauchnyh-vozzreniy-na-konflikt>.
29. Дюркгейм Э. Самоубийство: социологический этюд.-М.:Мысль, 1994. - 237 с.
30. Шемякин Я.Г. Этнические конфликты: цивилизационный ракурс// Общественные науки и современность, 1998,-№ 4. -С. 50.
31. Данилевский И.Я. Россия и Европа.-М.: Книга, 1991.-574 с.
32. Ерасов Б.С. Проблемы самобытности незападных стран/Вопросы философии. 1987. № 6.-111–122 с.
33. Хантингтон С. Столкновение цивилизаций/С. Хантингтон; Под общ. ред. К. Королева; Пер. с англ. Т. Велимеева, Ю. Новикова. – М.:Изд-во АСТ, 2003.-603 с.
34. Драгунский, Д. Гражданская война цивилизаций//Космополис. 2003. Лето. №2.
35. Фукуяма Ф. Доверие. Социальные добродетели и созидание благосостояния. – Цит. по: Мировая экономическая мысль. Сквозь призму веков/В 5-ти томах. – М.: Мысль, 2004. Т.4. Век глобальных трансформаций.-942 с.
36. Мюрдаль Г. Азиатская драма: исследования бедности народов. – Цит. по: Мировая экономическая мысль. Сквозь призму веков/В 5-ти томах. – М.: Мысль, 2004. – Т.4. Век глобальных трансформаций.-358 с.
37. Бжезинский З. Выбор. Мировое господство или глобальное лидерство/Пер. с англ.-М.: Международные отношения, 2006.-288 с.
38. Проблемы управления в сфере межнациональных отношений (предпосылки и формы разрешения межнациональных конфликтов)/ под ред. С.И. Замогильного. Саратов: Изд-во Поволж. акад. гос. службы, 1998.-260 с.
39. <http://ecsocman.hse.ru/data/983/017/1220/1-Shtompka.pdf>.
40. Глухова, А.В. Социально-культурный конфликт как фактор современного политического процесса / А.В. Глухова//Логос. 2005.- №4.-191 с.
41. Штомпка П. Социология социальных изменений/Пер, с англ под ред. В.А. Ядова.-М.:Аспект Пресс, 1996.-416 с.
42. Авксентьев В.А. Этнические конфликты: история и типология //Социологические исследования. 1996. №12.-43-48 с.
43. Лучшева Л.В. Современные концепты причин этнических конфликтов//Вестник экономики, права и социологии, 2015. №1.-206-209 с.
44. Гуськов А.Я, Алексеев С.В, Говядкин И.Е. Конфликтология.-М.: Проспект, 2013.общ.-176 с.
45. Касымова Р.Ш. Национальная политика и этнические отношения. Алматы. -2000.-199 с.
46. Мусаев К. Грамматика караимского языка.-М., 1985.-276 с.
47. Л.Н. Гумилев. Древняя Русь и Великая степь.-М., 1999.-415 с.

48. I. Әлемдік философиялық мұра, «Даур» баспасы, Алматы. – 2008, 17-том. – 511 б.(479 бет); II. Өркениеттер қақтығысы. Аударған Мыңбай ІЛЕС / Мәдениет, № 3 (19) Наурыз.2008.-11б.
49. Винокуров В. В., Забияко А. П., История религии: в 2 т. Т. 1. М.: Высш. Шк. 2013.-464 с.
50. Нысанбаев Н.А. Религия в политике и культуре современного Казахстана. Астана. Елорда, 2004.-63-74 с.
51. Маркс К., Энгельс Ф. Соч. Изд. 2-е. Т. 7. М., 1956.-361 с.
52. аль-Атмас М.Н. Сейд. Введение в метафизику ислама. Изложение основополагающих элементов мусульманского мировоззрения. М.; Куала Лумпур, 2001.-13 с.
53. Евразийство. Опыт систематического изложения//Пути Евразии. Русская интеллигенция и судьбы России.-М., 1992.-432 с.
54. Хантингтон С. Столкновение цивилизаций//Поис. 1994. №1.-С. 40.
55. Зеленков М. Ю. Религиозные конфликты: проблемы и пути их решения в начале XXI века (политико-правовой аспект). Воронеж: Воронеж. гос. ун-т, 2012.-13–14 с.
56. Шлымова Г. Е. Религиозная толерантность как фактор интеграции современного общества.//<http://www.embkaztm.org/article/140>. 25.10.2017.
57. Акарай С. Мусульманская схоластика и попытки христианизации в Казахской Степи//Адам Әлемі-Мир человека, 2002,-№1.
58. Тишков В. А. этномәдени процестер мен этникалық саясат. // http://www.valerytishkov.ru/cntnt/publikacii3/kollektivn/kollektivn3/bolshaya_r.html. 10.10.2017.
59. Бубер, М. Я и Ты/М. Бубер. М.:Высш. Шк.1993.-175 с.
60. Бергер П., Лукман Т. Социальное конструирование реальности. – М.: Медиум, 1995.-323 с.
61. Брубейкер Р. Этничность без групп. М.: Издательский дом «Высшая школа экономики», 2012.-408 с.
62. Deutsch K. Nationalism and Social Communication. New York, MIT Press, 1953.
63. Геллнер Э. Нации и национализм.-М.:Прогресс, 1991.-126 с.
64. Robertson R. 1992. Globalization: Social Theory and Global Culture. saGe. 211 p.
65. Многоликая глобализация. Культурное разнообразие в современном мире. Под ред. П. Бергера, С. хантингтона; пер. с англ. В.В. Сапова. 2004. М.:Аспект Пресс.-379 с.
66. Appadurai A. Modernity at Large. Cultural Dimensions of Globalization. Minneapolis, University of Minnesota, 1996.
67. Huntington s. 1996. The Clash of Civilizations and the Remaking of World Order. n.Y.: simon & schuster.-367 p.
68. По следам законопроекта Минкульту РК о «казахизации»... Происходит «моральное избиение» людей, не знающих госязыка// Сайт «Русские в Казахстане». www.RussiansKz.Info. Последнее обновление 10.08.2011.

69. Кадыржанов Р.К. Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014. 168 с.
70. Религия и этнос в казахстанском обществе/Г. Телебаев, А. Омирсеитова, Д. Мельников, Ю. Жулин.-Астана: Елорда, 2004.-С. 223.
71. <https://www.referat911.ru/Literatura/aza-tln-azrg-zhadajy/582125-3420455-place1.html>.
72. <https://alashainasy.kz/society/2019-jyil-kanday-okigalarmen-este-kaldyi-132605/>.
73. «Қазақ-дүнген қақтығысы»: ресми деректер мен Масаншы трагедиясының мән жайы.//<https://qazaqtimes.com/article/74750.8.02.2020>.
74. <https://rus.azattyq-ruhy.kz/interview/7110-eto-zabota-imamov-a-ne-chinovnikov-kto-razdul-konflikty-s-prikhozhanami>.
75. Әуезов М.М. Иппокрена. – Алматы: Жібек жолы, 1997.-37 с.
76. <https://surak.baribar.kz/397040/>.
77. «Ер төстік» мультфильміндегі каннибализм: Ертегіні бұрмалаған кім? <https://qamshy.kz/article/48203-er-tostik-multfilmindegi-kannibalizm-ertegini-burmalaghan-kim> (дата 28 мамыр 2019 жыл).
78. Бұл-Абайдың емес, Жамбылдың домбырасы! Алмахан Мұхаметқалиқызы. <https://abai.kz/post/112448>. 13.05.2020.
79. ҚР Президентнің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы.//http://www.akorda.kz/ru/page/page_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaevanarodu-kazakhstana-14-dekabrya-2012-g_1355499089.
80. Меняющаяся молодежь в меняющемся мире: взгляд изнутри: Сборник научных трудов международного молодежного научно-практического форума/ под общей ред. д.п.н., проф. С.С. Досановой, д.п.н., д.с.н., проф. А.Н. Тесленко.-Кокшетау: КУАМ, 2013.-С. 256-259.
81. Балаева А.Г. Еңсесі асқақ Елорда өзінің бірінші мүшелерінен шығуға жақын.//Ақиқат, 2010. №7.-22 б.
82. Прохоров, А. 1969-1978. ‘Үлкен Кеңес энциклопедиясы’.-Москва, 30 т. 3-4 басылым,-264-269 бб.
83. Ушаков, Д. 2000. ‘Орыс тілінің түсіндірме сөздігі’.-Москва, 4 т. Репринттік басылым,-137 б.
84. Ожегов, С. & Шведова, Н. 2005. ‘Ожеговтың түсіндірме сөздігі’. Москва.-201-202 с.
85. Бернейс, Э. 2010. ‘Пропаганда’. Москва, Hippo Publishing LTD, 59.
86. Быков, И. & Филатова, О. ‘Технологии Веб 2.0 и связи с общественностью: смена парадигмы или дополнительные возможности’?//Вестник Санкт-Петербургского университета. 2011.Сер. 9, - №2, -С. 226-237.

87. Невоструев, П. 2014. 'Smart учебники в smart образовании. Новая парадигма контента'.//<http://www.slideshare.net/pnevostruiev/smartcongress>. 25.04.2014.
88. Невоструев, П. 2011. 'Возможности создания и использования интерактивных мультимедийных учебных материалов с помощью технологий SMART'.//<http://leater.com/RU/publications/10364/> (дата обращения. 30.03.2011).
89. Махфуз, М. 2007. 'Діннің қоғамдағы орны. Аль-Фараби – Абай: проблема премственности'. Материалы международной научной конференции. Алматы, Қазақ университеті,-Б.28-31.
90. Дербісәлі, Ә. 2008. 'Біздің ұстаным: бір дін, бір мазһаб, бір ұлт, бір тіл және халықтың ынтымағы'. Айқын, - №26, 3-5 бб.
91. Tutinova, N. i dr. 2018. 'Ethnic and religious tolerance is the important factor of sustainable development of the company (experience of the Republic of Kazakhstan)'.//Адам әлемі,-№4 (78), p.148.
92. Трофимов Я.Ф., Канаев С.З. О некоторых проблемах противодействия религиозному экстремизму. –Караганда, 2013.-8-11 с.
93. The parliament of Kazakhstan adopted the bill of religious activity// <http://www.bnews.kz/ru/news/post/59386/>.17.03.2012.
94. Wahhabism//<http://www.ru/school/religion/islam/wahhabism/>. 7.03.2012.
95. Суинова А.С., Газизов Т.Ж. Религиозный экстремизм и терроризм в Республике Казахстан: Ивент-анализ 2011 года//http://www.rus.azattyq.org/content/aktobe_shubarshi_temir_district_kazakh_police/24254389.ht..
96. Четверым заключенным удалось бежать из колонии в Балхаше. <http://www.diapazon.kz/kazakhstan/kaz-incidents/39142-chetverym-zakljuchennym-udalos-bezhat-iz-kolonii.html>.
97. In a building of the Prosecutor General's Office of Kazakhstan looked for a bomb// <http://www.prokuror.kz/rus/bm/main/novosti/?rid=4131>. 12.03.2012.
98. <https://informburo.kz/cards/chem-zanimaetsya-nedavno-sozdannoe-ministerstvo-po-delam-religiy-i-grazhdanskogo-obshchestva-.html>. 17.10.2016.
99. «Об осуждении к приготвление к террористическомку акту» //<http://knb.gov.kz/ru/news/ob-osuzhdenii-za-prigotovlenie-k-terroristicheskomu-aktu>. 11.10.2019 г.
100. «Ислам және өркениет». 2016.
101. «Бақара» сүресі, 191-аят.
102. «Отказ от вакцинации детей стало больше». 17.10.2017.
103. Бекболат Қаржан. «Мешіттердегі арабшылдық қазақтың болмысын жалмап барады».//<https://dalanews.kz/49982>». 5.02.2020.
104. С. Тәжібаев. «Исламда отбасын сақтау және ажырасу». <https://www.muftyat.kz/kk/articles/islam-and-society/2014-07-26/21427-islamda-otbasyin-satau-zhne-azhyirasu/>. 26.07.2014.
105. Қазақстанның тарихи және рухани-мәдени дамуындағы діннің рөлі: дәстүр және қазіргі заман. Ұжымдық монография//З.К. Шаукенова және

- С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен.-Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2016.-360 б.
106. <http://aktobe.gov.kz> Ақтөбе облысы әкімдігінің ресми сайты.
107. Амангелді Айталы. «Амангелді Айталы: салафизмге тыйым салынбауы оларға рұқсат берілді деген сөз емес (видео)».<https://qamshy.kz/article/22056-amangeldi-aytaly-salafizmge-tyuum-salynbauy-olargha-ruqsat-berildi-degen-soz-eme>. 11.04.2017.
108. Шырмауық. Қазақстанда діни идеологияның алғашқы қақтығысы. <https://adyrna.kz/post/25377>. 26.10.2019.
109. Кильмашкина Т.Н. Предупреждение социального конфликта как элемент управления им//Труды Академии управления МВД России. 2015. №1 (33). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/preduprezhdenie-sotsialnogo-konflikta-kak-element-upravleniya-im>. 23.05.2020.
110. Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы заңы//Қазақстан Республикасы жоғарғы кеңесінің жарлығы.-Алматы, 1992. №4.-76.
111. Шахновская, О. Государственно-правовое регулирование деятельности религиозных объединений в Республики Казахстан, монография, Караганды 2013. 238 с.
112. http://old-site.karlib.kz/strategia_kazakstan_2050_kaz.pdf.
113. Об утверждении Концепции государственной политики в религиозной сфере Республики Казахстан на 2017 - 2020 годы Указ Президента Республики Казахстан от 20 июня 2017 года № 500.
114. Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы// <http://www.adilet.zan.kz>.
115. Ж.Нуршаихова. Гражданское общество как двигатель страны. <https://strategy2050.kz/ru/news/grazhdanskoe-obshchestvo-kak-dvigatel-razvitiya-strany/>. 02.05.2020.
116. Тутинова Н.Е. Исламның заманауи технологиялар арқылы насихатталуы.//Адам әлемі,-№3 (81),-Б.146.
117. Роль религии в культурном и социально-политическом развитии Казахстана:Учебник как гуманитарно-диалогический проект// материалы круглых столов, посвященные проблемам роли и истории религий и исламской культуры в рамках международной научно-теоретической конференции «Духовная жизнь Казахстана: история и современность» / Под общ.ред. З.К. Шаукеновой и С.Е. Нурмуратова. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2015 – 460 с. – каз., рус.
118. Дауленова Ж.Б., Амангосов Е.К. Ценностные ориентации современной казахстанской молодежи (анализ на основе данных исследования).//<http://sibac.info/index.php/2009-07-01-10-21-16/398-2011-12-27-13-46-45>.
119. Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы заңы//Қазақстан Республикасы жоғарғы кеңесінің жарлығы.-Алматы, 1992 .-№4. -76.

120. Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңы//Егемен Қазақстан. - 2011, 14 қазан.-3б.
121. Концепция государственной молодежной политики Республики Казахстан до 2020 года «Казахстан 2020: путь в будущее» //http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1300000191. 03.11.2013.
122. Тутинова Н.Е. Қазақстандағы қазіргі діни ахуал: дін мен мемлекеттің арақатынасы. Хабаршы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. №1 (63). 2018. 203 б.
123. Тутинова Н.Е. «Этнорелигиозная идентичность как фактор интеграции в республике казахстан» // Центральная Азия и Кавказ. – 2019. Том 22. - №4. –С.175.
124. Опыт феноменологической реконструкции). Коллективная монография/Под общ.ред. А.Х. Бижанова – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2017. – 431 с.
125. Артюхович Ю.В. Толерантность-ценность культуры мира и межэтнического взаимодействия//Гуманитарные науки: межвузовский сборник научных статей. Часть I.-Караганда, ТОО «САНАТ-Полиграфия», 2009.С.-322.
126. Хабермас Ю. Когда мы должны быть толерантными? О конкуренции видений мира, ценностей и теорий//Социологические исследования. – 2006. № 1.-С. 45–53.
127. Головатая Л.В. Предпосылки актуализации и историкофилософский анализ феномена толерантности //www.superinf. ru.
128. Абуов А.П. Дінаралық диалог Қазақстандағы мәдениетаралық келісімнің негізі ретінде. «Ислам өркениеті және Қазақстандағы діни мәселелер» атты халықаралық ғылымитеориялық конференция жинағы. – Түркістан: Тұран, 2009.-Б.68
129. Нуртазина Н. Ислам в истории средневекового Казахстана – <http://fiimo.ucoz.kz/forum/11-65-1>.
130. Аюпов Н.Г. Ханафия және центральноазиатская культура//Мазхаб великого имама Абу Ханифы и современность: Материалы международной научно-практической конференции.-Алматы: Атамұра, 2009.-С. 128.
131. Бартольд В.В. Ислам и культура мусульманства.-М.:Издво МГУ. 1992. – С. 65.
132. Назарбаев Н. Қазақстан – 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. –Астана, 2011.
133. Шаяхметова М. Жоғары білім беру жүйесінде болашақ педагог маманның этникалық толеранттылығын қалыптастырудың моделі //Ұлт тағылымы. –Алматы, 2009. –Б.14-16.
134. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы. 1998.
135. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000070> .
136. <http://e-history.kz/kz/contents/view/873>

137. Joseph G. Bock (Bock, Joseph G. The Exercise of Authority to Prevent Communal Conflict. *Peace & Change*. 2001, Vol. 26 Issue 2, p187. 17p. 2 Diagrams. DOI: 10.1111/0149-0508.00187.
138. Godwin Ioratim-Uba (Ioratim-Uba, Godwin. Language, Ethnicity and Conflict: Applying Linguistic Measure to Prevent Ethnic Violence in Middle Belt Nigeria. *International Journal on Minority & Group Rights*. 2014, Vol. 21 Issue 4, p557-590. 34 p. DOI: 10.1163/15718115-02104006.
139. Rachel Brown Laura Livingston (Brown, Rachel; Livingston, Laura. A new approach to assessing the role of technology in spurring and mitigating conflict: evidence from research and practice.//*Journal of international affairs*. 2018. Special Issue,-Vol. 71,-p 77-86. 10 p.
140. Zembylas, Michalinos. Human rights and religious education in the contentious context of conflict-troubled societies: perspectives from human rights education. *Journal of Beliefs & Values: Studies in Religion & Education*. Dec 2014, Vol. 35 Issue 3, p303-314. 12p. DOI: 10.1080/13617672.2014.980118.